Мемлекеттік аттестаттау – мектепке дейінгі ұйым мен педагогикалық ұжымның қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкестігіне кешенді бағалау.

Мемлекеттік аттестаттаудың мақсаты мен мазмұны - мектепке дейінгі мекемедегі білім мен тәрбие мазмұнының, деңгейі мен сапасының Мемлекеттік білім стандартының талаптарына сәйкестігін белгілеу болып табылады.

1. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау барысында қолданылатын нормативтік құқықтық актілер

Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау келесі заңнамаларға сәйкес жүзеге асырылады:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59-бабы «Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бақылау»;

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы;

- «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы.

2. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестаттауға дайындық жұмыстары, өткізу барысы мен

балабақша қызметін бағалау

Мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының Тізбесі бекітіліп, Департамент сайттарына әр жылдың қараша айында орналастырылады.

Әдістемелік ұсынымдар мен тиісті жылға мемлекеттік аттестаттау тізбесіндегі білім беру ұйымдары облыстық білім басқармасына және білім беру ұйымдарына жолданады.

Сонымен қатар, балабақша тарапынан өзін-өзі бағалау құжаттары мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейін бір ай бұрын Департаментке ұсынылады.

Бағаланатын кезең соңғы екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы болып табылады. Осыған дейін 5 жылдың құжаттары сұралатын еді.

Онлайн форматта сауалнама жүргізу бойынша

Балабақшада онлайн сауалнама алынады. Атап айтқанда:

- балабақшаларда – педагогтер, мектеп-алды жастағы балалардың ата-аналары; мектепалды жастағы топтар болмаса – ересек жастағы балалардың ата-аналары;

- Сауалнамаға 90%-дан кем емес тұлғалар қатысуы міндетті болып саналады.

Осыған дейін сауалнама бару арқылы алынатын еді.

Мемлекеттік аттестаттау барысында балабақшалар ұсынатын құжаттар (балабақшаның ресми сайтында орналастырылады)

- Балабақшалар мемлекеттік аттестаттауға материалдарды ұсыну

барысында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды» басшылыққа алады. Аталған Әдістемелік ұсынымдар барлық білім беру ұйымдарына жолданған.

Балабақшалар Осы әдістемелік ұсынымдағы бірінші - бесінші қосымшаға сәйкес ұсынатын құжаттарын береді.

Олар:

- Өзін-өзі бағалау қорытындысы;
- Педагог кадрлармен қамтамасыз етілуі;
- Тәрбиеленушілер контингенті;
- Жабдықтармен қамтамасыз етілуі;
- Оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз етілуі.

Сонымен бірге, төмендегі мәліметтер беріледі:

- Қызметтің басталғаны туралы хабарлама;
- Педагогтардың білім туралы құжаттары мен қосымшалары;
- Педагогтардың штаттық кестесі (бағалау кезеңіне);
- Біліктілік санатын беру туралы бұйрықтар;
- Басшы және педагогтардың тиісті бейіні бойынша біліктілігін арттырғаны туралы мәлімет;
- Жұмыс оқу жоспарлары (бағалау кезеңіне);
- Жеке оқу жоспарлары (ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін, бағалау кезеңіне);
- Оқу бағдарламалары (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша);
- Перспективті жоспар (бағалау кезеңіне);
- Циклограмма (бағалау кезеңіне);
- Жабдықтар мен жиһаздардың тізбесі;
- Мониторинг нәтижелері (бастапқы, қорытынды, бағалау кезеңіне);
- Баланың жеке даму картасы (бағалау кезеңіне).

Сонымен қатар, балабақшалар Заңды тұлғаны тіркеу туралы анықтаманы, Басшыны тағайындау туралы бұйрықты, білім беру ұйымының Жарғысын, сауалнама нәтижелерін ұсынады.

3. «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары бойынша

Бағалау өлшемшарттарының:

- **бірінші** параграфы **мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту қызметін қамтиды, ол 9 өлшемшарттан** тұрады:

1. оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің үлгілік оқу жоспарының талаптарына сәйкестігі;
2. білім беру қызметінің үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламаларына сәйкес іске асыру;
3. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау
4. баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;
5. тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;
6. үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің болуы және талдау;
7. МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

8. балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

9. тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Бекітілген өлшемшарттардың соңындағы 1-қосымша балабақшаға арналған.

Сонымен бірге, мемлекеттік аттестаттау барысында балабақшаның қызметіне қатысты **Бағалау парағы** толтырылады.

Онда білім беру қызметтерін көрсету сапасының төрт деңгейі белгіленген:

балабақшалар үшін:

- егер балабақша қызметін бағалау барысында өлшеуіштер бойынша жалпы жиынтық бағасы 40-тан 45 балға дейін болса, балабақша қызметі «үлгілі» болып есептеледі;

-35-тен 39 бал жинақталса - **«жақсы»**,

-30 балдан 34 балға дейін жиналған жағдайда –**«жақсартуды қажет етеді»**,

- егер 30 балдан төмен бал жиналса – балабақша қызметі **«төмен»** болып есептеледі.

Осы жерде айта кету керек, егер, балабақша қызметінде Мемлекеттік білім стандартының талаптары бұзылғаны анықталған жағдайда, білім беру ұйымының

жалпы жиынтық бағасы 50 пайызға төмендейді.


4. Қорытынды

Бүгінгі күнде 2023 жылғы мемлекеттік аттестаттаудың тізбесіне енгізілген білім беру ұйымдары әдістемелік нұсқаулармен, оның қосымшаларымен қамтамасыз етілді. Департамент өзін-өзі бағалау жұмыстары жөнінде білім беру ұйымдарының сұрақтары болған жағдайда кез-келген уақытта әдістемелік көмектер жасауға дайын.

Департамент тарапынан онлайн-семинарлар, үздік балабақшалардың тәжірибесін тарату, түсіндіру жұмыстары мен бірқатар іс-шаралар жүргізілді.

Білім беру ұйымдарына өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысын сапалы түрде жасап, қосымшаларды толтыра отырып, білім беру ұйымының сайтына мерзімінде орналастыру ұсынылады.

Ақпараттың толық нұсқасын келесі сілтеме арқылы жүктеп аласыз: <https://cloud.mail.ru/stock/3Ba1ZGjDpDeBZisaZVLdop69/>





Дихамбаева Гульнар Батырбековна,
Қызылорда облысы,
оқу орталығының орынбасары

БАЛАБАҚША ПЕДАГОГТЕРІН ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОЛДАУДЫ ЖЕТІЛДІРУ - САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ НЕГІЗІ

Аңдатпа. Бұл мақалада мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асырудың маңыздылығы мен әдістемелік қолдау бағытындағы жұмыс барысы баяндалады.

Түйін сөздер: модель, әдістемелік қолдау, кері байланыс, ойын арқылы оқыту, құзыреттілік орталықтары, көшбасшылық, сапалы қызмет көрсету.

Мектепке дейінгі ұйым педагогтары - дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлай алатын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіру міндетін жүзеге асырады. Себебі, қазіргі техника мен технологияның дамыған заманында тәрбиелеу мен оқытудың алғашқы кезеңі балабақшадан бастау алып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мазмұнына түбегейлі өзгерістер үздіксіз енгізілуде. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру аясында Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты бекітіліп, соған сәйкес Үлгілік оқу жоспарлары мен Үлгілік оқу бағдарламасы қолданысқа енгізілді. Жаңа модельді жүзеге асыруға бағытталған іс-шаралар жоспары негізінде барлық өңірлерде тиісті жұмыстар қолға алына бастады [1].

Қызылорда облысының мектепке дейінгі ұйымдарының педагогтары үздік әлемдік тәжірибелерді ескере отырып жаңартылған мазмұнға енгізілген өзгерістерді сәйкес жұмыс жүргізуде. Облыста 680 мектепке дейінгі ұйым жұмыс жасайды. 160-мемлекеттік, 456 жекеменшік және 64 шағын орталықта 6160 педагог

қызмет атқарады. Меншік нысанына қарамастан балабақша педагогтарының жұмыс тәжірибелерімен танысу, оларға әдістемелік қолдау көрсету үшін Қызылорда облыстық оқу орталығы жанынан мобильді топ құрылған. Педагогтардың заманауи оқыту әдіс-тәсілдерін үйренуге бағытталған сұраныстары мен ұсыныс-пікірлері зерделеніп, қажетті қолдау жұмыстары жүйелі түрде ұсынылып отырады.

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес ерте жастан бастап балаларды толыққанды дамыту үшін олардың қимыл белсенділігін арттыру маңызды. Қимыл белсенділігі - ойын түрлерін енгізу, балаларды зерттеу-эксперименттер жасауға қызықтыру, танымдық белсенділікке баулу арқылы қалыптасады. Ол үшін әрбір ұйымда баланың қызығушылықтары мен жас ерекшеліктеріне қарай құрылған заттық-кеңістіктік дамытушы аймақтар жұмыс жасауы керек. Міне, осы өзекті мәселелер, бағдарлама мазмұнын жүзеге асырудың басым бағыттары онлайн-офлайн форматта мемлекеттік-жекеменшік балабақша мамандарымен жан-жақты талқыланып, кеңес беріліп, бүгінгі таңда тиісті жұмыстар қолға алынауда.

Ұлттық мектепке дейінгі педагогиканың негізін салушы педагог, ғалым Назипа

Құлжанова өз еңбектерінде ерте жастан баланы тәрбиелеу мен өсіруде ұлттық ойындардың маңыздылығын ерекше атаған. Сонымен бірге, балалардың айналаны білуге деген құмарлығын, сөйлеуге, сұрақтар беруге бейім болатынын, сол арқылы олардың ой-өрістері өсіп жетілетінін де айтқан. Қолданыстағы жаңа модельдің 26 және 34 тармақтарында да ойынның баланың қызығып араласатын негізгі әрекеті екені нақты айтылыпты. Яғни, тәрбиеші топтағы тәрбиеленушілердің негізгі дағдыларын ойын нысандарында іске асыруы тиіс делінген. Соған сәйкес бүгінгі таңда балабақша тәрбиешілері ұйымдастырылған іс әрекеттер барысында, серуенде, күннің екінші жартысында жүргізілетін жұмыстар барысында тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, ойын түрлерін қолдануға басымдық беріп, ойын арқылы оқытуға балаларды тарта бастады. Балалар үшін ойынға қатысу қызықты болғанымен, педагогтар үшін қиындықтар бар. Мысалы: «ойын алаңдарын» жабдықтау кезінде қауіпсіз, қолжетімді, әртүрлі, көпатқарымды және өзгермелі болуы керек деген талаптар қойылған. Немесе белгілі бір ойын шартын жүзеге асыру кезінде ойыншықтар, көрнекі-құралдар қажет. Және олар тәрбиеленушілерге жеткілікті болуы керек, себебі балалар таласып қалады. Сондай-ақ қауіпсіз болуы керек. Дегенмен, жоқтан бар жасай алатын, «қолынан бәрі келетін» біздің тәрбиешілеріміз, педагогтарымыз бұл қиындықтарды еңсеріп, өздерінің креативті идеяларын іске асыра отырып, жұмыс жүргізіп отырғаны бізді қуантады. «Педагогикалық идеялар» жәрмеңкесі немесе «Үздік лайфхактар» фестивалі сияқты шараларды жүйелі әрі жиі ұйымдастыру нәтижесінде небір көрнекі-құралдарды жасаған, ойлап тапқан ойлары озық педагогтарымызды көріп, таңғалып жатамыз. Олардың үздік идеяларын, лайфхактарын, көрнекіліктерін облыс көлемінде үлгі етіп ұсынып, жарнамалап отырамыз.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасында әр баланың

қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып оларды дамыту, әлеуетін ашу мақсаты көзделеді [3,4].

Соған сәйкес, жыл көлемінде өткізілетін практикалық семинарлар, вебинарлар, шеберлік сыныптары мен тағы басқа шаралар барысында (67 шара өткізіліп, оған 4710 педагог қатысқан) Үлгілік бағдарлама мақсатының жүзеге асырылуы назарға алынып, мектепке дейінгі ұйымдармен байланыс жасалынады. Ұсынылған жұмыстарға талдау жасалынып, материалдар зерттеледі. Әдіскерлер, тәрбиешілер мен арнайы педагогтар семинарға ұсынып отырған ұйымдастырылған іс-әрекеттер жоспарына немесе басқа да жұмыстарға кері байланыс ЗУМ платформасында немесе балабақша базасындағы дайындық жұмыстары барысында беріледі. Міндетті түрде алдын-ала талқыланып, ұсыныстармен толықтырылып отырылады. Ұйымдастырылған кіріктірілген іс-әрекеттердің стандарт талаптарына сәйкес болуы, инновациялық тәсілдердің енгізілуі басты назарға алынады [2].

Мектепке дейінгі ұйымдар арасында жүйелі түрде өткізілетін түрлі кәсіби байқаулар, фестивальдар, челленджер, семинар-тренингтер мен шеберлік сыныптарының нәтижесінде туындаған мәселелерді шешуге қабілетті көшбасшылар анықталып, бастамашыл педагогтарымыздың жаңалықтары фейсбук, инстаграм, ютуб әлеуметтік желілерінде жарияланады. Мұндай жұмыстардың жүргізілуі бәсекелестік ортаның қалыптасуына ықпал етіп, мектепке дейінгі ұйым педагогтарының кәсіби құзыреттілігін арттыруға жақсы мүмкіндік туғызып отыр.

Модельдің 44 тармағында...Педагогтер белсенді зерттеуші және балалармен жұмыс істеудің жаңанысандарын жасаушы, жаңашыл және жауапты болуға тиіс делінген [1]. Бұл дегеніміз, шығармашылық ойларыңызды жүзеге асырыңыз. Балабақшада еркін күн режимін жоспарлаңыз. Балалардың танымдық қызығушылықтарына қарай ойын түрлерін енгізіп, тәрбиелеу және оқыту

тәсілдеріңізді қалауыңызбен өзгерттіңіз. Осы аталған жұмыстардың нәтижесін көру үшін ата-аналарды да белсенді әрекетке тарту жолдарын қарастырыңыз дегені. Яғни шығармашылық ізденіске жол ашық. Ең бастысы, баланың алғашқы дағдыларын қалыптастыру және оны әрі қарай дамыту мектепке дейінгі ұйым педагогтарына жүктелген маңызды міндет екенін ұмытпай, түсінуіміз керек деп ойлаймын.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 1 шілдедегі №192 бұйрығына сәйкес құрылған 6 құзыреттілік орталықтары: «Бегім ана», «Айналайын», «Алпамыс», «Сыр шуағы», «Сыр бөбегі», «Алтын ұя» бөбекжай бақшаларының базаларында заманауи іс-тәжірибелер мен жаңашыл бастамалар насихатталып, инновациялық технологияларды қолданудың әдіс-тәсілдері ұсынылуда. Жыл көлемінде құзыреттілік орталықтарының заманауи тәжірибесімен офлайн-онлайн форматта 1545 педагог танысқан.

Өткізілген шаралардың негізгі мақсаты оқытудың кіріктірілген тәсілдерінің енгізілуіне, ойын түрлері арқылы оқытуға балаларды тартуға бағытталып отырады. Қорытынды бөлімдерінде қатысушылармен кері байланыс орнатылады. «Бетпелет», «Онлайн кеңес», «Менің білгім келеді...» айдарлары арқылы қатысушылар сұрақтарына жауап беріліп, талдау өткізіледі. Іс-тәжірибесі насихатталған педагогтар өздері ұсынған жұмыс жоспарларын қорғап, мақсат-міндеттерін түсіндіріп, күтілетін нәтиже барысын баяндайды. Көп жағдайда балабақша тәрбиешілері балалардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын

ескере бермейді. Тәрбиеленушілердің өз бетінше таңдау жасауына мүмкіндік берілмей қалады. Себебі педагог өзінің жоспарлаған әрекеттерін ғана орындатады. Сондықтан өткізілетін жоспарлы шаралар барысында мектепке дейінгі ұйым педагогтары мен әдістемелік орталық мамандары тығыз байланыста жұмыс жасап, әдістемелік семинарларда балалардың таңдау жасауына, олардың белсенді әрекеттер арқылы үйренуіне барынша ықпал жасайды. Түзетулер енгізеді, ұсыныстар береді. Сөйтіп, педагогтардың дұрыс әдістерді таңдауына, оны тиімді қолдануына бағыт-бағдар беріледі.

Қорыта айтқанда, мектепке дейінгі білім беру қызметтерінің сапасын жақсартуға баршамыз атсалысуымыз қажет. Ол үшін алдымен бізге жүктелген жауапкершілікті сезінуіміз керек деп ойлаймын. Стандарт талаптары мен Үлгілік бағдарлама мазмұнын педагогтардың жетік меңгеруі өте маңызды.

Ойын түрлері тәрбиеленушілердің дағдыларын дамытуға бағытталуы керек. Балабақша әдіскерлері осыған назар аудары тиіс. Әрбір педагог өз тәжірибесін жетілдіріп отырса, шығармашылық ізденіс үздіксіз болса, сонда ғана сапалы білім, жақсы нәтиже болатынына сенемін. Ал енді, мемлекеттік-жекеменшік балабақша тәрбиешілерінің, музыка жетекшілері мен дене шынықтыру нұсқаушыларының, арнайы мамандарының сұраныстары мен қажеттіліктеріне сәйкес әдістемелік жұмыс түрлерін жетілдіріп, саладағы жаңалықтармен дер кезінде таныстыру, қолдап отыру жұмыстарын әдістемелік орталық мамандары дамытып отыратын болады[5].

Қолданылған әдебиеттер:

1. ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі;
2. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
3. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу жоспарлары;
4. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы;
5. Н.Құлжанованың «Мектептен бұрынғы тәрбие» еңбегі.



Капакова Райхан Сабыровна,
Сайрам ауданы, Қарасу ауылы,
«МК-Аяулым» бөбекжай бақшасының әдіскері

ТӘРБИЕШІЛЕРДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІКТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

«XXI ғасыр - жаһандану, жаңа технологиялар мен инновациялар ғасыры, жаңаша ойлау ғасыры және болып жатқан өзгерістерге тың көзқарас ғасыры. Болып жатқан өзгерістердің серпіні мен өзара тәуелділігі білім беру жүйесіне жаңа көзқарасты талап етеді».

Мектепке дейінгі ұйымдағы әдіскердің міндеті:

- көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасына мониторинг жүргізу;

- педагог практикасындағы нақты мәселелерді анықтауда көмек көрсету;

- балаға арналған дамытушы бағдарламаларды ата-аналармен бірге таңдау мүмкіндігін ұйымдастыру;

- балаларды тәрбиелеу мен оқыту процесін әдістемелік сүйемелдеу;

- инновациялық тәсілдерді енгізуді жүзеге асыру;

- Ата-аналардың білім беру қызметтеріне қанағаттануын қамтамасыз ету;

- педагогтердің практикасын тәжірибе алмасуға, біліктілігін арттыруға, өзін танытуға мүмкіндік жасау арқылы жетілдіру;

Осы міндеттердің ішінде тәрбиешілермен жүргізілетін жұмысқа тоқталғалы тұрмын. Тәрбиешілердің белсенділіктерін айқындау мақсатында қажеттіліктерді анықтау тәсілдері қолданылды.

- Тәрбиешілермен сұхбат жүргізу.
- «Инновацияны дамытудағы кедергілер», «Сіз өз педагогикалық шеберлігіңізді қалай арттырасыз?»
- Тәрбиешілерге арналған дөңгелек үстелдер.

Сауалнама, дөңгелек үстел, пікір тыңдау нәтижесінде тәрбиешілерге цифрландыру бойынша көмек қажеттілігі анықталды.

(Цифрландыру-бұл қалаған нәтижеге қол жеткізудің құралы болыптабылады. Цифрлық білім беру жүйесі: ақпараттық ресурстар, басқару жүйесі, телекоммуникация.)

Тәрбиешілермен жұмысты күшейту мақсатында мектепке дейінгі ұйымда өзгерістерді жүзеге асыру миссиясы мен басымдықтарын анықтап алдым.

МИССИЯ: Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуда баланың өмірі мен дамуына ықпал ететін барлық факторларды ескере отырып, педагогтермен жұмысты қоршаған ортамен өзара ынтымақтастықта құру. Барлық ерекшеліктерді: әлеуметтік жағдайды, отбасы тарихын, елдің мәдени ерекшеліктері мен салт-дәстүрлерін, баланың мінез-құлқы мен ерекшеліктерін ескеру. Педагогтермен үнемі тығыз қарым-қатынаста болу және оларды белсенді оқыту процестеріне тарту.

БАСЫМДЫҚТАРЫ:

- 1) педагогикалық мәдениетін арттыру;
- 2) мектепке дейінгі ұйымның қызметін дамыту;
- 3) әр тәрбиеші тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнатуы;
- 4) балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру;
- 5) өзара түсіністік атмосферасын құру, мүдделердің ортақтығын, мектепке дейінгі

ұйымның тәрбиеленушілері мен педагогтері, ата-аналар арасында қарым-қатынасқа деген оң көзқарас пен тілектестікті қолдау;



Тәрбиешінің шеберлігін жетілдірудің тиімді жолдары: менторинг, коучинг, шеберсыныптар, семинар-практикумдар жоспар бойынша өткізілді.

Дамыту моделінің 4-тарауы, 52-тармағы бойынша «Қазіргі жағдайларда жұмыс істеу үшін білікті педагогтер даярлау» арналған іс-шаралар бойынша тәрбиешілердің белсенді оқыту процесерінетартып, нәтижесінде үштік одақ жұмысы жүзеге асырылып, «Тұтас бала» бейнесі қалыптасуда. Әр тәрбиеленушінің қызығушылығымен қажеттіліктерін ескере отырып, ойын түрлерін ұйымдастыру жүзеге асырылды. Ата-аналармен оқу жылында 3 рет сауалнамалар жүргізіліп, ашық есік күндері өтті. Салауатты өмір салтын қалыптастыруда спорттық сайыстар, ұлттық құндылықтарды насихаттау үшін қазақ ұлттық ойындары апталығы, балабақша ішінен әжелер бөлмесі ашылып, әжелеріміз ертегі кітаптарымен, ертегілерімен бөлісті.



Жас мамандардың «Өрлеу» біліктілікті арттыру курстарынан өтуді қамтамасыз ету; «Білім беруде трендтерді қолдану»; «Педагогтердің зерттеу, бақылау мәдениеттерін арттыруға» арналған дөңгелек үстелдер; «Педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз етуге арналған тренинг, кері байланыс, рефлексия»; Техникалық шығармашылық элементтерін құрастыру «Білім беру робототехникасы»; «Трендтегі педагог», «Үздік педагог», «Шығармашыл педагог» т.б. байқаулары.

Мақсаты: педагогтердің шығармашылық қабілетін дамыту, жекелеген факторлардың әсерін бағалау іс шаралар ұйымдастырылды. Педагогтермен үнемі қарым-қатынаста болу және олардың бойында өзін-өзі оқыту дағдыларын қалыптастыру, идеяларды әзірлеу және іске асыруды дамыту бойынша жұмыстар жүргізілді.

Нәтижесінде:

- Әріптестік қатынас күшейеді. Педагогикалық процес дамиды.
 - Өзара түсіністік атмосферасы құрылады.
 - Баланың игілігі үшін тілектестікті қолдайды.
 - Отбасымен ынтымақтастық нысандары кеңейеді. Бала бойында ұлттық құндылықтарымыз дариды.
- Тұтас бала бейнесі қалыптасады.

Зерделеу жұмыстарын жүргізуде негізге алынған материалдар

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы.

2. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығының «Мектепке дейінгі ұйымды басқарудың тиімді менеджменті» мектепке дейінгі ұйым басшыларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы.

Ақпараттың толық нұсқасын келесі сілтеме арқылы жүктеп аласыз: <https://cloud.mail.ru/stock/3Ba1ZGjDpDeBZisaZVLdop69/>



Ауезова Айжан Абилдаевна,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университетінің докторанты

ЗАТТЫҚ-ДАМУШЫ ОРТАДА БАЛАЛАР ІС-ӘРЕКЕТІН БАҚЫЛАУ САПАСЫН АРТТЫРУ - МДҰ САПАСЫН ЖАҚСАРТУДЫҢ КЕПІЛІ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасы – заттық кеңстіктік дамытушы ортасының дұрыс ұйымдастырылуымен тіркелей байланысты. МДҰ қызметінің сапасын бағалау өлшемшарттарының заттық дамытушы ортаны бағалауға бағытталуы мұның бірде бір дәлелі болып табылады.

Заттық дамытушы ортаны (бұдан әрі-ЗДО) аймақтандыруда біз басқа шетел балабақшаларының тәжірибелерін көре отырып жабдықтай аламыз. Қазіргі таңда

мемлекеттер арасында алшақтық жоқ. Бұрын шетелде шыққан зат бізге 15-20 жылдан кейін келетін. Ал қазір технологияның, туризмнің дамыған заманында ол алшақтық жойылды. Сол себепті де біз әлемдік балабақшалардың тәжірибелерін зерттеп, зерделеп, қажеттілерін өз тәжірибемізге енгізе аламыз. Мәселен, 1-кестеге назар аударайық. Бұл жерде әр мемлекеттің заттық дамытушы орталарының тізбесі берілген.

Кесте-1

Германия	Япония	Ұлыбритания	Франция	Италия
Конструкция және құрылыс аймағы	Сенсорлық аймақ	Дәстүрлер аймағы	Шығармашылық аймақ	Зерттеу аймағы
Экологиялық аймақ	Табиғат аймағы	Табиғат аймағы	Оқу аймағы	Шығармашылық аймақ
Шығармашылық аймақ	Өнер аймағы	Би және музыка аймағы	Ойын аймағы	Ғылыми жаңалықтар аймағы
Әдебиет және оқу аймағы	Конструкторлық аймақ	Ғылым аймағы	Ғылым аймағы	Дамалық ойындар аймағы
Музыка және би аймағы	Мәдени құндылық аймағы	Зерттеу аймағы	Физикалық белсенділік аймағы	Зерттеу аймағы
Ғылым және зерттеу аймағы	Музыка аймағы	Әдебиет және оқу аймағы	Табиғат аймағы	Музыка және қозғалыс аймағы
Спорт және белсенділік аймағы	Аспаздық аймақ	Аспаздық аймақ	Аспаздық аймақ	Әлеуметтік қарым қатынас аймағы
Аспаздық аймағы	Оқу аймағы	Шығармашылық аймақ	Музыкалық аймақ	Өнер аймағы
Технология аймағы	Белсенділік аймағы	Әлеуметтік дағдылар аймағы	Оқшаулану аймағы	
	Космос аймағы		Зерттеу аймағы	

(1-кесте) Шет елдік балабақшалардың ЗДО жобалау бағыттары және ондағы педагогтің рөлі

Кестеде көріп отырғанымыздай көрсетілген аймақтар біздің де балабақшаларымызда жұмыс жасауда.

Себебі, барлығымыз әлемдік тәжірибелерді зерделей келе жинақталып, әзірленген Ecers-R бағалау өлшемшарттарын қолданудамыз. МДҰ-дар педагогикалық процесті ұйымдастыруда сол құжатта көрсетілген критерийлерге сәйкес топтарын аймақтарға бөліп, жабдықтауда.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда заттық дамытушы ортаны зерттеу мен құру проблемалары қандай?

Бағдарламаның мақсатында көрсетілгендей, әр баланың жеке қызығушылығы мен қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған орта қалыптастыруда педагогтеріміз әртүрлі қиындықтарға тап болуда. 2-кестеге назар аударайық.

2-кесте

Балалардың еркін әрекет ете білуге дайын еместігі	2%
Жиһаздардың жеткіліксіздігі	3%
Көпсалалы аймақ құру қиыншылығы	5%
Әдіскер тарапынан бағыт бағдардың төмендігі	15%
Балабақшаның материалдық техникалық базасының жеткіліксіздігі	75%

(2-кесте) ЗДО құруда кездесетін қиыншылықтар

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша педагогтердің басым көпшілігі ЗДО ұйымдастыруда басты қиыншылық ол - балабақшаның материалдық техникалық базасының жеткіліксіздігі деп санайтындығын көрсетеді.

Дегенмен, балабақша топтарын жабдықтаудың халықаралық тәжірибесіне сүйенсек,

ол балабақшаның материалдық базасына ғана емес, педагогтың кәсіби біліміне тікелей байланысты.

Бұл дегеніміз біздің педагогтер әлі де ЗДО құрудың психологиялық және педагогикалық принциптерін, оған әсер ететін базистік компоненттерін, сонымен қатар ЗДО жобалаудағы өз рөлдерін толық түсінбегендігін көрсетеді.

Кесте-2

Мемлекет	Атаулары	Бағыты	Ерекшеліктері	Педагогтің рөлі
Германия	Ашық түрдегі балабақшалар.	"Кеңістік - үшінші педагог": ашық кеңістікті заманауи және инновациялық жобалауға бағытталған.	Балабақшада болған барлық уақыт ішінде тәрбиеленушілердің балабақша бойынша еркін жүріп-тұруы; балаларды жас топтарына бөлудің болмауы; балалардың бекітілген бөлмелерде міндетті түрде болуына қойылатын талаптар жоқ.	Әр бөлмеде педагог "бекітілген", ол осы бөлмедегі пәндік даму ортасын жүйелі түрде жаңартуды қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен бірге балаларға осы ортамен жұмыс жасау кезінде көмек пен қолдау көрсетеді.
Япония	Бөбекжай бақша хойкуэн.	Тәжірибеге бағытталған оқыту.	Топтағы заттар ересектерге арналған заттардың көшірмелері болып табылады. Балалардың өздері ыдыс жуып, арнайы бейімделген себеттерде түстен кейінгі тағамдарды тарата алады, көкөністер мен жемістерді кеседі.	Балаға қызметті таңдау еркіндігін қамтамасыз етеді.

Ұлыбритания	Бөбекжай мектептер.	Еркін тәрбиелеу.	Әртүрлі жабдықтар мен материалдар алуан түрлі.	Тұлғаны қоғамдағы белсенді рөлге дайындау үшін даму ортасы арқылы тәрбиелеу мен білім беру процесін байыту.
Франция	Аналар мектептері.	Функционалдық педагогика.	Эксперименттер мен шығармашылыққа, бастамашылық пен тәуелсіздік көріністеріне мүмкіндік.	Дамуды бағыттайды. Балалардың алған тәжірибесіне сәйкес ортаны өзгертеді.
Италия	Реджио балабақшалары.	Реджио педагогикасы.	Табиғи және әлеуметтік құбылыстар, адам жасаған заттар балабақшаларда бірлескен зерттеу объектісіне айналады.	Педагогтің оқу көмегі әр баланың бүгінгі қызығушылықтары мен қажеттіліктерімен анықталуы керек.

Кестеде көріп отырғанымыздай, балабақшалардың ЗДО сол бақшаның жұмыс бағытына сәйкес жабдықталады. Кейбір балабақшалар балалардың жас ерекшелігіне сәйкес әр түрлі бағыт бойынша жабдықтайды. Сонымен қатар, барлық балабақшаларда ЗДО өзгермелі болуы шарт екен.

Кейбір педагогтер ЗДО құрып, оны жүзеге асырғанда өз жұмыстарының жеңілдегенін айтады. Балалар өз қызығушылығы бойынша аймақтарда жұмыс жасап, өз қажеттілігін қанағаттандырып, өздерін еркін сезінгенін, тұйықтық мінездерінің ашылғандығын айтты. Сонымен қатар, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың өзін өзі ұстаулары мен өзін өзі дамытуы жақсарғанын айтады. Әрине, ЗДО да балалардың өз бетінше әрекет етулері педагог жұмысын жеңілдетеді. Дегенмен, халықаралық тәжірибе керісінше, педагогтің жұмысының күшейетінін көрсетеді. Қалайша? Яғни, педагог топтың ЗДО сол аптада балалардың меңгеруі қажетті дағдыларға сәйкес етіп апта сайын жаңартып отырады. Сонымен бірге әр баланың әр аймақтағы әрекеттерін бақылап, оны күн сайын бақылау парағына түсіріп отыруға міндетті. Бұл әр баланың білімін тексеріп, онымен алдағы жұмыс

траекториясын құруға, ата анасымен бірлесе жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Мәселен, Литва мемлекетінің Вильнюс қаласындағы мемлекеттік балабақшада педагог топ аймақтарын балалардың сол аптада меңгеруі қажетті дағдыларға сәйкес жабдықтайды. Әр аймақта әртүрлі тапсырмалар, ойындар әзірлейді. Келесі аптада басқа дағыларды меңгертуге арналған мүлдем басқа тапсырмалар, басқа ойындар, басқа көрнекіліктер, басқа материалдар әзірлеп қояды. Педагогтың бақылау парағы бір аптаға арналған. Бақылау парақта балалардың аты жөні мен әр аймақтағы тапсырмалар жазылған. Яғни педагог балалардың сол аймақтарда жұмыс жасауын және ондағы тапсырмаларды меңгергенін немесе меңгермегенін белгілейді. Осы бақылаудың нәтижесінде баламен жеке жұмыс жасап, ата анасымен тікелей байланысқа шығып отырады. Педагог ата анамен байланысын аптада балаға қажетті дағдыны ынтымақтаса меңгеруге бағыттайды.

Қазіргі таңда балалар үшін дамыту аймақтары ұтымды жұмыс атқару керек керек. ЗДО-да ұсынылған міндеттердің орындалуын педагог қадағалау керек.

Бақылау парағы (3-кесте)
Кесте-3

Балалардың заттық кеңістіктік дамытушы ортадағы іс-әрекетін бақылау парағы

	Балалардың аты-жөні	Дүйсенбі					Сейсенбі					Сәрсенбі					Бейсенбі					Жұма				
		1	2	3	4	5	1	2	3	4	5	1	2	3	4	5	1	2	3	4	5	1	2	3	4	5
1	Айнұр	+	+	+	-	-	+	+	+	+	+	-	-	+	+	+	+	+	-	-	+	v	v	v	v	v
2	Жансая	+	+	+	-	-	+	+	+	+	+	-	-	+	+	+	+	+	-	-	+	v	v	v	-	v
3	Айхан	+	+	+	-	-	+	+	+	+	+	-	-	+	+	+	+	+	-	-	+	v	v	v	v	v
4	Томирис	+	+	+	-	-	+	+	+	+	+	-	-	+	+	+	+	+	-	-	+	v	v	v	v	v
5	Балым	+	+	+	-	-	+	+	+	+	+	-	-	+	+	+	+	+	-	-	+	v	v	v	v	v
6	Дидар	+	+	+	-	-	+	+	+	+	+	-	-	+	+	+	+	+	-	-	+	v	v	v	v	-
7	Ансар	+	+	+	-	-	+	+	+	+	+	-	-	+	+	+	+	+	-	-	+	v	v	v	v	-
8	Нұрзия	+	+	+	-	-	+	+	+	+	+	-	-	+	+	+	+	+	-	-	+	v	v	v	v	v
9	Айару	+	+	+	-	-	+	+	+	+	+	-	-	+	+	+	+	+	-	-	+	v	v	v	v	v

Егер, педагогтер балалардың аймақтарда болуын белгілеп, сол аптада меңгерген дағдыларын жүйелі бақылау парақтарына түсіріп отыратын болса, және сол бойынша

жеке жұмыс ұйымдастырса, үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын толық жүзеге асырады. Нәтижесінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасы артады.



Ақпараттың толық нұсқасын келесі сілтеме арқылы жүктен аласыз: <https://cloud.mail.ru/storage/3Ba1ZGjDpDeBZisaZVLdop69/>



Ахметова Айман Жумабековна,
Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы,
Ақтау қалалық «Психологиялық-медициналық-
педагогикалық консультациясы» КММ, Сурдопедагог

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ ТІЛІ ШЫҚПАЙ ТҰРЫП ЕСТУ ҚАБІЛЕТІНЕН АЙЫРЫЛҒАН КОХЛЕАРЛЫ ИМПЛАНТЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ЕСТІП СӨЙЛЕУІН ОҢАЛТУ

Аңдатпа. Кохлеарлы импланттары бар балалардың көпшілігі үшін оңалту мақсаты жалпы білім беретін мектепке дайындықты қарастыруға болады. Бұл сурдопедагог пен баланың жақындарының бірлескен күш жігерін қажет етеді. Бұл мақалада осы қызметтің басым негіздері көрсетілген.

Естіп сөйлеуді оңалтудағы сурдопедагогтың негізгі мақсаты - отбасында және білім беру ұйымдарында білім алып және тәрбиеленіп жатқан балаларға қолдау көрсетуді қамтамасыз ету. Отадан кейінгі естіп сөйлеуін оңалту – бұл кохлеарлы имплантацияның ең ұзақ және көп еңбекті қажет ететін кезеңі. Кохлеарлы имплантация отасынан кейін оңалту үрдісін дұрыс ұйымдастыру кохлеарлы имплантация қолдана отырып, баланың сөйлеу тілін түсіну қабілетін дамыту үшін және қысқа мерзімде өзінің тілінің шығуы үшін нәтижеге жетуде қажетті шарт болып табылады (1,7-бет).

Дыбыстық ақпаратты сандық өңдеуі бар қазіргі таңдағы КИ сөйлеуді жақсы қабылдауды қамтамасыз етеді және тілі шыққан соң есту қабілетінен айырылған балалардың (постлингвально) әлеуметтік оңалтуын қамтамасыз етеді. Тілі шыққанға дейін (долингвально) есту қабілетінен айырылған барлық балалар кохлеарлы имплантация көмегімен қалыпты дыбыстарды ести алады және дыбыстық ортада бағдарланады. Алайда кохлеарлы имплантациядан кейінгі тілді коммуникация құралы ретінде қолдану нәтижелілігі мұндай балаларда әртүрлі болады. Оларға отадан кейінгі естіп сөйлеуін оңалтуды ұзақ уақыт

жүргізу қажет, оның ұзақтығы және мазмұны баланың жасына, есту қабілетінен айырылу жасына (туа берілген, сөйлеуді меңгеру кезінде немесе тілі шыққан соң); есту қабілетінен айырылған және кохлеарлы имплантация арасындағы уақыт ұзақтығына, сонымен қатар баланың жекелей ерекшеліктеріне байланысты. КИ 2-3 жасқа дейін қолдану неғұрлым тиімді болып келеді (4,29 - бет).

Кохлеарлы имплантация бар балаларды оңалту – бұл аудиолог (сурдолог), сурдопедагог, логопед, дефектолог, музыкалық педагог, психолог, психоневрологтан тұратын мамандар тобының жұмысы. Неврологтың қатысуы кохлеарлы имплантация бар балалардың басым көпшілігі үшін қажет, себебі оларда перинаталды паталогия, менингит салдарынан жүйке жүйесінің бұзылулары көрініс табады. Бұл бұзылулар қосымша сөйлеу тілінің бұзылуларын туғызады (дизартрия, психомоторлық дамудағы тежелу), бұл сәйкесінше ем қабылдауды және түзеу-дамыту жұмыстарын жүргізуді талап етеді. Кохлеарлы имплантация бар ерте жастағы балаларды естіп сөйлеуін оңалтудың басты мақсаты - кохлеарлы имплантациядан кейін балаларды

айналадағы дыбыстарды қабылдауды, ажыратуды, тануды үйрету, оның мағынасын түсінуді және бұл тәжірибені өзінің тілін және коммуникациясын дамыту үшін және есту қабілеті бұзылмаған балалармен тең дәрежеде қолдана білуді үйрету (4,114-бет).

Тілі шықпай тұрып есту қабілетінен айырылған кохлеарлы импланты бар ерте жастағы балалардың естіп сөйлеуін оңалтудың міндеттері жаңа сөйлеу тілінің жүйесін қалыптастыру және дамыту.

Ерте жастағы КИ бар балалардың естіп сөйлеуді қабылдауының айырықша ерекшеліктері келесіде:

1. Естіп қабылдаудың даму ырғағы жылдам;

2. Оңалтудың ерте кезеңдерінде дұрыс артикуляциялық құрылымды дамыту үшін акустикалық кері байланысты қолдану мүмкіндігі (4-65-бет).

Дыбыс белгісінің бар немесе жоқ екендігін анықтау реакциясы тез қалыптасады. Екі әртүрлі дыбысты ажырату және кеңістікте дыбысты шығарушы дыбыс көзін анықтай алуды үйрету үшін неғұрлым ұзақ уақыт қажет болады. Бұл реакцияларды қалыптастыру балада ең алдымен ырықсыз, содан кейін имитация механизмі бойынша ырықты вокализацияны дамытумен қатар жүргізіледі. Балада вокализацияның пайда болуы – кохлеарлы имплантацияның нәтижелілігін көрсететін маңызды сәттердің бірі. Келесіде балалардың тілінің дамуы есту қабілеті қалыпты балалардың тілінің табиғи даму кезеңдеріне сай келеді – сәйкес келмейтін былдыр, дыбыс кешендер, сәйкес келетін былдыр (былдырлаған сөздер), сөздер, сөздер-сөйлемдер, қарапайым екі сөзден тұратын сөз тіркесі және т.б. Әдетте, сурдопедагог балалардың тілінің даму сипатын, яғни қалыпты дамуды жақсы меңгеруі керек. Жалпы алғанда, кохлеарлы имплантация бар ерте жастағы балалардың ауызша сөйлеуді түсіне алу және сөйлеу тілін дамыту ретіндегі естіп сөйлеуін оңалту шамамен 5-жылдан асады (4,115-бет).

Осыған байланысты, тілі шықпай тұрып есту қабілетінен айырылған кохлеарлы импланты бар ерте жастағы балалардың естіп сөйлеуін оңалту мақсатты бағытталған

жобаланған психологиялық-педагогикалық үрдістің сипатында болу керек, баланы толық құнды дамып келе жатқан тұлға ретінде қалыптастыру мақсатында бұзылған есту қабілетін нәтижелі және сәйкес келетін психологиялық-педагогикалық әдістер және құралдардың көмегімен қайта қалпына келуді қамтамасыз етуі тиіс.

Қазақстан Республикасындағы арнайы бала-бақшада және ясли-бақшада, оңалту орталықтарында, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінде және жалпы типтегі мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиеленіп жатқан тілі шықпай тұрып есту қабілетінен айырылған кохлеарлы импланты бар ерте жастағы балалардың естіп сөйлеуін оңалтудың (3-жасқа дейінгі) бағдарламасы бар.

Бағдарлама бір оқу жылына жасалған және кохлеарлы имплантация бар ерте жастағы балалардың естіп сөйлеуін оңалтуды (3-жасқа дейінгі) ұйымдастыру үшін қажетті материалдары бар (2,118-бет).

Тілі шықпай тұрып есту қабілетінен айырылған кохлеарлы импланты бар ерте жастағы балалардың естіп сөйлеуін оңалтудың бағдарламасы келесі бөлімдерден тұрады: бірақ келесі үрдіске тоқтауымыз керек-настройканың нақтылығын, оның нәтижелілігін жүйелі бағалау. Балаламен жүргізілетін оңалту сабақтарының негізгі сипаты – оның ойын формасында және әртүрлі іс-әрекет түрлерінде болуы. Ерте жастағы балалардың оңалту үрдісінің келесі бір ерекшелігі – ата-аналарды осы үрдіске қатыстыру. Ата-аналар баланың естіп сөйлеу дағдыларын дамытудың жалпы принциптеріне үйретіледі, оларға үйде баласымен бірге орындау үшін үй тапсырмалары беріледі.

Бұл жазбалар коммуникативті дағдылардың дамуын көрсетеді. «Көзбен көзге» байланысын, баланың және ересек адамның бірлескен көзбен қарау бір затқа қарауын (зейіні) қалыптастыру; қарым-қатынас барысында кезекті сақтай алу іскерлігін қалыптастыру; ересек адамның әрекетіне еліктей алу іскерлігін қалыптастыру, соның ішінде артикуляция; бірлескен және қоса жүргізілетін ойындарға

қатысу. Еріктік-эмоционалды еріктік сапаларын қалыптастыру (3, 35-бет).

Кохлеарлы имплантация кейінгі балаларды оқытудың көп жылғы тәжірибесін жалпылай отырып, есту және сөйлеуді ынталандыруды көріп-кеңістікте қабылдауды дамытудан бастауды ұсынамыз. Баламен эмоционалды байланыс орнатамыз, неғұрлым жиі көзіне қарауға тырысып, мүмкіндігінше уақытын созуға тырысамыз. Осы кезеңде күштенуден арылуға мүмкіндік беретін әртүрлі ойындарды ұсынуға болады. Біз баламен жұмысты бастау үшін жағымды эмоционалды күйді қалыптастырамыз (пазлы жинаймыз, алынып жиналатын ойыншықтармен ойнаймыз), яғни біздің мақсатымыз жағымды бағытталған қарым-қатынас алғышарттарын дамыту. Негізі қаланады- қарым-қатынасқа түсу тілегі және қажеттілігі.

Осыдан кейін тактильді байланыс, сенім байланысын орнатамыз. Бұл кезеңде саусақпен ойнайтын ойындар, су, саусақ бояуларымен, тактильді құммен ойнайтын ойындарды қосу жақсы нәтиже береді. Қол саусақтарының белсенді және енжар қозғалыстарын белсендендіреміз, көріп зейінді болуды оятамыз, ойынға зейін бөлуге шақырамыз. Өз қозғалыстарымызды түйсіне алуды дамытамыз, ересек адаммен қарым-қатынасқа түсу үшін жағымды күйде боламыз. Тактильді байланыстан ересек балаға деген сенім басталады.Тілі шықпай тұрып есту қабілетінен айырылған кохлеарлы импланты бар ерте жастағы балалардың естіп сөйлеуін оңалтудың өз ерекшелігі бар, көлемді ойыншықтарды қолданамыз: дыбыс шығаратын ойыншықтар, қазіргі таңда ағаштан жасалған барабандар, барабан-тумбариндер, сылдырмақтар, маракастар, пазлы бар лотолар (сөздік емес топтастыру) кеңінен тараған. Сөйлеу тілінің белсенділігі физиологиялық және тілдік тыныс алуды дамытудан басталады. Ол үшін әртүрлі айналдыратын ойыншықтар, шарлар, қауырсындар қолданылады. Дауысты дамытуды барлық сезім мүшелерін қоса отырып қысқа балалар өлеңдерін айтумен ынталандырамыз.

Келесі картотека бойынша жұмыс істеу әдісін қолданатын болсақ естіп қабылдауды дамыту үрдісі өте нәтижелі болады. Бұл бөлімдер:

1. Дыбысты дұрыс айту бойынша жұмыс.
2. Тілдік ойындар.
3. Тілдік тыныс алу бойынша жұмыс.
4. Баламен байланыс орнату үшін ойындар.
5. Жалпы еліктеуді дамыту.
6. Балаларды заттардың тұрған орындарын анықтайтын келесі сұрақтарды түсінуге үйрету (Қайда? Қайда барасың? Қайдан? Немен?). (2,100-бет).

Балалардың отадан кейінгі естіп сөйлеуін оңалтудың мазмұны имплантация уақытындағы баланың естіп және сөйлеу тілінің даму деңгейімен анықталады. Біздің тәжірибеміз көрсеткендей, бұл деңгей әртүрлі болады.Есту қызметін және тілінің даму жағдайын анықтау үшін сурдопедагогикалық зерттеу жүргізу қажет. Сурдрпедагог қорытындысы жасалады. Естіп сөйлеуді оңалтудың мақсаты және міндеттері айқындалады.

Жұмыс бірнеше ережелерді есепке ала отырып жүргізіледі, бұл:


- Импланты бар жағынан немесе баланың алдында тұру;
- Қарапайым, қайталанатын сөз тіркестерімен сөйлеу;
- Баланың кез-келген дауыс реакцияларын және сөйлеуге талпынуын ынталандыру;
- Дауыс реакцияларына, сөйлеуге итермелейтін жағдайларды пайдалану;
- Балаға дұрыс қатынас көрсету, шамадан тыс қарамау.

Әрбір келген күнде балаға және ата-анаға кеңес жекелей жоспары құрылады. Бүгінгі таңда естіп сөйлеуді оңалту Қазақстан Республикасында жоғары әдістемелік деңгейде жүргізілуде.

Қорытынды. Сурдопедагог мамандардың оң жұмыс тәжірибесіне сүйене отырып, кохлеарлы импланты бар балалармен айналысатындар айта кету керек, қарқынды және жүйелі жұмыс қажет. Егер осыдан кейін бала инклюзивті және интеграцияланған білім беру жүйесіне қосылса ол тілді меңгеріп, қоғамға сәтті қосыла алады.

Қолданған әдебиеттер:

1. Специальная программа коррекционно-развивающего обучения детей с нарушениями слуха после кохлеарной имплантации / Ерсарина А.К. Шолпанкулова Г.М.- Алматы: ННПЦ РСИО, 2021.
2. Зонтова О.В. Методические рекомендации по развитию слухового восприятия детей с нарушенным слухом. - Санкт-Петербург, КАРО, 2008г.
3. Королева И.В. Развитие слуха и речи у глухих детей раннего возраста после кохлеарной имплантации. – Санкт-Петербург, КАРО, 2009г.
4. Королева И.В. Кохлеарная имплантация и дети. – Санкт-Петербург, КАРО, 2009 г.





Төлегенова Гүлдария Ержанқызы,
Атырау облысы, Атырау қаласы,
«№15 «Балбөбек» бөбекжай-бақшасының
логопед маманы

ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУ ЖӘНЕ СӨЙЛЕУІН ДАМУ ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСТАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

Аңдатпа. Мақалада қазіргі уақытта сөйлеу тілі дамуының ауытқуы бар балаларға уақытылы көмек көрсету және де түзету жұмысының нәтижелі болуы үшін қолданылатын әдіс-тәсілдер туралы, осы әдіс-тәсілдер арқылы балалардың сөйлеуін дамыту мен логопедиялық түзетуге тиімді әдіс-тәсілдері ұсынылған.

Түйін сөздер: Логопедиялық массаж түрлері, тыныс алу жаттығулары, саусақ жаттығулары, құм терапиясы, мнемотехника, ертегі терапиясы, логоритмика, музыкалық терапия, изотерапия

Логопедия балалардың дамуын жетілдіріп, оңтайландырады. Ол үшін қазіргі логопедияда әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданылады. Әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы балаларға логопедиялық түзету және олардың сөйлеуін дамытуда жақсы нәтижелерге жетуге болады.

Аталған әдіс-тәсілдерді қолданудағы басты мақсат-сөйлеу бұзылыстарын түзету. Массаж артикуляциялық бұлшықеттерді күшейтуге және босаңсуға көмектеседі, кинестетикалық қабылдауды жақсартады, бұлшықет сезімін ынталандырады.

Логопедиялық түзетуде жасалатын массаж түрлері:

- қолмен (классикалық);
- аппараттық құралдармен (вакуум, діріл құрылғыларын пайдалану);
- нүктелі (биологиялық белсенді нүктелерге әсер ету);
- өзін-өзіне массаж (бала процедураны өз бетімен орындайды).
- қолшатырмен, тастармен, шөптен жасалған сөмкелермен массаж жасалады.

Көрсеткіштері:

- қысқа гиподы френулум (дислалияның себебі ретінде);

- риноплазия;
- еріксіз сілекей ағуы;
- дауыс бұзылыстары;
- алалия;
- дисграфия;
- артикуляцияға қатысатын бұлшықеттердің тонусының бұзылуы;
- анық айтылудың болмауы.

Процедураның орташа уақыты 5-6 минутты құрайды. Сондай-ақ балалардың сөйлеуін дамытудағы арналған тыныс алу жаттығулары: олар дененің ырғағын жақсартады, озбырлық пен өзін-өзі бақылауды дамытуға ықпал етеді. Жаттығу жақсы желдетілетін бөлмеде немесе ашық тұрған желдеткіші бар бөлмеде өтуі керек. Жаттығу түрлерін бала отырған күйде де, тұрған күйде де жасауға болады.

Саусақ жаттығуы.

Сөйлеуді дамытуға өте тиімді. Балалар айналысқанда және саусақтарын ырғақты жылжитқанда, мидың сөйлеуге қатысты бөліктері белсендіріледі және зейіні шоғырландырылады.

Құм терапиясы.

Құм терапиясы бейнелі ойлауды, байланыстырып сөйлеуді, танымдық қызметін дамытады, сөздік қорын байытады.

Құм ойындары ретінде пайдаланылады жеке жұмыс, сондай-ақ топтарда.

Мнемотехника.

Қазіргі логопедиялық технологиялар мен әдістердің ішінде мнемотехника өте танымал. Бұл ақпаратты есте сақтау процесін жеңілдететін әдістер мен ережелер жиынтығы. Жаттығу сөздер немесе шағын фразалар үшін суреттерді ойлап табу арқылы жүзеге асады. Нәтижесінде барлық мәтін сызылған диаграммалармен ұсынылады. Жаттығулар өлеңді, жұмбақтарды немесе тілдік дефектілер түзетіледі..

Ертегі терапиясы.

Әдістеме психотерапияның жеке саласы болып табылады. Ол тұлғаның сөйлеу тілін дамыту, сана- сезімін кеңейту және сөйлеу арқылы қарым-қатынасты жақсарту үшін қолданылатын әдіс.

Логоритмика.

Бұл музыкалық-сөйлеу, сөйлеу-моторлы

және музыкалық-қозғалыс жаттығуларының кешені болып табылатын заманауи логопедиялық технология.

Музыкалық терапия.

Музыка ми қыртысының тонусын арттырады, жағымды эмоциялар тудырады, қан айналымы мен тыныс алуды ынталандырады. Әуеннің дыбысын тыңдау, талдау дағдысын қалыптастыруға көмектеседі.


Изотерапия.

Изотерапия жаттығулары жеке тұлғаның өзін-өзі көрсетуіне және шығармашылықта өзін-өзі жүзеге асыруына көмектеседі. Әдістеменің мақсаты - үйлесімді сөйлеуді, артикуляциялық аппаратты және ұсақ моториканы дамыту.

Сонымен, жоғарыда жаттығулармен әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, балалардың сөйлеуін дамыту, сөздік қорларын дамытуда үлкен нәтиже береді. Сонымен қоса таным белсенділіктері ақыл-ойы өсіп жетіледі.

Қолданған әдебиеттер:

1. [https://kerchtt.ru/kk/innovacionnye-](https://kerchtt.ru/kk/innovacionnye)
2. [logopedicheskie-tehnologii-v-rabote-uchitelya/](#)





Сағалиева Жанар Каукербековна,

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Балаларды ерте дамыту институтының ғылыми-педагогикалық зерттеулер және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасының мониторинг орталығының басшысы п.ғ.к.,
доцент

ӘЛЕУМЕТТІК ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ РӨЛІ

Халқымыздың «Отан – отбасынан басталады» деген жақсы тәлімді сөзі бар.

Отбасы – мемлекеттің маңызды бір бөлшегі, ұлтымыздың айнасы, өркендеуінің көрсеткіші.

Әр отбасының іргесі берік, ұрпағы тәрбиелі, өнегелі болса, мемлекет те мықты.

Елдің дамуы, болашағы, елдегі хал-ахуал әрбір отбасының жағдайына тығыз байланысты.

Қазақ ағартушылары Абай Құнанбайұлы, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев балаға сөз емес, ата-анасының және оның айналасындағы адамдардың іс-әрекеттері әсер етеді деп тұжырымдаған. Бала тәрбиесінде отбасындағы ахуалдың, отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасының, отбасының мектепке дейінгі ұйыммен және мектепке дейінгі ұйымның отбасымен қарым-қатынасын орнатуың, бала тәрбиелеуде бірлесіп жұмыс істеуінің маңызы зор. Отбасы әлеуметтік институтының қалыптасу хронологиясы. Қазақстанның тәуелсіздік жылдарында отбасы институтын жақсарту, баршаға бірдей тең құқықты қамтамасыз ету, оның ішінде балалардың құқықтарын қорғау, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бағытында бірқатар жұмыс атқарылды.

Елімізде қыркүйектің екінші жексенбісі ҚР Үкіметінің 2017 жылы 31 қазандағы № 689 қаулысымен «Отбасы күні» болып бекітілген.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 ақпандағы № 56 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы

Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия құрылған еді.

Отбасылық қатынастарды жақсартуға, гендерлік саясатқа қатысты әлемдегі маңызды конвенциялар ратификацияланды (құжаттар заңды күшіне ие болды).

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығымен «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы» бекітілді. Тұжырымдамада отбасы институтын және отбасы құндылықтарын нығайту, отбасыларды мемлекеттік әлеуметтік қолдау бойынша міндеттер айқындалған.

ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген Білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында қоғамның, педагогтер мен ата-аналар қауымдастығының басты мақсаты-міндеттері (Отанға деген сүйіспеншілікті бала бойына дарыту, ата-баба дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын құрметтеуге тәрбиелеу, баланың бойында жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру, қоршаған қоғам туралы тұрақты әсер қалыптастыру, отбасын білім беру ұйымының әлеуметтік әріптесіне айналдыру) айқындалған.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі бекітілді.

Модельде отбасының бала тәрбиелеудегі

роліне баса назар аударылған – тәрбиелеу мен дамытуды ерте балалық шақтан бастауға, балаларды тәрбиелеуде отбасында жайлы жағдай жасауға, ата-аналардың моральдық қасиеттеріне, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіруге мән берілген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің негізгі мақсаттарының бірі ретінде балаларды тәрбиелеу мен оқытуда жауапкершілікті арттыруда ата-аналарға көмек көрсете отырып, оларды педагогикалық процеске белсенді тарту үшін:

- әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнату;
- отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру;
- тәрбиеленушілер, педагогтер, ата-аналар арасында өзара түсіністік, оң көзқарас, тілектестік атмосферасын құру қажеттігі бойынша жұмыс бағыттары белгіленген.

Еліміздің мектепке ұйымдарында жүргізілетін тәрбиелеу-білім беру жұмысы біртұтас процесс болып табылады.

Тәрбиелеу-білім беру мазмұнында. Педагогикалық процесте Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы) талаптарына сәйкес тәрбиелеу-білім беру процесінің негізгі мақсат-міндеттері басшылыққа алынады.

Тәрбиелеу-білім беру процесінде балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту, сауықтыру, дамуын қадағалау және түзету жұмыстары мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады - физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Педагогтер ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарында басшылыққа алу бағыттары.

Ата-анамен жүргізілетін жұмыс – педагогтің күнделікті жұмысының міндетті бір бөлігі болып табылады.

Қазақ халқы – білімі жоқ ата-бабаларымыз өз баласының бойына жақсы қасиеттерді сіңіріп, ізгілікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеуге тырысқан, баланы бесігінен тәрбиелеудің маңызын білген, өмірден көрген-білгенін, түйгенін ұрпақ санасына жеткізе білген.

Баланы тәрбиелейтін – орта – ата-анасы, отбасы, туыстары, қоғамдық орта, мектепке дейінгі ұйым. Ата-аналар балаға қарайтын, оған кітап оқып беретін немесе ойнайтын,серуендейтін уақытым жоқ деп жатады.

Алайда бала күнделікті өмірде, өмірдің барлық жағдайларында өмір сүруге қажетті біліктер мен дағдыларды өзінің жас және жеке ерекшеліктеріне қарай игереді, ары қарай дамытады.

Бесіктен басталатын тәрбие ұлттық құндылықтарға негізделуі тиіс.

Ұлттық құндылықтарға негізделген отбасында өскен баланың ұлттық сана-сезімі ерте қалыптасады, ұлт мүддесін ойлайтын, ұлтжанды азамат өседі. Балалардың ата-аналарымен жүргізілген, интернет сайттан алынған сауалнама нәтижелері қазіргі уақытта аналардың (44,5%) отбасында өз балаларымен көп уақыт өткізетінін көрсетті. Әкелердің үлесі - 25,6%. Респонденттердің 54,1%-ы «әкелер отбасын материалдық тұрғыдан қамтамасыз еткені маңызды» деп жауап берген. Сауалнамаға қатысқандардың 90%-ы бала тәрбиесіндегі ата-әжелердің рөліне оң көзқарас білдірген.

Балабақша жағдайында да осы тенденциялы байқауға болады. Баланы анасы балабақшаға алып келеді, алып қайтады, тәрбиешімен, басқа педагогтермен аналары көбірек байланыста болады. Баланың анасы бала тәрбиесіне, проблемаларына қатысты мәселе көтереді, балабақша өміріне етене аралсуға құлшыныс танытанын байқауға болады.

ПЕДАГОГТЕР АТА-АНАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАРЫНДА БАСШЫЛЫҚҚА АЛАДЫ

Ата-анамен жүргізілетін жұмыс – педагогтің күнделікті жұмысының міндетті бағыты.

Қазақ этнопедагогикасында ата-бабаларымыз өмірлік тәжірибесі мен салт-санасын ұрпақ санасына сіңіру.

Баланы тәрбиелейтін – орта – ата-анасы, отбасы, туыстары, қоғамдық орта, мектепке дейінгі ұйымның байланысын құру.

Бала күнделікті өмір сүруге қажетті біліктер мен дағдыларды өзінің жас және жеке ерекшеліктеріне қарай игеріп дамиды

Тәрбиелеу-білім беру процесінің ұлттық құндылықтарға негізделуі .

Баланың ұлттық тілін, ділін, сана-сезімі қалыптастыру.

Балабақша мен отбасының ынтымақтастығы - педагогтердің, тәрбиеленушілер мен ата-аналардың бірлескен іс-әрекеті және қарым-қатынасы. Нәтижесінде өзара әрекет барлық жағынан дамиды. Демек, мектепке дейінгі ұйым мен отбасының өзара әрекеттесуі - балаларды тәрбиелеудің, үйретудің және дамытудың түзетудің күрделі мәселелерін шешуде өзара түсіністікте, өзара көмек көрсете отырып, отбасымен қарым-қатынастың түрін табуда маңызды.

Мектепке дейінгі ұйым мен отбасының ынтымақтастығының маңыздылығын талдасақ, мектепке дейінгі ұйымның ата-аналармен ынтымақтастықта жұмысты ұйымдастырудағы негізгі міндеттері:

- ата-ананы балабақшаға тарту үшін жағдай жасау;
- педагогтер мен ата-аналар арасында серіктес, сенімді, қайырымды қарым-қатынас орнату;
- баланы дамыту және тәрбиелеу, денсаулығын қорғау және сақтау мәселелері бойынша ата-аналарға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

Ата-аналармен жұмыс түрлері. Мектепке дейінгі ұйымдардың тәжірибесінде ата-аналармен қарым-қатынас жасаудың,

педагогикалық процеске, балабақша өміріне тартудың дәстүрлі қалыптасқан жұмыс түрлері бар:

- «Аналар мектебі»;
- «Әкелер мектебі»;
- «Әжелер мектебі»;
- ата-аналар жиналысы (бүгінгі күні маңыздылығын жоймады);
- мектепке дейінгі ұйымның ресми интернет сайты;
- мобильді қосымшалар;
- ойын-сауықтарды, мерекелер (оның ішінде «Отбасы күні»);
- ашық есік күндері;
- семинар-практикумдер өткізу;
- педагогикалық мазмұндағы ойындар;
- әңгімелесу (қарым-қатынасқа түсу арқылы бала жөнінде ақпарат алу, баланың ішкі жан-дүниесін, ерекшеліктерін, отбасындағы тәрбиелеу ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді);
- сауалнама (сұрақтарға жауап алу жолымен ақпарат жинақтау, ата-аналардың қалауын, үмітін зерделеу әдісі);
- мобильді кітапхана ұйымдастыру;
- ақпараттық өзара ықпалдасу (негізгі мақсаты - халықтың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділігінің деңгейін арттыру):

- көрмелер (балалардың жұмыстары, кітаптар, фотосуреттер, т.б.);
- медиатека (аудио, бейне жазбалар);
- газеттер шығару;
- ауызша педагогикалық журналдар шығару;
- қабырға газеттері (ақпарат жеткізу құралы, балбақшаның даму болашағы, жылдық міндеттер, күн тәртібі, ас мәсірі, жедел ақпарат орналастырылады);
- жадынамалар (бала тәрбиелеу мәселелері, балабақшамен бірлескен жұмыс бойынша қысқа мәтіндер);
- буклеттер (ақпараттық, консультациялық мазмұнда әзірленеді);

- әлеуметтік желілер (ақпарат жеткізу, проблемаларды анықтау, шешу мақсатында қолданылады);


- алғыс хат (балабақшада ұйымдастырылған іс-шараларға қатысқаны, көмек көрсеткені үшін алғыс білдіру);

- ашық хат (баланың жетістіктерімен, мерекемен, т.б. құттықтау);

- «почта жәшігі» (ата-аналардың жазбаша ұсыныстары, сұрақтары, пікірлері, кеңестері) (электронды түрде де ұйымдастыруға болады).

Отбасылармен жұмыс жүргізуде әр отбасының ерекшеліктерін, әлеуметтік мәртебесін, ата-аналардың қажеттіліктерін, сұранымдарын ескеру маңызды.

<https://cloud.mail.ru/stock/3Ba1ZGjDpDeBZisaZVLdop69/>





Жубандыкова Ақгул Мурзалиевна,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық
университетінің педагогика ғылымдарының
кандидаты, профессор м.а.

БАЛА ПСИХИКАСЫН ДАМУДАҒЫ ОТБАСЫНЫҢ ҰҚПАЛЫ

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде ата-ана баланың психикалық және физикалық денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге міндетті- деп көрсетілген[1, 2-б].

Қазіргі таңда Қазақстанда түрлі бағыттағы мамандардың отбасы мәселелеріне деген қызығушылықтары артуда (әлеметтанушы, экономист, психолог, педагогтер т.б.).

Ғалымдардың зерттеуі бойынша отбасын зерттеу, әлеуметтік институт ретінде айтарлықтай қиындыққа соғатыны анықталған. Қолдағы психологиялық зерттеулерге сүйенсек, мектеп жасына дейінгі баланың тұлғасын дамытуда ата-аналардың позитивті әсер етуіне назар аударады. Алайда жеке тұлғаның дамуында теріс әрекеттер – қыңырлық, мазасыздық, жалған сөйлеу, ызақорлық т.б. жағымсыз қасиеттерді кездестіруге болады, бұл ата-аналардың балаға теріс ықпалының әсерінен туындайтын процесс. Ата-аналардың мұндай ықпалдың салдарын түзету қиынға түсетінін және баланың кейінгі өмірін анықтайтынын, сонымен қатар жеке тұлғаның қалыптасуына әсерін тигізетінін ұмытпауы керек.

Соңғы зерттеу жұмыстарын зерделеуіміз бойынша педагогика және психология саласы ғылымдары тұрғысынан бала тұлғасын дамытуда отбасының теріс ықпалына байланысты зерттелген іргелі еңбектердің жоқтыңғы анықталды.

Ұқпал ету дегеніміз не? Сонымен, қазақ тілінің түсіндірмелік сөздігінде ықпал ету - біреудің біреуге ықпал ету іс-әрекеті ретінде анықталған. Әлеуметтік әсер ету дегеніміз -

бұл мінез-құлық процесі бір немесе бірнеше адам басқа адамдардың жағдайын өзгертеді: олардың мінез-құлқы, білімі, сенімдері, құндылықтары, мотивациясы немесе белгілі бір заттар мен құбылыстарға қатынасын анықтайды.

Психология жеке тұлғаның мінез-құлық, оның көзқарастарын, ниеттерін, идеяларын өзгерту процесі деп танылады. Психологиялық әсер - бұл басқа адамның айналасындағылардың психикалық күй-жайына, басқалардың сезіміне, ойларына әсер ету.[2, 52 б].

Психологиялық зерттеулерде ықпал етудің бірқатар классификациялары ұсынылған:

Бірінші бағыты бойынша:

- бағытталған ықпал ету, сендіру, ұсыныстың көмегімен жүзеге асырылады және ықпал етуші объектіден белгілі бір нәтижеге жету үшін субъект алдына міндеті қояды.

- мақсатқа бағытталмаған ықпал - еліктеу механизмдердің әсерінен пайда болады және көрінеді.

Екінші ықпал ету объектісі бойынша:

- тікелей ықпал ету - субъект объектіге ашық талап қою;

- жанама әсер-объектіге бағытталмай, оның қоршаған ортасы арқылы ықпал ету;

Үшінші саналылық дәрежесі бойынша:

- ата-аналардың тәрбиелік әсерлері осы мақсатқа бағытталуымен сипатталатын санаға әсер ету;

- бейсаналық және стихиялық әсер ету балалардың, ата-аналардың еліктеуі [3,6-бет].

Ықпал етудің жоғарыда көрсетілген барлық түрлері бір-бірімен тығыз байланысты, бір-бірін толықтырады және өзара анықтайды. Алайда, ықпал етудің толығымен жүзеге асырылуын ықпал етуші объект ықпал етуші субъектінің мақсатқа жетуімен жүзеге асатынын түсінуі қажет, ықпал етуші тараптан әсер ету оның мақсаттары дұрыс анықталған кезде ғана жүзеге асырылады және күтілетін нәтиже алынады.

Ықпал етудің қай түрі болмасын, олар келесі мақсаттарды шешуге бағытталады:

- басқа адамдардың көмегімен өзінің қажеттілігін қанағаттандыру үшін;
- өзінің өмір сүру фактісін және осы фактінің маңыздылығын растау үшін;
- өзінің болмысының кеңістіктік-уақыттық шектеулерін еңсеру үшін [4, 7 б].

Ықпал етудің үш негізгі механизмі бар олар:

- хабарлау;
- сендіру;
- ұсыныс.

Баланың мінез-құлқын түзетуге, ата-анасының берген ақпаратының өзі әсер етеді. Сендіру кезінде ересек адам ақпаратты баланың мінез-құлқы, көзқарасы, құндылықтарының өзгеруіне дәлелдемелер, талап қою, немесе беделді адамдардың пікіріне жүгінуді ұйымдастырады [5, 23-бет].

Ата-аналардың өз балаларына ықпал етудің бірнеше автономды психикалық механизмдерін талдасақ:

Біріншіден, ынталандыру арқылы баланы қолдау; әрі белгіленген ережелерді бұзғаны үшін жазалау; мұнда ата-аналар баланың санасына белгілі бір жүйе нормаларын бала үшін біртіндеп әдетке айналдырады және ол бала үшін оның әдетіне, ішкі қажеттілігіне айналады.

Екіншіден, идентификация - бала ата-анасына еліктейді, олардың үлгісі өнегесін қайталаудың, ата-аналарына ұқсағысы келеді.

Үшіншіден, түсіну – баланың ішкі әлемін білу, түсіну және оның проблемаларына жауап беру баланың санасын және коммуникативтің дағдыларын қалыптастырады.

Е.В. Сидоренко [6, 54-бет] өз еңбегінде

ықпал етудің жіктемесімен бірге, психологиялық қарсыласу түрлерін ұсынады.

Бірақ, біздің ойымызша, автордың ұсынылған жіктемесі ықпал ету механизмдерін жүзеге асырумен бірге немесе оған қарама-қайшылықпен сипаттайды. Дегенмен, бұл зерттеу үшін қызықты және отбасы ішіндегі әсер сияқты күрделі процестің жаңа қырларын ашуға мүмкіндік береді.

Психологиялық ықпал ету механизмдеріне қатысты нақтылауға мүмкіндік бере отырып, жіктеуді толығырақ қарастырайық, оларға: дәлелдеу, өзін-өзі көтеру, манипуляция, сендіру, еліктеу, ұсыныс, елемеу т.б. жатады.

Психологиялық қарсы тұру ықпалы механизмдерінің түрлері келесідей: қарсы аргументация, ақпараттық диалог, психологиялық өзін-өзі қорғау, ақпараттық диалог, сындарлы сын айту, қарама-қайшылық, шығармашылық, жалтару, бас тарту т.б.

Ықпал ету процесі келесі құралдарға негізделген:

1) белгілі бір адамға тәуелсіз тұлғаның, орнымен, рөлімен немесе ұстанымымен байланысты ықпал ету;

2) тұлғалық қасиеттеріне ықпал ету.

XX ғасырдан бастап ғалымдар «тұлғаның потологиялық дамуы» ұғымын қолдана бастады. П.Б.Ганнушкин тұлғаның потологиялық дамуын психогендік патологиялық реакциялар туындайтын тұлғаның тұрақты дамуы деп түсіндірді. Ол даму түрлерін баланың генезисінде психотравмалық жағдай жетекші рөл атқаратынын анықтады. Бала физикалық және психикалық жағынан сау туылады, алайда тәрбие әдістері, қоршаған ортасы оның әлеуметтенуін жасанды түрде тежейді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы мәселелерге тоқталатын болсақ:

1. Вербализм (сөзшеңдік). Вербализм айқын көрінетін балалар өз қатарластарынан ерекшеленіп тұрады. Олар таныс емес адамдармен жеңіл қатынасқа түседі, дегенмен тілдік құрылым жақсы дамығанмен ойлау қабілеті тілдік дамуына сәйкес келе бермейді, танымдық қызығушылық

үстіртін әрі тұрақсыз болады. Әңгімеге қатарластарынан гөрі ересектермен тез әрі оңай түседі.

Бұл балалардың өзіндік бағасы жоғары болады. Әңгімелесу балаларға формальды сипатта болады, оны әңгімелесуші адам соншалықты қызықтырмайды. Мұндай сөзшеңдікті жақын ересек адамдар қолдап, қолпаштап ерекше талант деп бағалайды.

2. Жалған сөйлеу. Мектеп жасына дейінгі әрбір балаланың өмірі қиялға, фантазиялар мен ойдан шығарылған әрекеттерге толы болады. Осы жастағы балалардың психологиялық ерекшеліктері, олардың шынайы өмірді қиялдағы өмірден айыра білу қабілеті 7 жасқа қарай қалыптасады. Егер, 4-5 жастағы баланың фантазиясы кіршіксіз болса, 5-6 жаста жазалаудан қашу үшін ойдан шығаруларға барады. Жағымсыз жағдайдан интуитивті түрде өзін қорғаудың оңай жолы ретінде олар- жалған сөйлеуге тоқталады.

Дегенмен, жалған айтуға итермелейтін мотивтер сан түрлі болып келеді. Балалардың лайықсыз әрекеттері- ата-аналар тәрбиесіндегі олқылықтардың нәтижесі болып табылады.

Тағы бір себеп ата-аналардың балаларына жоғары талап қою болып табылады. Көп жағдайда бұл талаптар баланың шынайы мүмкіндіктері мен ниеттеріне негізделе бермейді.

Сонымен, балаларды жалған айтуға итермелейтін не? Біріншіден, баланың қорқуы - ата-ананың сүйіспеншілігін жоғалтудан, негізсіз кінәлі болып, жазаланудан қорқуы. Жағдайдың ең қиыны – жалған сөзінің әшекерленгенінен қорқуы. Нәтижесінде ата-

анамен бала арасындағы қатынас қиындай береді.

Тағы бір көп тараған себеп - ата-аналардың өнеге үлгісі. Мектеп жасына дейінгі балалар еліктегіштігімен ерекшеленеді, әсіресе өздері жақсы көретін не бала үшін беделі күшті адамдардан өзін ұстау үлгілерін алады. Көп жағдайда бұл адамдар- ата-аналар болып табылады. Бала көпшілігінде ата-аналарының жалған сөздеріне куә бола отырып, оны біртіндеп норма ретінде қабылдай бастайды және «алдау жаман» екенін айтып түсіндіру қиынға соғады.

Кейде ата-аналар баланың түсіну қабілеті әлі жетілмеген деген пікірмен алдау орын алуы мүмкін, біртіндеп шындықты жасыра бастайды, ал бұл сенімді жоғалтудың бір салдары болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген себептер психологиялық қолдау көрсету жұмысын отбасылық қатынас ерекшеліктерін, ата-аналардың өздерінің тұлғалық ерекшеліктерін анықтаудан бастаған жөн, содан кейін барып қана баланың мүмкіндіктері мен қабілеттеріне, отбасы қатынасына көзқарасын талдау жасауға болады. Балаларды жалған сөйлеу үстінде ұстау міндет емес, соған итермелеген себепті айқындап алып ата-аналарға түсіндіру маңызды.

Мұндай жағдайда психологиялық көмек отбасындағы атмосфераны оңтайландыру, тұлғаның үйлесімді дамыту, ата-ана, ата-ана-бала және бала-ата-ана қарым-қатынастарын үйлестіру арқылы жүзеге асырылуы керек. Сондай-ақ үстіне психологиялық көмекті ұйымдастыру кезінде отбасының типологиясын ескеру маңызды болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі//irrd.kz
2. Жұмабекова Ф.Н., Нұрғазиева Н.М., Жамалиева С.М. Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы. 0101000 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту». – Астана, 2011
3. Куликова Т.А. Семейная педагогика и домашнее воспитание, Куликова Т.А., 2000
4. Захаров А.И. Предупреждение отклонений в поведении ребенка. СПб., 2000.
5. Синягина М. Ю. Психолого-педагогическая коррекция детско-родительских отношений. М., 2001.
6. Сидоренко Е.В. Тренинг влияния и противостояния влиянию [Текст] / Е.В. Сидоренко. СПб.: Речь, 2004. 256 с.



Нуркабылова Алмагуль Жеткергеновна,
Астана қаласы,
«№98 «Мирас» балабақшасының меңгерушісі

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДІГІ АТА-АНАЛАР ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ЖАҢАША ҮЛГІСІ

Негізгі нормативтік құқықтық актілер:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі.

Мақсаты: өзара әріптестік іс-қимыл орнату арқылы ата-аналардың білім беру қызметтеріне қанағаттануын қамтамасыз ету, тәрбиелеу-білім беру процесінде инновациялық әдістемелері мен технологияларын қолдану арқылы Ата-аналармен және ата-аналар қауымдастығымен жұмысты қазіргі заманғы теорияларды ұлттық ерекшеліктермен үйлесімді ұштастыру негізінде баланы дамыту процесінің тұтастығын қамтамасыз ету.

Қазіргі әлемде білімге деген көзқарас балалар өмір сүріп, өсіп жатқан, жылдам өзгеріп отыратын болмыспен бірге өзгеруде. Тәрбие мен білімді баланың туылған сәтінен бастап өмір бойы жалғасатын процесс ретінде қарастыру дегеніміз, ол отбасылық тәрбиенің, оның ішінде ата-ананың ықпалының балаға заманауи тұрғыда жеке тұлға болып қалыптасуына беретін рөлі маңызды. Балаларды тәрбиелеуде отбасындағы жайлы жағдай, оған қоса ата-аналардың моральдық қасиеттері, қоғамдық орында өзін-өзі ұстауы, олардың әрбір әрекеті маңызға ие. Баланың білімді болуы заман талабы, сондықтан да балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен балабақшаның күш-жігерін біріктіре отырып баланы өзінің әлем жайлы жеке түсінігін қалыптастыру құқығы мен мүмкіндігі бар оқуға белсенді қатысушы ретінде

қабылдануын қалыптастыру қажет.

Балабақшада «Ата-аналар институтын» құра отырып, жоспарлы жұмыстарды жүйелі түрде сапалы жүргізу балалардың мәдени, мейірімді, әділ болып өсуіне ықпалы зор. Ата-аналарға көмек көрсету жолымен оларды педагогикалық процеске белсенді қатысушылар ретінде тарту және педагогикалық мәдениетке тәрбиелеу.

Жоспарға сай ата-аналармен жұмысты төмендегідей рубрикаларға бөлуді ұсынамын.

1. «Бейімделу рубрикасы» - «Балаларды білім беру жүйесіне бейімдеу және интеграциялау (қалпына келтіру). Шетелдік балаларды Чехияның білім беру жүйесінің шындықтарына бейімдеу және интеграциялау тәжірибесімен бөлісу. Бейімдеу картасын толтыру. Бұл картада баланың әлеуметтік жағдайын толық зерттеуіне мүмкіндік береді. Ал бұл өз кезегінде ата-анамен арадағы түсініспеушілікті болдырмауға әкеледі.

2. «Отбасы тарихы» күні - практикалық тұрғыда, балалардың түскі тынығу сәтін пайдалана отырып, топтастыру тәсілімен ата-аналарды балабақшаға шақырып, еркін түрде («гастуксыз кездесу тәсілі») әңгіме сұхбат жүргізу. Отбасы мүшелерімен фото бейне түсірілімдері арқылы танысу. Баланың отбасы жағдайында ерекше қылықтарымен, қызығушылықтарымен ой бөлісу, әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнату.

3. Өнерлі бала отбасынан рубрикасы: «Әжелер клубын» құра отырып, балабақшадағы тәрбиеленушілердің контингентіндегі

әжелер санына мониторинг жүргізе отырып, ұйымдастырып, «Әжем және мен» атты ансамбль құру. Музыка жетекшісімен бірлесе отырып, бейнесабақтар арқылы дистанциондық байланыс жасап, іс-шараларда концерттер ұйымдастыру. Әженің тәрбиесі арқылы елдің мәдени ерекшеліктері мен салт-дәстүрлерін баланың бойына дарыту, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасау. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамту.

4. «Ашық жүрек» акциясы - әр аптаның жұма күні өзара түсіністік атмосферасын құру, мүдделердің ортақтығын, мектепке дейінгі ұйымның тәрбиеленушілері мен педагогтері, ата-аналар арасында қарым-қатынасқа деген оң көзқарас пен тілектестікті қолдау мақсатында, арнайы бұрышта орналастырылған жүрекше стикерлерге бір-біріне жылы сөздер лебізін білдіру.

5. Ата-аналармен бейресми байланыс орнату балалардың ата-аналарымен және заңды өкілдерімен сындарлы ынтымақтастықта қарым-қатынас орнату үшін кіреберістегі арнайы орналастырылған КБЮАР код арқылы ашық пікір алаңын ұйымдастыру, әр ата-ананың көкейінде жүрген сұрақтарына кері байланыс арқылы жауап беру. Проблема бойынша пікірталастар орнату, шешу жолдарын қарастыру.

6. «Игі істер күндері» жобасы аясында волонтерлік ата-аналармен волонтерлық қызметтің қолдау шараларын белгілеу. Атап айтқанда көгалдандыру кезеңінде, «Ең үздік ойын алаңы» сайысында, қыстың күні қар күрей сияқты т.б. көмек қолын созу жұмыстарын ұйымдастыру.

7. «Педагогикалық қонақ бөлмелерін» ашу - ата-аналараға консультация беру, психологтармен кездесу, пікірлесу, проблемаларды шешу мақсатында кабинет ашу.

8. Балабақшаның сайтының жұмысын жандандыру мақсатында, тірі байланыс орнату арқылы күнделікті режимдік сәттердегі сабақтардың бейнежазбаларын сайтқа және инстаграмм желісіне жүктеу, содан кейін талқылау және басқалары ұсынылады.

9. Қабылдау бөлмесінде **«Қызықты тапсырма қоржыны» айдарын орнату** - үйге қызықты тапсырмалар беру арқылы ата-анамен бала және педагогпен арадағы мазмұнды диалог құруды қалыптастыру.

10. «Сүйікті ойыншығым сөйлейді» аймағы: Ойын – баланың негізгі әрекеті және дамытудың негізгі құралы. Баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру; баланың еркін ойнау дағдысын үй жағдайында да жетілдіру. Айына бір рет болса да ата анасының тарапынан ойыншық алып беруін қамтамасыз теу, ол ойыншықтың рөліне назар аудару. Бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгерту ойын нысанында іске асуға тиіс. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылады. Ата ана ойыншық сатып алғанда - Мектепке дейінгі ұйымдар оқыту сапасын арттыруға, еркін, мәдени, білімді, рухани дамыған және дені сау, әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін жайлы жағдайлар, қолжетімді кеңістіктік-білім беру ортасын құруға тиіс.

11. Астана әр аймақтан көшіп келушілердің тоғысқан мекені. **Патриоттық тәрбие беру:** әр отбасының тарихын, менталитетін зерттей отырып, жобаға сәйкес электронды картамен жұмыс жүргізі, ата-анамен байланыса отырып әр өлкені зерттеп тану, коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде

Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешу. азаматтық және патриотизмге баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады.

12. «Норматив күні» - ата-аналардың қатысуымен педагогикалық кеңес, ата-аналар конференциясы, Жаңа нормативтік-мазмұндық тәсілдерді іске асыру жағдайында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың алдына ашықтықты, ата-аналармен тығыз ынтымақтастықты және өзара іс-қимылды көздейтін нысаналы бағдарлар қойылады. Білім беру жүйесінің алдына қойылған міндеттер оқу-тәрбиелеу процесінің нәтижелі болуы үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыруды көздейді. Балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту процесіне ата-аналарды тарту мәселесі мынадай бағыттарда шешіледі:

1) ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;


2) ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымның қызметіне тарту.

13. «Дені саудың – жаны сау» қабылдау бөлмесінде бұрыштар ұйымдастыру «кьюар мен, немесе суретті стенд арқылы ата-ананы ас-мәзірінің ерекшеліктерімен сауаттандыру) Құнарлы тамақтану балалардың денсаулығы мен үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін маңызды және тиімді алғышарттардың бірі болып табылады, ол баланың қалыпты өсуіне, ағзалар мен тіндердің дұрыс дамуына, қаңқа, орталық жүйке жүйесі мен ақыл-ойдың қалыптасуына ықпал етеді, ағзаның қорғаныш күштерін арттырады.

14. Кәсіптік білім беру рубрикасы - ата-анасының кәсібіне қызығушылық таныту, кішкентайынан аталған кәсіпе баланың махаббатын ояту, сол кәсіпті жетілгенде ғылыми тұрғыдан игеруіне назар аудару, тек табыс көзі деп қарамау.

Нәтижесінде: Мектепке дейінгі ұйымның және мектепалды сыныбының түлегі: физикалық дамыған; ізденімпаз; бастамашыл; табанды; бейімделуге қабілетті, көпшіл; өзіне сенімді; өзі, отбасы, қоғам (жақын қоғам), мемлекет (ел), әлем және табиғат туралы алғашқы түсініктерге ие.

<https://cloud.mail.ru/stock/3Ba1ZGjDpDeBZisaZVLdop69/>





Сасенова Наркес Армияновна,
Алматы облысы, Қонаев қаласы,
«Ақ дидар» балабақшасының меңгерушісі

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

А. Сухомлинский балалардың ата-аналармен жұмыс істеудің маңызына ерекше назар аударып: «Тек ата-аналармен бірге, жалпы күш жігерді біріктіру арқасында тәрбиешілер балаларға үлкен бақытты беруі мүмкін», – дейді. Ата-аналармен үнемі қарым-қатынаста болу және оларды бейімдеу мен оқыту процестеріне тарту мектепке дейінгі ұйым ұжымының басты міндеттерінің бірі. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда баланың өмірі мен дамуына ықпал ететін барлық факторларды ескеру қажет. Демек, баламен жұмысты ата-аналарымен, қоршаған ортамен өзара ынтымақтастықта құру аса маңызды. Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып, отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру, ата-ана бойына өздерін тәрбиеші ретінде қарауда қызығушылықтарын дамыту.

Алматы облысы, Қонаев қаласы, «Ақдидар» балабақшасы 16 топ 370 бала арналған балабақша.

2022-2023 оқу жылында ҚР Оқу-ағарту министрілігінің №408 бұйрығы негізінде қазан, қараша, желтоқсан аралығында, «Алматы облысы білім басқармасының Қонаев қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ақдидар» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны «Өсу нүктелері» құзыреттілік орталықтары», «Мектепке дейінгі ұйымдағы топта күн бойында екі педагог» пилоттық жобаларын және

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын бағалау өлшемшарттарының апробациясын өткізу бойынша жұмыстарын жүргізді.



Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңартуға, балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тәсілдерін өзгертуге қатысты ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу, тәрбиелеу - білім беру процесінің нәтижелі болуы үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыру. Балаларды дамыту, тәрбиелеу мен оқыту процесіне ата-аналарды тарту, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру, балаларға мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мазмұнын іске асыру үшін жайлы жағдай жасауда отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, өзара түсіністік атмосферасын құру, мүдделердің ортақтығын, мектепке дейінгі ұйымның педагогтері мен ата-аналары арасында қарым-қатынасқа деген оң көзқарас пен тілектестікті қолдау, ата-аналар институтының жұмысын ұйымдастыру. Осы орайда заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру бойынша бірнеше

жұмыстар атқарылды.



Ата-аналармен бірге «Балабақшаға кітап сыйла», «Кіндер ойыншықтары», «Алтын сақа», «Көңілді қақпақтар» атты акциялар ұйымдастырылды. Қазіргі таңда балабақшамызда «Робототехника», «Құм терапия», «Асық», «Шахмат», «Ұлттық құндылықтар», «Монтессорий», «Шығармашылық», «Зерттеуші» орталықтары ашылды. Орталықтар, тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

Балабақшаның ата-аналармен жүргізетін жұмысының ерекшелігі осы екі жақтың байланысы мен әрекет бірлігінің тұрақтылығынан көрінеді. Бұл тұрақтылықты ең алдымен топ тәрбиешісі қамтамасыз етеді. Топ тәрбиешісінің ата-аналармен қоян-қолтық жұмыс істеуі мақсатты түрде өте ұзақ мерзімді қажет ететін процесс.



Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру үшін ата-аналар жиналыстарының жаңа форматының келесі түрлерін ұсынуға болады. Мысалы: ток шоу, қызықты сұрақ жауап кештері, конференциялар, «Түрлі түсті көңілді кеш», ашық алаң, дөңгелек үстел, тренингтер, «Тимбилдинг» әдісі т.б. арқылы ұйымдастыруға болады.



Балабақшамызда «Әжелер», «Аналар», «Әкелер» мектептері құрылды. «Әжелер» мектебі, 22 наурыз мерекесіне орай «Қош келдің, Әз-Наурыз» мерекесі балабақшада 1 апта бойы үлкен іс-шара өткізілді. Мереке қарсаңында «Ақ жаулықты әжеміз» әжелер байқауында әжелер өз өнерлерін көрсетсе, «Ақыл сұра үлкеннен» атты дөңгелек үстелде әжелеріміз жастарға үлгі – өнеге, ақыл-кеңестерімен бөлісті. Ертеңгіліктерде «Шашу», «Бесікке салу», «Тұсау кесер» салт-дәстүрлері сахналанып көрсетілді. Бұл ұйымдастырылған шаралар әр отбасында қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, рухани жаңғыруына жұмылдырылған. «Аналар» мектебі бойынша, аналарымызды «Домбыра» тартуға шақырдық. Сонымен қатар, балабақшамызда түрлі ертеңгіліктерге ата-аналар жоғары деңгейде қатысады. Сәуір айында «Ашық есік күні» өткізілді, балабақшамыздың барлық ата-аналары қатысты. «Ашық есік күнінің» мақсаты, ата-аналар балабақшаның тыныс тіршілігімен, сондай-ақ, баланың күні бойы іс әрекетін бақылайды. Мектеп жасына дейінгі мекемемен, оның дәстүрлерімен, ережелерімен тәрбиелеу - оқыту жұмыстарының ерекшеліктерімен таныстыруға, олармен қызықтыра білуге және қатысуға мүмкіндік береді. Ата-аналармен топтарға саяхат жасау, балабақша жұмысынан үзінді көрсету (ұжымдық жұмыстар, серуендеуге жинау т.с.с.) немесе әдіскер ата-аналармен әңгімелеседі, олардың алған әсерлерін анықтайды, туындаған сұрақтарға жауап береді. «Әкелер» мектебі бойынша, әкелер балабақшамыздың қоғамдық жұмыстарына қатысады. «Бір тал кессең, он тал ек» дегендей, балабақшамызды көгалдандыру бойынша ағаштар отырғызды


және «Құстарға қамқорлық жаса» іс-шарасы өткізілді. Әр бір іс-шараға белсенді қатысқан ата-аналарға ынталандыру мақсатында, сыйлықтар, алғыс хаттар, құттықтау хаттар, дипломдармен марапатталады.

Қорыта келгенде, болашағымыз жарқын, алғыр да білімді, мәдениетті, салауатты ұрпағымыз болуы үшін аянбай ету біздің парызымыз. Өз ұлтының болашағы үшін аянбай ету үшін бізге үнемі жетістіктерге жету, бала тәрбиесін дамытудың жаңаша

үрдістерін озық меңгере отырып, аянбай ету әрбір педагогтың Отан алдындағы абыройлы міндеті деп санаймын.

Ата-анамен балабақша арасындағы тығыз қарым-қатынас, бірлік, ынтымақ жарасым тапқан жағдайда оның бала тәрбиесіне тигізетін ықпалы да нәтижелі болмақ. Біздің мақсатымыз заман талабына сай жаңашыл, шығармашыл, мәдениетті, жан-жақты сауатты жеке тұлға тәрбиелеу.

<https://cloud.mail.ru/stock/3Ba1ZGjDpDeBZisaZVLdop69/>





Плакидова Татьяна Александровна,
воспитатель центра развития ясли-сада №1,
г. Экибастуз, Павлодарская область

РОЛЬ СЕМЬИ И ДЕТСКОГО САДА В ФОРМИРОВАНИИ ГОТОВНОСТИ РЕБЕНКА К ШКОЛЬНОМУ ОБУЧЕНИЮ

Аннотация. Статья посвящена проблеме готовности детей к школе, вопросам плавного перехода от детского сада к школе с наименьшими психологическими нагрузками для ребёнка, задачам интеллектуальной, мотивационной, волевой, социальной и физиологической готовности, а также формированию у ребенка психологической общей учебной готовности к школе, развитию у него познавательного интереса, инициативности, общительности и творческих способностей.

Ключевые слова: интеллектуальная готовность, мотивационная готовность, волевая готовность, социальная готовность, физиологическая готовность, принцип психологической комфортности, принцип деятельности.

Воспитание и обучение детей дошкольного возраста происходит в детском саду, где созданы все необходимые условия для приятного времяпровождения и развития детей. Основой целью воспитания и обучения является подготовка к школе. Комплексная подготовка включает следующие компоненты развития: интеллектуальную, мотивационную, волевую, социальную, физиологическую готовность. Каждый из этих компонентов должен быть хорошо развит [1].

Интеллектуальная готовность определяется наличием запасов конкретных знаний, умений и навыков, соответствующего речевого развития и познавательной активности.

Мотивационная готовность предполагает наличие у ребенка положительного отношения к школе и к учению. Мы должны научить ребенка выполнять не только интересные задания, но и «скучные». Такое отношение к учебе ведет к осознанию, что

у ребенка есть обязанности и он старается выполнить задание. У ребенка должна быть потребность в достижении успехов и он, не должен бояться неудач. Интерес к получению новых знаний должен быть ярко выражен.

Волевая готовность подразумевает способность ребенка контролировать себя, управлять своим поведением в целом. Это помогает ему, не отвлекаясь, доводить дело до конца, принимать самостоятельно решение.

Социальная готовность заключается в формировании у ребенка готовности к принятию новой социальной позиции - положения школьника. У него должны быть развиты те поведенческие качества, которые обеспечат установление взаимоотношений со сверстниками и с детьми старшего и младшего возраста. Ребенок должен общаться без стеснения, доброжелательно, правильно реагировать на замечания.

Физиологическая готовность определяется состоянием здоровья. Это фундамент

дальнейшей жизни, так как физически ослабленные дети, даже при наличии высокого интеллекта часто испытывают трудности при обучении. Физиологическая готовность – это значит хорошо владеть своим телом, координацией моторных навыков, ребенок демонстрирует значимую выносливость, реже жалуется на усталость. Без упоминаний по утрам умывается, чистит зубы, после улицы и перед едой моет руки, самостоятельно готовится ко сну. Ребенок, который имеет большой запас разнообразных навыков, физических качеств, легче переносит повышенные нагрузки и быстро осваивает все новое. В процессе физического воспитания важно осуществлять умственное, нравственное, эстетическое трудовое воспитание, чтобы обеспечить всестороннее развитие личности.

Формируя двигательные навыки, физические качества, следует развивать умственные способности (умение анализировать, выделять элементы и соединять в целое); нравственные качества (коллективизм, сознательная дисциплина); эстетические качества (умение понимать, чувствовать красоту). Каждый родитель хочет видеть своего ребенка здоровым, веселым, хорошо физически развитым. Наряду с совершенно естественной заботой о чистоте тела, необходимо обеспечить физическое воспитание, которое требует повседневного содружества врача, воспитателя и родителей.

Разработана новая программа по воспитанию и обучению дошкольного возраста, которая в полной мере охватывает все компоненты комплексной готовности ребенка к школе, а также уникальная система занятий, всевозможные методические рекомендации, пособия, сборники развивающих игр и игровых заданий. Все это помощники воспитателя. Очень важно не «перегрузить» ребенка информацией и не отбить интереса к учебе. Здесь, конечно, не обойтись воспитателю без активного участия и поддержки родителей, которые должны все знания и навыки, приобретенные детьми в детском саду закреплять дома. При этом учитывая советы и рекомендации

воспитателя:

- поощрять любознательность ребенка;
- слушать внимательно, сопереживая;
- никогда не заниматься, если Вы раздражены;
- не стараться быть для своего ребенка строгим учителем;
- стремиться к поддержанию дружеских отношений;
- не заставлять своего ребенка заниматься вопреки его желаниям, желания через силу могут вызвать у него стойкую нелюбовь к учению;
- не стремиться к тому, что бы ваш ребенок знал и умел больше, чем его сверстники;
- научите своего ребенка содержать свои вещи в порядке, его успехи в школе во многом зависят от того, как он умеет организовать свое рабочее место;
- не торопите малыша во время выполнения задания, старайтесь ему помогать, но в то же время не подавляйте инициативы;
- не оценивайте результаты ребенка слишком строго и по окончании работы обязательно похвалите [2].

В дошкольном возрасте ребенок обладает огромным потенциалом, активно развиваются его познавательные способности. Вот этим и надо воспользоваться воспитателям и родителям. Занятия, проводимые с детьми, формируют жизненно важные личностные качества – внимание и память, мышление и речь, аккуратность и трудолюбие, творческие навыки и способности.

У детей дошкольного возраста очень развита механическая память – можно, например вспомнить, как легко они осваивают языки, запоминают стихотворения, порядковый счет. И принято считать, что научив детей, считать и читать будет достаточно для успешного обучения в школе. Но в школе в первом классе ярко проявляются не те дети, кто запомнил больше информации, а те, у которых сформированы желания и привычка думать, стремление узнать, что-то новое, умение общаться, включаться в совместную игровую

и общественно-полезную деятельность. Главное – сформировать у ребенка психологическую общую учебную готовность к школе, развить у него познавательный интерес, инициативность, общительность и творческие деятельные способности. Именно на решение этих задач ориентирована новая программа по воспитанию и обучению детей дошкольного возраста.

Новые знания не даются детям в готовом виде, а входят в их жизнь как открытие закономерных связей и отношений окружающего мира путем анализа, сравнения, выявления существенных признаков обобщения. А воспитатель подводит детей к этим открытиям, организуя и направляя их поисковые действия. Ведущей деятельностью у дошкольников является игровая деятельность. Поэтому занятия по сути являются системой дидактических игр, в процессе которых дети исследуют проблемные ситуации, выявляют существенные признаки и отношения, соревнуются, делают открытия.

Вся система организации занятий воспринимается ребенком, как естественное продолжение его игровой деятельности. Большое внимание уделяется развитию вариативного мышления и воображения, в дошкольном возрасте эмоции играют едва ли не самую важную роль в развитии личности. Поэтому необходимым условием организации занятий является атмосфера доброжелательности, создание для каждого ребенка ситуации успеха. Это важно не только для развития познавательных процессов детей, но и для сохранения и поддержки их здоровья. Поскольку все дети обладают своими, только им свойственными качествами и уровнем развития, необходи-

мыми чтобы каждый ребенок продвигался вперед своим индивидуальным темпом. Существуют дидактические принципы в образовательном процессе, которые обеспечивают сохранение и поддержку психического здоровья детей.

Первый принцип психологической комфортности, то есть создается среда, обеспечивающая снятие всех стрессобразующих факторов учебного процесса. И это является приоритетным требованием к организации обучения.

Второй принцип – принцип деятельности, новое вводится в не готовом виде, а через самостоятельное открытие его детьми. Принцип целостного представления в мире: при введении нового знания раскрывается взаимосвязь с предметами и явлениями окружающего мира. Принцип вариативности: у детей формируется умение осуществлять собственный выбор [3].

Таким образом, чрезвычайно важной целью дошкольного образования сегодня является стимулирование развития самостоятельной игровой деятельности детей. Игра, является мощным воспитательным, обучающим, развивающим и коррекционным потенциалом. Игнорирование игры в семье в угоду так называемому «раннему обучению» приводит к тому, что ребенок, пресытившись принудительными учебными занятиями, не хочет идти в школу или быстро утрачивает к ней интерес, тем самым затягивается и становится более сложным и болезненным процесс адаптации его к «новым» условиям жизни и деятельности. Процесс воспитания и обучения в дошкольном образовании ориентирован на приобретение детьми собственного опыта.

Список литературы:

1. Айдашева А., Пичугина Н.О., Ассаулова С.В. *Дошкольная педагогика*. – М., 2012. – 178 с.
2. Ерофеева Т.И. *Изучение подходов к организации вариативного обучения детей дошкольного возраста*. – М., 2011. – 88 с.
3. Степанова О.А. *Развитие игровой деятельности ребенка*. – М., 2009. – 67 с.



Троеглазова Марина Васильевна,
воспитатель детского сада № 70,
г. Усть-Каменогорск

АКЦИЯ КАК ИНТЕРАКТИВНАЯ ФОРМА РАБОТЫ С РОДИТЕЛЯМИ

Аннотация. Изменения, происходящие сегодня в сфере дошкольного образования, направлены, прежде всего, на улучшение его качества, зависящего от согласованности действий семьи и детского сада. Особое внимание уделяется акции как нетрадиционной форме работы воспитателя с родителями, помогающей в решении проблем образования и воспитания детей. В статье предложен алгоритм подготовки акции и этапы её проведения, показаны конкретные формы организации тематических акций и практические приемы, которые позволяют достичь необходимого результата.

Ключевые слова: акция, совместная деятельность, просветительская акция, взаимодействие с родителями.

Одной из основных задач, стоящих перед детской дошкольной организацией, является взаимодействие с семьей для обеспечения полноценного развития личности ребенка и вовлечения родителей в образовательный процесс. Чтобы реализовать принцип партнерства и учета интересов семьи, требуется определенная, нестандартная форма организации общения педагогов и родителей по вопросу воспитания.

Одной из таких форм работы воспитателя с родителями является АКЦИЯ как одна из интерактивных форм работы с родителями. Акции направлены на сотрудничество семьи и детского сада в решении проблем образования и воспитания детей, повышение роли и ответственности родителей в деле гражданского образования и воспитания ребенка [1]. Акция – групповой метод работы, но он имеет сугубо индивидуальную направленность, мероприятия затрагивают непосредственно каждого человека: ребенка, родителя и педагога.

Оригинальные приемы, практическая деятельность поднимают настроение детей,

родителей и педагогов, способствуют сплочению коллектива, объединяют семью и детский сад. Участниками акций являются семьи воспитанников и педагоги. Таким образом, акции являются одной из форм совместной деятельности педагогов, детей и родителей.

Основными задачами проводимых акций являются: формирование системы педагогического взаимодействия детского сада и семьи в интересах развития личности ребенка, вовлечение родителей в активную практическую деятельность и сотрудничество семьи с детским садом. В результате проведения акций создаётся благоприятная среда для повышения количества контактов родителей с педагогами, формируются положительные отношения родителей к учреждению, вырастает потребность в общении родителей с педагогами. Данная форма работы развивает у детей положительную эмоциональную сферу и запоминание правил поведения в окружающем мире.

Тематика акций предлагается педагогами

родителям заранее. В дальнейшем идёт творческий поиск, нестандартное решение. Активное включение педагогов в создание той или иной тематической акции – это возможность стать основным разработчиком и исполнителем ряда действий для достижения цели.

Акция включает в себя три этапа: организационный (подготовительный), практический (основной), итоговый (заключительный). На первом этапе следует определить с детьми решение какой проблемы необходимо, какова цель и результат акции, для кого она, а также необходимо придумать форму проведения (что это будет) и ее продукт. На втором этапе проводится реализация акции. Это может быть одно мероприятие или несколько, следующих друг за другом. На третьем, итоговом этапе подводятся итоги акции и определение ее дальнейших перспектив: есть ли необходимость повторить, что можно усовершенствовать, целесообразно ли изменить форму проведения акции [2].

Акция, как и любая форма работы с родителями, имеет свой алгоритм подготовки и проведения:

1. Определение темы, целей и задач.
2. Составление плана акции.
3. Выбор интерактивных форм взаимодействия с родителями дошкольников (консультации, интерактивные игры, беседы, анкетирование, нетрадиционные родительские собрания, домашние задания, конкурсы и др.).
4. Различные формы работы с детьми.
5. Совместные мероприятия с родителями и детьми.
6. Реализация акции.
7. Поощрение детей и родителей за участие в проведении акций [3].

В детском саду №70 тематика проводимых акций тесно связана с комплексно-тематическим планированием. Согласно плану, проводились тематические

акции с родителями.

Просветительская акция по ПДД «Мы с зеброй неразлучные друзья»

Создан видеоролик и открытая игровая деятельность «В гостях у Светофора и Светофорика»

Цель: Привлечение внимания взрослых к проблемам безопасности дорожного движения, пропаганда соблюдения Правил дорожного движения.

Для участия в акции родителям, предлагается связать ШАРФЫ, рукавички, шапки, сумочки и. т. д, но с обязательным использованием символики «ЗЕБРА», то есть все предметы должны быть ПОЛОСАТЫМИ - черно-белые.



Рассказал Илья Володе,
Что с сестрой по зебре
ходит,
И, пока они идут,
Все авто стоят и ждут.
Но решил Володя:
«Жалко
Зебру брать из
зоопарка!»
Ну никак он не поймет,
Что та зебра-переход –
Не скакун четвероногий,
А полоски на дороге.

9

Сроки проведения:

Объявление акции – 11 февраля

Сбор информации – 12-22 февраля

Создание видеоролика – 25 февраля

Награждение участников – 28 февраля –
благодарность.

ФОТООТЧЁТ. Сделать фото своего ребёнка, или с вами вместе - с шарфиком «зебра» возле наземного пешеходного перехода или возле знака пешеходный переход. Из фотографий будет оформлена стенгазета и сделан видеоролик «Мы с зеброй неразлучные друзья»



Благотворительная акция «Подари детям книгу»

Акция, посвященная Международному дню КНИГИ – 23 апреля, организована выставка детских книг – необычные книжки-малышки, книги-пазлы, книги с музыкой, книга «Волшебный фонарь», книги-игра «Кто ты?», и т.д.

Традиционная акция помогает развить у детей устойчивый интерес к книге как к произведению искусства, источнику знания, воспитывать бережное отношение к книгам. Цель – популяризация чтения и пополнение книжного фонда группы художественной литературой.

Экологическая акция «Подари клумбе цветов»

Цель: развивать экологическую культуру: любовь к природе, всему живому, умение ухаживать за растениями, чуткость к окружающему миру. Озеленение участка создает благоприятный микроклимат – снижается запыленность, загазованность,

создаются благоприятная температура воздуха, влажность. Поэтому в этой акции заинтересованы не только педагоги, но и родители наших ребятишек. Посадка подаренных саженцев растений и цветов на клумбу, полив и уход за растениями.

Просветительская акция по защите прав ребенка «Право на отдых и досуг»

Актуальность: Соблюдение и уважение прав ребенка влияет на формирование развитого и гуманного общества.

Цель акции: укрепить детско-родительские отношения.

Задачи акции: формировать правовую культуру у детей и взрослых, сформировать позитивное и ответственное отношение родителей к воспитанию и развитию ребенка; способствовать гармонизации взаимоотношений между детьми и

родителями; укрепление отношений родитель - ребенок, родитель - воспитатель, родитель - детский сад; отмечаем День защиты детей вместе с родителями красочным флешмобом забавные рисунки-ладошки.


Таким образом, использование интерактивных форм работы дает определенные результаты: родители становятся активными участниками педагогического процесса и помощниками педагогов. Взаимодействуя

с воспитателями и участвуя в жизни детского сада, родители приобретают опыт педагогического сотрудничества. Совместная деятельность остается в памяти у ребёнка навсегда, а родители имеют возможность

быть причастными к образовательной деятельности и гордиться достижениями во взаимном процессе воспитания и обучения детей совместно с педагогами организации дошкольного образования.

Список литературы:

1. Шевченко О.В., Рунева И.А. Нетрадиционные формы работы с родителями // Дошкольная педагогика. – 2014. – № 1(96). – С.54-57.
2. Акции как форма работы с родителями. – 2022. – <https://nsportal.ru/detskii-sad/vospitatelnaya-rabota/2019/10/07/aksii-kak-forma-raboty-s-roditelyami>
3. Акция как форма работы ДОУ с родителями. – 2023. – <https://nsportal.ru/detskiy-sad/materialy-dlya-roditeley/2019/10/29/aksiya-kak-forma-raboty-dou-s-roditelyami>





Баядилова Вера Васильевна,
воспитатель КГКП «ясли-сада №1 Центр развития»,
Павлодарская область, город Экибастуз

СОЦИАЛИЗАЦИЯ РЕБЕНКА В ОБЩЕСТВЕ

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы оказания консультативной помощи родителям, и детям дошкольного возраста, воспитывающихся на дому.

Ключевые слова: консультационный пункт, социализация, результативность, консультирование, потенциал семьи, родители, психолого-педагогическая помощь.

Семья – первоисточник и образец формирования межличностных отношений для ребенка, а родители – образцы для подражания. Не существует другого такого института, где так точно определяются закономерности формирования будущего человека. За поведенческими проблемами, особенностями детских взаимоотношений стоят взрослые – их взгляд на мир, позиция, поведенческие стереотипы. Проблемы ребенка невозможно решать без учета того, что он зависим от ситуации и окружения, в которых находится. Искренняя заинтересованность взрослых – родителей, педагогов создает хорошую возможность для развития позитивных детско-родительских взаимоотношений.

Одна из эффективных нетрадиционных форм работы с родителями – консультационный пункт. Он обеспечивает преемственность семейного и общественного воспитания и образования, оказывает квалифицированную педагогическую помощь родителям (законным представителям) и детям дошкольного возраста, воспитывающихся на дому. Также оказывает содействие в социализации детей дошкольного возраста, не посещающих дошкольные организации [1,192-ст].

От семьи во многом зависит, каким этот мир будет восприниматься ребёнком: интересным, волнующим, несущим

открытия и позитивные эмоции или чужим и враждебным. В семье заложен огромный воспитательный потенциал. К сожалению, сегодня наблюдается неэффективное использование воспитательного потенциала семьи. У родителей отсутствует программа воспитания, в основном оно стихийно, их педагогические знания отрывочны, нет чётких представлений о возрастных и психических особенностях и потребностях ребёнка, они не умеют анализировать свои методы воспитания. И как следствие – частые ошибки, снижающие его результативность. При этом новые формы ориентированы как на семьи, чьи дети регулярно посещают дошкольные организации, так и на те, в которых дети в детские сады не ходят. Одной из таких новых форм является организация консультационных пунктов на базе дошкольной организации для семей, воспитывающих детей в возрасте от 1 года до 5 лет, не посещающих дошкольную организацию. Одной из традиционных форм взаимодействия дошкольной организации и семьи является консультирование педагогами родителей воспитанников – индивидуальное и групповое [2,71-ст].

Консультационные пункты призваны оказывать психолого-педагогическую помощь родителям, у которых нет возможности регулярно общаться с педагогами, психологами и другими

специалистами, работающими в дошкольной организации. В консультационных пунктах работают с родителями, у которых дети не посещают дошкольные организации. А в консультационных пунктах предусмотрены посещение мастер-классов, семинаров, консультации родителей вместе с детьми. Практика свидетельствует о том, что встреча родителей со специалистами и включение в живой процесс взаимодействия «ребёнок – родитель – специалист» в условиях комфортной ситуации (в отдельном небольшом помещении со специально подготовленной предметно-развивающей средой) оказываются наиболее полезными для родителей. Родители, которые неоднократно обращаются, со временем раскрываются, охотно делятся с педагогами своими проблемами, мыслями, семейным опытом и впоследствии доверяют своих детей уже знакомому детскому саду.


Специалисты, работающие с родителями, у которых дети не посещают дошкольные организации, способны помочь родителям грамотно оценить развитие ребёнка с учётом возрастных особенностей и норм. Так, для многих родителей характерно завышение требований к ребёнку, ориентация на раннее обучение и развитие. А если дошкольник в силу своих возрастных и индивидуальных особенностей не способен усвоить ту программу, которую составили для него взрослые, то у родителей может возникнуть тревога по поводу его развития. Другие же родители склонны считать ребёнка маленьким и несмышленным длительное время. Занижение требований также приносит отрицательные плоды. Интересуют родителей и такие темы, как использование новых информационных технологий в воспитании и обучении детей, вопросы

послушания ребёнка, организации его досуга и многое другое. В консультационном пункте родители могут получить ответы на свои вопросы, развеять тревоги и сомнения, утвердиться или, наоборот, скорректировать свои воспитательные воздействия. Дети должны научиться понимать, что проживание в мире сопряжено с выполнением целого ряда правил, с учётом мнения другого, уважением его прав [3,56-ст].

Консультационный пункт, для некоторых заочный сад создается при дошкольных организациях в целях оказания помощи родителям (законным представителям) и детям, не посещающим дошкольные организации, в том числе детям с ограниченными возможностями здоровья и воспитывающимся в условиях семьи. Непосредственную работу с семьей осуществляют специалисты дошкольной организации (учитель-логопед, педагог-психолог, воспитатели, и другие работники по запросу родителей). Консультационный пункт оказывает психолого-педагогическую помощь родителям в обеспечении эффективного отбора содержания, средств и способов психолого-педагогического взаимодействия с ребенком, поддержку всестороннего развития личности детей, не посещающих дошкольные организации в целях поддержки раннего семейного воспитания. Осуществляет индивидуальную, ориентированную на результат педагогическую и психологическую помощь детям дошкольного возраста. Привлекает родителей и детей к участию в традициях, праздниках, развлечениях. Также способствует реализации идей социального партнерства и повышению эффективности воспитательно-образовательного процесса в условиях дошкольной организации.

Использованная литература:

1. Жердева Е.В. *Дети раннего возраста в детском саду (возрастные особенности, адаптация, сценарии дня).* -2007;
2. Зубова Г., Арнаутова Е. *Психолого-педагогическая помощь родителям в подготовке малыша к посещению детского сада / Дошкольное воспитание.* – 2004;
3. Дубинин С. Н. *«Семейное воспитание как основной фактор развития личности ребенка»* -2009.



Жумагулова Улмекен Абдималиковна,
Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы,
№23 «Балдырған» бөбекжай – бақшасының
тәрбиешісі

БАЛАБАҚШАДАҒЫ ДАМУШЫ ОРТА

Аннотация. Бұл мақалада мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында дамытушы орта құрудың маңыздылығы жазылған. Жобаны жүзеге асыру барысында атқарылуға тиіс іс – әрекеттер тізбегі баяндалып, педагогтерге жүктелетін міндеттер айқындалады. Балабақша балаларын жан – жақты дамыту барысында басшылыққа алуға тиіс міндеттер жазылып, оны іске асырудың тетіктері көрсетілген.

Түйін сөз: балабақша, дамытушы орта, тәрбиеші, ұйым, заттық – кеңістік, бүлдіршін.

Мектепке дейінгі білім беру – оқу мен тәрбиенің ең негізгі бастау көзі. Дүниені тануға деген ұмтылысы зор, қоршаған ортаға қызығушылығы басым бүлдіршіндерді дұрыс арнаға бағыттап, жол көрсетіп, ынталарын арттыру осы салада тер төгіп жүрген жандарға тікелей байланысты. Себебі, дұрыс жоспарланған жүйелі жұмыс өзінің оң нәтижесін беретіні анық.

Мен де мектепке дейінгі білім беру саласында бірнеше жыл қатарынан тер төгіп, еңбек етіп келе жатқандықтан, аталмыш саланың қаншалықты маңызды екендігін жақсы білемін. Сол себепті, өскелең ұрпақ бойына бар ізгі қасиетті сіңіру барысында барынша жан – жақтылыққа жүгінгенді дұрыс көремін. Әсіресе, олардың бойында зерттеушілік қасиеттердің көрініс табуына ат салысып, ерте кезден өзіндік жұмыстың артықшылықтарына баулығанды дұрыс деп есептеймін.

Әрине, мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде тәрбиеленетін бүлдіршіндердің жас ерекшелігіне орай оларға тым артық жүктемені ұсынбайтынымыз белгілі.

Бірақ, дәл осы кезде олардың тұлғалық қасиеттері қалыптасып, мінез – құлығында, психологиялық – физикалық дамуында, оқу

мен тәрбиені игеру жағынан да ең негізгі тіректің пайда болатын сәті екендігін ұмытпағанымыз жөн. Балабақшада бойға сіңген қасиеттердің бәрі алдағы уақытта өзінің айқын көрінісін байқатып, үлкен өмірге қадам басқанда барлық жағынан ең негізгі факторға айналмақ. Сондықтан, қоршаған ортаны тануға әуес жандардың зерттеуге деген бейімділігін одан әрі арттырып, білімге деген қызығушылықтарын барынша дамыта білгеніміз жөн. Осы орайда балабақша қызметінде дамытушы орта құру, оны сәтті жүзеге асыру аса маңызды.

Бүгінгі күні мектепке дейінгі ұйымдарда дамытушы ортаны құру арқылы балаларды тәрбиелеу мен оқытуда отандық педагогика және психологияның бай тәжірбиесі жинақталған: мектепке дейінгі және ерте жастағы балалар үшін дидактикалық құралдар және дамытушы ойыншықтар жүйесін құру; ересектер мен балалар үшін ең қолайлы ортаны құру мақсатында мектепке дейінгі ұйымның ішкі архитектуралы-жоспарлық шешімін қалыптастыру; мектепке дейінгі ұйымдарда дамытушы ортаны құру қағидаты негізінде педагогикалық үдерісті материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету.

Ерте жастағы балаларды дамытуда

заттық – дамытушы орта маңызды фактор болып табылады. Бала толыққанды дамуы үшін балалар әлемді жарқын, қанық әсермен қабылдайтындай жағдай жасау қажет. Ерте жастағы балалар тобында заттық – дамытушы ортаны құру баланың толыққанды дамуы үшін, жетекші іс – әрекет түрлерін іске асыру үшін қажетті жағдай болып табылады. Танымдық және нәтижелі іс – әрекет, заттық және сюжетті-бейнелі ойындар. Ерте жастағы балалардың дамуына нормативтік құқықтық құжаттар және заттық – кеңістіктік дамытушы орта зор мәнге ие [1, 3-6].

Балабақша – тәрбиелеу мен білімнің бастауы екенін ескерсек, мектеп кезеңіне дайындық дәл осы ортада жүзеге асырылатыны мәлім. Олай болса, бүлдіршіндердің бүгінгі заман талабына сай әрекет етуін, сыни ойлауын, өзіндік пікірдің қалыптасуын ерте кезден дамытқан дұрыс. Ол үшін ақпараттық коммуникациялық технологияларды кеңінен пайдалану өз көмегін тигізбек. Қазіргі таңда кез – келген білім беру ұйымы соңғы үлгідегі заманауи құрал – жабдықтармен қамтамасыз етілгенін ескерсек, оны барынша іске асырған абзал.

Инновациялық технологиялардың артықшылықтары ұшан теңіз. Ол баланың қиялын арттырып, жылдам әрекет етуіне негіз болады. Көрнекіліктерді түрлендіріп, күнделікті әдіс – тәсілдердің сан алуан түрін қолдануға мүмкіндік береді. Кіші топтардағы бүлдіршіндер әлі ойыннан ұзап кете қоймағандығын ескерсек, дәл осы тың технологиялар көмегімен түрлі ойын түрін ұйымдастырып, мультимедияның көмегімен одан әрі қызықты ете аламыз. Сонымен қатар, жаңа тақырыппен таныстыру барысында да түрлі – түсті суреттер, анимациялық көріністерді де жасауға болады.

Білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – тұлғаны оқыту, тәрбиелеу, дамыту. Бұл мақсаттар өзара тығыз байланыста болғанда ғана нәтижелі болады. Баланы өмірге дайындау үшін дамытудың маңызы ерекше. Даму барысы:

- Зердесін дамыту;
- Эмоциясы мен сезімдерін дамыту;

- Күрт қиыншылықтарға төтеп бере алуын дамыту;

- Өзіне – өзінің сенімділігін, өзін – өзі қабылдау, жақсы көруді дамыту;

- Танымдық үрдісін дамыту;

- Өзін-өзі алып жүре алуын, дербестігін дамыту;

- Өзін-өзі көрсете алуына, өзін-өзі жетілдіруге ынтасын дамыту [2, 33-35- б].

Балабақшада дамытушы орта құру барысында заттық – кеңістік ортаны жетілдірудің де маңызы зор.

Себебі, мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленетін бүлдіршіндер ойыннан әлі алыс ұзап қоймағандықтан, олардың күнделікті көз алдында кездесетін ойыншықтары, көрнекіліктер, ұстайтын заттары және назар аударатын нысандары барлығы дерлік дамытудың тетігіне айналғаны жөн. Эстетикалық, танымдық, талғамдық, моторикалық дамуға топ ішінің әрленуі, заттардың орналасуы, ойыншық түрлері, кеңістік әсер етеді. Балалар қоршаған орта туралы түсінікті дәл осы кезеңде қалыптастыратын болғандықтан, дамытушы орта құру барысында балабақша ішінде жайлы мекен жасап, тәрбиеленушілердің емін – еркін қозғалысына, сенсорлық дамуына жағдай жасалу керек.

ҚР «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған, білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу» деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді [3].


Балабақшада дамытушы орта құру барысында кез-келген жайтқа жіті мән беріп, бөлменің әрленуінен бастап, ойыншықтардың сапасы, тәрбиешілердің қолданатын әдіс-тәсілдері, ұйымдастырылған іс-әрекеті барысы, жас ерекшелігі барлық талаптар ескерілу қажет. Бүлдіршіндердің тұлғалық дамудың ең алғашқы сатысы мектепке дейінгі ұйым болғандықтан, барынша ұқыптылыққа

мән беріп, жас буын өкілдерінің жан – жақты жетілуіне жағдай жалу тиіс. Әр бала бір әлем. Біз олардың бойына қандай қасиеттерді дарытатын болсақ, сол өзінің жемісін береді.

Білімді ұрпақ – ел болашағы. Кемелдеңген келешектің іргесін одан әрі дамытатын ұрпақ бойына бар асыл қасиетті сіңіру біздің басты мақсатымыз!

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1. Балаларды ерте жастан дамытуға арналған заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. - Астана, 2015.-15 бет;*
- 2. Грэйс Крайг. Психология развития. -2000;*
- 3.Қазақстан Республикасының Білім Заңы. - Алматы. - 2007ж.*





Демеуова Назира Сырылбаевна,
Павлодар облысы, Екібастұз қаласы,
№ 3 санаториялық сәбилер бақшасының басшысы

БАЛАБАҚШАДА ОЙЫН АРҚЫЛЫ ІС-ӘРЕКЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аннотация. Бұл мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесінің мәні мен мазмұны туралы айтылады.

Кілтті сөздер: ұйымдастырылған іс-әрекет, үдеріс, әдіс, сабақтастық, үздіксіздік, т.б.

Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы. Мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін үйірмелер жұмысы, жобалар сайысы, ата-аналармен тығыз байланыс, тағы басқалары жоспарлы жүзеге асуда. Біздің тәрбиешілер балаларға басшы емес, білім беру қызметінің тең қатысушысы.

Мектепке дейінгі ұйымдарда жаңа серпіліс бар, өйткені нормативтік құқықтық құжаттарға өзгерістер енгізілді. Жаңа құжаттарға сай мектепке дейінгі білім беру деңгейінде кіріктірілген бес әрекетті ойын арқылы ұйымдастыру өз тиімділігін беруде.

Л.Выготский «Мектепке дейінгі балалық шақты ерекше ұйымдастырудың» маңыздылығы туралы атап көрсетсе, Д. Эльконин тәрбиелеу білім беру процесінің ерекше сипатта болуын ұсынған. Сондықтан, баланың ойын арқылы әрекеттерін ұйымдастыра отырып, олардың өзара сабақтастығы мен үздіксіздігін қадағалау қажеттігіне басты назар аударылған [4,6].

Мектепке дейінгі ұйымдағы ұйымдастырылған іс-әрекеттің негізгі түрі ретінде ойын баланы дамыту тұрғысынан оқу қажеттіліктеріне сәйкес құрылымдалған, еркін немесе педагогтің жетекшілігімен жүзеге асады. Ойынды тек сауық-сайран ретінде қарастырып, балаларға толық еркіндік беріп, бетімен жіберу орынсыз.

Кез келген ойын балаға оқу барысында немесе балалар мекемесінен тыс өмірлік жағдайларда қажет болатын нақты дағдыларды дамытуға бағытталғаны дұрыс. Сондықтан, педагогтер ойынды таңдауға мұқият көңіл бөлгені жөн, өйткені балаға орындытаңдалған ойындар арқылы бастауыш мектепте оқуында немесе өмірінде пайдалы болатын белгілі бір білік-дағдыларды дамытуына мүмкіндігі болады. Осыған орай балаларды оқытуда ойынның сыртқы сипатын ғана ұқсату емес, ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарға және циклограммаға сүйене отырып, жоспарланған іс-әрекетке шынайы ойынды ұйымдастыру аса маңызды. Осы ұйымдастырылған іс-әрекет арқылы мектеп жасына дейінгі балалар «өз бетінше басқару» қызметін пайдаланады. Олар өсе келе өз деңгейлеріне сәйкес келетін тапсырма түрін таңдауға, оларды тиімді пайдалануға, өздерінің әрекетін түзетуге немесе қажет болған жағдайда көмек сұрауға, сондай-ақ іс-әрекет аяқталғанша немесе мақсатқа жеткенше «үдерісті» тоқтатпауға қабілетті бола бастайды. Таңдалып алынған тапсырмалар өзін-өзі реттеу тәсілдерін жүзеге асыруға ықпал етуі қажет. Өз бетінше реттелу тапсырмаға қызығушылықтың анағұрлым жоғары деңгейінде өтуге ықпал етеді. [2,24-6].


Бағдарлама өн бойында қолдануға болатын, балалардың тілін дамытуға мүмкіндік беретін тиімді педагогикалық әдіс-тәсілдерді анықтауға көмектеседі. Мектеп жасына дейінгі баланы дүниетанымын, санасы, зердесі, тілдің дұрыс дамуы, сөздік қорының молаюы, сөзге қызығушылығы жедел қалыптасатындығы тілдің грамматикасын үйретудің түп негізі – балабақшада қалыптасатыны мәлім. Біз іс-әрекетті жүзеге асыру үшін ойын арқылы әңгімелесу, күнделікті өмірге қажетті заттарды, айналадағы

дүниені бақылау, кейбір заттардың өзін немесе суретін көрсетіп сөйлесу арқылы біз баланы таза, түсінікті сөйлеуге, үйретеміз. Ұйымдастырылған іс-әрекетті іске асыру ойын әдісін қолдану арқылы өте тиімді және баланың есте сақтауына қолайлы екенін нақты айта аламыз. [3,15-б].

Біздің болашағымыз бала болғандықтан жаңа технологиялар мен әдістемелерді қолдану, арқылы мектепке дейінгі білім беру сапасын және оның нәтижелерін арттыруға ықпал етеміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 14.10.2022 ж, № 422 бұйрығы;*
- 2. Л.С. Выготский. Обучение и развитие в дошкольном возрасте.-2004;*
- 3. Л.С. Выготский. Психология развития человека.-2003;*
- 4. Л.С. Выготский «Балалар ойыны туралы тұжырымдары».*





Матиева Жанат Усенбаевна,

*Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
Президент Іс басқармасы Медициналық
орталығының «Қарлығаш» балабақшасының
тәрбиешісі*

БАЛАБАҚШАДАҒЫ ДИЗАЙН САБАҒЫ

Аңдатпа. «Балабақшадағы дизайн сабағы» мақаласы мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беру процесінің маңызды аспектісіне жан-жақты шолу болып табылады. Автор қолайлы оқу кеңістігін қалыптастырудағы дизайн рөліне назар аударып отырып, баланы ынталандыратын пәндік дамытушы ортасын құрудың заманауи тәсілдерін зерттейді. Мақалада дизайн қызметінің әртүрлі аспектілері, соның ішінде кеңістікті ұйымдастыру, материалдарды таңдау және сыртқы әлеммен өзара әрекеттесудің инновациялық әдістері қарастырылады. Сондай-ақ дизайнның балалардың жан-жақты дамуына қалай әсер ететініне және шығармашылық пен оқуды қолдау үшін қандай практикалық тәсілдерді қолдануға болатынына ерекше назар аударылады.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, дизайн, білім-беру кеңістігі, балалардың шығармашылығы, балаларға арналған дизайн, педагогикалық тәсілдер.

Күнделікті өмірде, өнер туындыларында балаға табиғаттағы сұлулық туралы алғашқы ақпаратты қалай беруге болады? Оның шындыққа эстетикалық көзқарасының алғышарттарын қалай қалыптастыруға болады? Қарындашпен сурет салу, түрлі-түсті аппликация, модельдеу, және әр түрлі материалдардан жасалған дизайн - бұл баланы бейнелеу өнерімен таныстырудың қол жетімді құралдары.

Әрине, барлық балалар суретші бола бермейді, бірақ әркім өзінің көркемдік тәжірибесін «сұлулық пен тәртіп заңдарына сәйкес» өмірін жақсартуда қолдана алады. Бұл «дизайн» қызметінің негізгі міндеті мен мазмұны.

Дизайн қызметінің міндеттері:

- балалардың бойында қоршаған ортаға және өнер туындыларына деген қызығушылық пен эстетикалық көзқарасты қалыптастыру;
- өзінің ойнайтын ортасын, маңайын көркейтуге және безендіруге шақыру;
- әлем, табиғат, ересектер мен балалар-

дың бойында көркем шығармашылық туралы эстетикалық қабылдауды дамыту;

- балалардың қияли көріністерін қолдай отырып, олардың фантазиясын, өз идеяларын ұсынудағы батылдығын дамыту;

- балаларды әртүрлі материалдармен жұмыс істеуге тарту, сауатты және әдемі шығармалар жасауға үйрету.

«Дизайн» қызметі кеңістікті эстетикалық түрде ұйымдастыруға да, баланың ортасын құрайтын әдемі пайдалы заттарды жасауға да бағытталуы мүмкін. Балалар дизайнының өнімдерін бірден ойындар мен күнделікті өмірде қолдана алады.

Дизайнның үш түрі бар:

- жазықтық (аппликативті-графикалық),
- көлемді (заттық-сәндік),
- кеңістіктік (архитектуралық-көркемдік).

Әр түрі бойынша дизайн қызметтің үш бағыты жүзеге асырылады (балалар дизайнының түрлері) [1].

Бірінші бағыт – «келісімдер» - киімді безендіруге және интерьерді безендіруге бағытталған. Балалар қолөнерінің

дәстүрлерін дамытуды қамтиды. Олар: фито-дизайн композициялары, гүл шоқтары, гербарий картиналары, жасанды және табиғи материалдан жасалған зергерлік бұйымдар, ермексаздан жасалған түрлі-түсті витраждар мен мозаика, ойын бөлшектері мен сюжеттік-тақырыптық, ертегі-сиқырлы және сәндік композициялардың элементтері болуы мүмкін.

Екінші бағыт – «Киім дизайны» - балаларды киім мәдениетімен және мектеп жасына дейінгі балаларға суреттер – эскиздер, стильдер мен көйлектің сәндік безендірілуімен таныстыруды қамтиды. Бос уақытында балалар әдеби шығармалардың, мультфильмдердің, спектакльдердің кейіпкерлеріне арналған костюмдердің эскиздерін салады. Сондай-ақ, күнделікті және мерекелік киім жасау да осы бағытқа кіреді.

Үшінші бағыт – «сәндік-кеңістік дизайн» - ол балалардың назарын ғимараттар мен ландшафттың сыртқы келбетін безендіруге, мәдени-ойын кеңістігін, топтық бөлмелердің интерьерін, үй-жайларды балабақшаның мерекелік ертеңгіліктеріне эстетикалауға бағыттайды. Балалар импровизацияланған материалдарды қолдана отырып, бөлмелердің, үйлердің макеттерін жасау кезінде дизайн тәжірибесін алады [2].

Балаларды дизайнмен таныстырудың негізгі кезеңдері:

1. Дизайнның (дизайн, үйлесімділік, композиция) және композицияның (кеңістік, сызық, дақ, пішін, түс, текстура) негізгі ұғымдарымен танысу.

2. Негізгі мамандықтармен танысу. Индустрия дизайны (сәнгер, стилист, сәулетші)

3. Әр түрлі шығармашылық жұмыстарды орындау технологиясын зерттеу.

4. Дайын өнімді жобалау ережелерін қолдану.

5. Дизайн технологияларын енгізу.

6. Өз ниеті бойынша бұйымдар жасау.

7. Өз жұмысының нәтижелерін бағалау.

Мектеп жасына дейінгі балалардың бірлескен дизайн қызметін ұйымдастыру формалары:

- фронтальды ұйымдастырылған іс-әрекетте бір тақырып бойынша орындалған балалардың жеке жұмыстарының жалпы композициясын жасау үшін (көрмесіне) бірігу;

- «бір парақтағы» балалар тобының жұмысы: фриз, панель және т. б., мұнда әр бала парақтың өз бөлігін құрдастарының жұмыстарымен үйлестіре отырып орындайды;

- «эстафета», «конвейер» сияқты жұмыстардың кезеңдік сипаты.

Педагог – балалардың жетекшісі және жобалау әрекетінің тікелей қатысушысы ретінде іс-әрекеттерді ұйымдастырады:

- «суретті салып бітір», «ары қарай боя», «ғимаратты соғып бітір» деген секілді тапсырмалар арқылы бала шеберге еліктей отырып, өз «фрагментін» көрсетеді;

- бірлескен жұмыс нәтижесіне арналған тапсырмалар, егер ол өзбетінше жасалған жұмыс болса;

- шығармашылық ізденісте баланың толық тәуелсіздігін талап ететін тапсырмалар, онда ол өз іс-әрекетін өзі жоспарлайды. Бұл жағдайда тәрбиешінің тікелей басшылығы баланың іс-әрекетін жанама және әдептілікпен үйлестіруге өзгереді.

Тәрбиеші мынадай жағдайлардың мүмкін емес екенін есте ұстауы керек:

- балаларға аса күрделі және көлемді тапсырмаларды шамадан тыс жүктеп, шамадан тыс талаптар қою.

- автордың білімінсіз және келісімінсіз балалар шығармаларын «жетілдіре» алмайсыз. (Бала өзін жетілдіру бойынша ауызша ұсыныстарды ерікті түрде орындайды).

- басқа тапсырма ұсына отырып, оның жұмысын тоқтата алмайсыз немесе оның жоспарларын соңына дейін орындауына кедергі жасай алмайсыз.

- сіз баланың кемшіліктерін мақтай алмайсыз немесе баса айта алмайсыз. (тәрбиеші ізгі ниет атмосферасын сақтайды, балаларды және жалпы топты табысты жұмыс істеуге ынталандырады, мысалы, үлкен ойыншықпен, картинамен, сәндік

панномен, интерьердегі ойын кешенімен, «тәтті» сыйлықпен және т.б.)

Мектепке дейінгі жастағы балаларға дизайн элементтерін енгізу келесі талаптар орындалған жағдайда тиімді болады:

- ӘБН (әрекетті бағдарлау негізі) циклін дәйекті түрде құру және жобалау әрекеттерінің әртүрлі түрлерін қосу;

- балаларға жобалау қызметінің мәні мен маңызын және олардың практикалық бағыттылығын жеткізу;

- балалар дизайн бұйымдарын іс жүзінде қолдану – балабақшадағы іс-әрекеттер;

- балалардың дизайн өнерінің үлгілерін қабылдауын ұйымдастыру;

- мектепке дейінгі білім беру мекемесі мен отбасының өзара әрекетін ұйымдастыру;

- балалар дизайнына қажетті материалдық жабдықтардың болуы.

Балабақша тәжірибесінде ұғымдардың мазмұны жиі шатастырылады: «бейнелеу әрекеті» (қолөнермен), «шығармашылық дизайн» және «балалар дизайнның» нақты қызметі. Әрине, бұл шектеулер шартты болып табылады, бірақ сонымен бірге мыналарды атап өткен жөн: көркемдік және дидактикалық сабақтардан кейін балалар бұйымдары папкалар мен жәшіктерге салынып, содан кейін қажет болғанша – бұл әлі балалар дизайны емес. Осылайша, балалар көрмесі (интерьер, декор және мерекелер мен ойын-сауыққа арналған костюмдер, олардың қатысуымен безендірілген) балалар дизайнның объектілері болуы мүмкін (сәндік және дизайн қызметі).

Осылайша, дизайн өнері өмірге белсенді түрде енеді. Егер «балаларға арналған дизайн» суретші-дизайнерлердің кәсіби іс-әрекетінің бір саласы болса, онда «балалар дизайны» баланың өзін қоршаған объектілік-кеңістіктік ортаны жақсарту бойынша сәндік әрекеттерімен байланысты. Балалар айналадағы өздеріне ұнайтын немесе ұнатпайтын қоршаған орта объектілеріне назар аударады, түстердің, пішіндердің, өлшемдердің және пропорциялардың әртүрлілігін атап өтеді [3].

Олар өсімдіктер мен минералдарды жинап, қағазды пайдалана алады. Маталар

мен синтетикалық материалдар, олардан композициялар (букет, гербарийлер, гирляндилар) және үйіңізді безендіру үшін бейнелі композициялар жасаймыз. Көркем ойындар мен рөлдік ойындар балаларды қуыршақтарға арналған шкаф (көйлектер, бас киімдер, аяқ киімдер), спектакльдер, ойын-сауық және мерекелік ертеңгіліктер үшін декор іздеуге шақырады.

Мектеп жасына дейінгі ересек балалар өздерінің іс-әрекеттерінен білім алады, олардың киімдері мен жүріс-тұрысына қарап адамдардың жасы мен мамандығын, талғамы мен өмір салтын бағалай алады. Мектеп жасына дейінгі ересек бала қуыршақ бөлмелерінің жиһаздарын тек мақсаты бойынша ғана емес (қонақ бөлме, асхана, жатын бөлме) таңдай алады.

Бөлмелердің безендірілуін (үйде, балабақшада) бақылап, бағалай отырып, балалар эстетикалық бірлік принциптерін (қызмет көрсету, жиһаз жиынтықтары) және оларға қолжетімді безендірудің көркемдік бейнесін қуыршақ ойынының интерьерін жасау тәжірибесіне ауыстырады.

Ұйымдастырған іс-әрекетте дизайн элементтерін енгізу үшін балалардың әртүрлі материалдардың (қағаз, картон, пластикалық мата, табиғи материалдар және т.б.) қасиеттері туралы білімдерін кеңейту қажет. Балаларды әр түрлі көркемдік материалдар ментехнологиялардың (дымқылқағазға сурет салу, түрлі-түсті қағазға тіс пастасымен сурет салу, шашыратқышпен бояу, монотиптер, ермексазбен сурет салу, саусақпен сурет салу, кляксография, коллаж, соғу әдісі, бедерлеу, кескіндеме) ерекшеліктерімен және мүмкіндіктерімен таныстыру. Бұл балаларға өз идеяларын жүзеге асыру үшін ең қолайлы техниканы немесе материалды таңдауға мүмкіндік береді [4].

Дизайн қызметі «Сән театры», «Қалпақ фестивалі», «Ертегілер патшалығындағы доп» сияқты көркем және ойын жағдайында тиімді болады. Балалар өздерін нағыз сәнгер екенін дәлелдейді. Олар ойлап тапқан қалпақ, көйлек, костюм үлгілері өзіндік ерекшелігімен, даралығымен ерекшеленеді.

Табиғи және жасанды материалдардан


(жасыл шөп, ағаштың бұталары, минералдар, қағаз, мата, ағаш, синтетика және т.б.) жасалған композициялардың дизайны қызықты және пайдалы. Тірі және жансыз табиғат материалдарынан қолөнер бұйымдарын жасау арқылы балалар әсемдікпен танысады.

Осы бағыттағы табысты жұмыс үшін балабақшамызда ағымдағы оқу жылында

біздің мектепке дейінгі білім беру мекемесінің педагогтары үшін «Балалар дизайны мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық белсенділігін дамыту құралы ретінде» тақырыбында әдістемелік бірлестік және балалар байқауы өтті. «Эксперименттік конструкторлар» шығармашылық орталықтары ұйымдастырылды.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1. Сибагатова Г.Қ. «Материалдық мәдениет және дизайн тарихы» Оқу құралы 2019 жыл, 8 бет, 114 бет;*
- 2. Ералин Қ., Ералина Ф. «Дизайн негіздері» Эпигаф, 2017 жыл, 197 бет;*
- 3. Н.М.Соколков, Е.В. Сокольникова «Дизайн тарихы»;*
- 4. Майк Монтейро «Дизайн это работа».*





Хоменко Оксана Юрьевна,
логопед центра развития ясли-сада №1,
г. Экибастуз, Павлодарская область

ОСОБЕННОСТИ ЛОГОПЕДИЧЕСКОЙ РАБОТЫ С ДЕТЬМИ МЛАДШЕГО ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА С ЗАДЕРЖКОЙ РЕЧЕВОГО РАЗВИТИЯ

Аннотация. В статье рассматривается вопрос об особенностях речевого развития детей младшего дошкольного возраста с задержкой речевого развития. Выявлены причины возникновения задержки речевого развития, описаны особенности развития речи детей младшего дошкольного возраста, обозначены направления и этапы логопедической работы.

Ключевые слова: задержка речевого развития, речевая активность, фонематический слух, аморфные слова, речевое дыхание.

В последние годы увеличивается количество обращений детей с задержкой речевого развития в логопедические кабинеты.

Что такое «Задержка речевого развития»? Задержка речевого развития (ЗРР) – это отставание от возрастной нормы речевого развития в возрасте до 3 лет.

Основные причины возникновения задержки речевого развития:

1. Невостребованность речи. Если с ребёнком никто не разговаривает или наоборот, угадывает все его желания, и говорит с ним, не формируя потребность ребёнка выражать свои требования и эмоции словами.

2. Замедленный темп созревания нервных клеток, отвечающих за речь (чаще всего обусловлено генетически).

3. Заболевания и поражения головного мозга (гипоксия, травмы и инфекционные заболевания, перенесённые внутриутробно, в период родов и в первый год жизни).

4. Нарушение слуха. Речь формируется на основе услышанного, если у ребёнка есть проблемы со слухом, то возникают проблемы с воспроизведением слов, с речью.

В норме, при рождении, первая голосовая реакция малыша – это крик. Он «включает» работу речевого аппарата. В последующем крик изменяется: начинает принимать разные интонации. Это говорит о том, что функция общения начала развиваться [1].

В 2-3 месяца появляется гуление – это произношение серии тянущихся гласных звуков (А, У, Ы) в сочетании с согласными (Г, К, М). В 6-7 месяцев гуление перерастает в лепет. Это пары звуков, похожие на слоги (МА, ТА, ПА, БА и т.п.), с помощью них ребёнок говорит о своих потребностях. После 8-ми месяцев звуки, не нужные в родном языке, исчезают и закрепляются новые, которые похожи на родной язык [2].

Конец первого года жизни знаменуется появлением первых слов.

Общение при помощи фразы появляется обычно в возрасте от 1,5 – 2 –х лет. Предложение состоит из двух реже трёх слов, которые выражают желание («Мама иди», «Папа дай»), передают переживания малыша («Вот киса»!).

В 3 года ребёнок превращается в болтуна. В этот период значительно увеличивается словарный запас, развивается способность

к словотворчеству. После трёх лет ребёнок активно овладевает звукопроизношением, у него интенсивно развивается фонематический слух – это способность различать звуки родного языка.

После 4-х лет предложения детей становятся длиннее, а овладение нормальным звукопроизношением в норме завершается к 5 годам жизни.

Ребёнок с задержкой речевого развития не проходит все этапы нормального речевого развития. Одним из ведущих признаков у детей с тяжёлыми речевыми расстройствами является позднее начало речи: первые слова появляются к 3–4, а иногда и к 5 годам.

У детей либо полностью отсутствует речь, либо имеются лишь элементы речи. Активный словарь детей состоит из небольшого числа звукоподражаний и звуковых комплексов (лепетных слов), которые часто сопровождаются жестами («би» – машина поехала, «ли» – пол). лепетные слова либо включают фрагменты слова (петух – «угу», киска – «тита», бабушка – «де»), либо звуко сочетания, не похожие на правильное слово (воробей – «ки»).

Чтобы «запустить» речь ребёнку, проводится поэтапная работа с неговорящими детьми. Так как звуки речи формируются с помощью речевого дыхания и определённых артикуляционных укладов в зависимости от вызываемых звуков, работа начинается с формирования речевого дыхания и активизации подвижности органов артикуляции в игровой форме с использованием методики биоэнергопластики. Затем начинается работа над повторением отдельных звуков, несущих смысловую нагрузку. На данном этапе логопед организует различные

игры, например «Как малыш плачет? - Аааа», «Кораблик плывёт – Уууу» и т.д., в процессе которых происходит вызывание звуков [3].

Следующий этап – это повторение аморфных слов. Аморфные слова – это грамматически неизменяемые слова-корни, слова-звукоподражания. К таким относятся подражания голосам животных – му, гав-гав, мяу и др. подражания звукам музыкальных игрушек – бом-бом, ду-ду, динь-динь. Затем работаем над активацией повторения слов. Вначале это простые короткие слова – мама, папа, дай, на, киса, утя и т.д. На этом этапе возможно облегчённое употребление вариантов слов: не кошка, а киса, не утка, а утя. Затем ведётся работа над произношением односложных слов в закрытом слоге.

Следующий этап в логопедической работе – это активация использования простых глаголов повелительного наклонения (Оля, кати. Мама, дай). Затем ведётся работа над развитием слоговой структуры двусложных слов со стечением согласных звуков. На следующем этапе учим ребёнка использовать простые фразы, состоящие из двух-трёх простых слов.

Важно понимать родителям, чем раньше будет начата работа, тем больше шансов скомпенсировать речевое нарушение у детей с легкими или средними формами недоразвития тех или иных психо-речевых функций.

Таким образом, задача коррекционного воздействия на детей с тяжёлыми формами патологии речи заключается в поддержке и максимально возможном развитии навыков коммуникации, самообслуживания, чтобы в дальнейшем такие дети имели возможность социализироваться в обществе.

Список литературы:

1. Большакова С.Е. Преодоление нарушений слоговой структуры слова у детей: Методическое пособие. – М., 2006. – 104 с.
2. Борисова Е.А. Индивидуальные логопедические занятия с дошкольниками, имеющими общее недоразвитие речи. – М., 2008. – 97 с.
3. Боровцова Л.А. Роль методических объединений и групп профессионального общения в системе непрерывного образования учителя-логопеда // Логопед. – 2007. – №5. – С. 33–38.



Оспанова Гульзат Сагынтаевна,
Қарағанды облысы, Абай ауданы, Абай қаласы,
«Таңшолпан» мектеп-бөбекжай» кешенінің
қазақ тілі мұғалімі

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада тірек сызбалар арқылы балаларға қазақ тілін үйрету мәселесі қарастырылған.

Түйін сөздер: Тірек сызбалалар, сөз тізбегі, ұйымдастырылған іс-әрекет.

Балабақшадағы қазақ тілі педагогінің жалпы мақсаты-өзге ұлт балаларының қазақ тілінде сөйлеуі, қарым-қатынас жасау деңгейін мемлекеттік тіл дәрежесіне жеткізу. Жаңашыл педагогика үшін қазақ тілін мектепке дейінгі мекемелерде оқыту жауапты және қиын міндет болып саналады. Сондықтан орыс тілді балаларды қазақ тіліне оқытуда олардың тілге деген қызығушылығын, жас және психологиялық ерекшеліктерін ескеру керек. Заман талабына сай, әр педагог ұйымдастырылған іс-әрекетін жаңаша ұйымдастырып, шығармашылық ізденіспен өткізеді. Осы мақсат пен міндеттерді негізге ала отырып, өзге ұлт балаларына қазақ тілін үйретуде тек қана сөздерді қайталау арқылы үйретпей, оларды ойындар мен көрнекіліктер арқылы үйреткен тиімді болып табылады. Ойын мен көрнекілік-балалардың тілді үйренуге деген қызығушылығын арттырады, сенімін оятады. Балалардың білуге деген ынтасы мен мүмкіндігін толық пайдалану және оларды оқу барысында үздіксіз дамытып отыру, сабақта алған білімдерін тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін сабақта ойын түрлерін пайдалану қажет. Бірнеше түрлі тірек сызбаларды пайдаланып, әр түрлі ойын жағдайларында балалардың өз бетінше ойларын жеткізе алуын қалыптастыру қажет [1,56-бет].

Сызбалар көрнекіліктердің бір түріне жатады. Тіл үйрету әрекеттерінің кез келген түрінде көрнекіліктердің атқаратын рөлі өте маңызды. Көрнекілік арқылы көрсетілген материал баланың жадында берік және ұзақ сақталады. Тірек сызбалар дегеніміз оқыту үдерісінде тілдік материалды балаларға әсерлі және ұтымды меңгерту мақсатында қолданылатын сызба, пиктограмма, алгоритм, графиктер немесе графикалық түрде бейнеленген ойын-тапсырмалар, жаттығулар. Тірек сызбалар балалардың тілін дамыту, өткен материалдарды бекіту үшін және де байланыстырып сөйлеу тілінің бастапқы формаларын қалыптастыру үшін қолданылатын өте ұтымды әдістердің бірі. Сызбалар, алгоритмдер тәрбиеленушілердің тілдік материалды тез және саналы түрде меңгеруін ұйымдастырумен бірге, балалардың ойлау және есте сақтау қабілеттерін дамытуға әсер етеді [2,34-бет].

Біз тірек сызбаларды енгізу арқылы орыс тілді балаларды типтік құрылымдар негізінде сөйлем, шағын әңгіме құрастыруға үйретеміз. Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамыту құралы да, баланың бойында оқу мен білімнің, тәрбиенің негізін қалыптастыратын да ойын әрекеті болып саналады. Балабақшада қазақ тілін оқытуды алдымен сөздік жұмысынан бастағанмен, түпкілікті мақсат - қатынас тіліне үйрету,

балаларға қазақ тілінде ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту жұмысы арқылы жүзеге асырылады. Балалар өздері үйренген сөздік минимум мен жеңіл грамматикалық формаларды арнайы тудырылған ситуативті жағдайлар үстінде дұрыс қолдануға біртіндеп үйренеді, қазақ тілінде ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгереді [3,12-бет].

Диалог түрінде сөйлеуге үйретудің негізі алғашқы ұйымдастырылған іс-әрекеттен – ақ қаланады. Мысалы, өзі туралы әңгіме құрастыруды үйреткеннен кейін «Танысу» ойын ойналады (сұрақ-жауап түрінде). «Дүкенде», «Базарда», «Дәмханада» ойындары «Жемістер-көкөністер», «Тағам», «Киім, аяқ киім», «Ойыншықтар» тақырыптарын өткенде ойнауға тиімді болып табылады. Қай тақырып болмасын алдымен 2-3 сөйлемнен тұратын: «Мынау-қуыршақ. Қуыршақта ақ бантик, қызыл көйлек бар» деген сияқты сипаттама әңгіме құрату талаптары қойылады. Сипаттама әңгіме құрастыру үшін сын есімді сөздер меңгертілген: заттың сынын, түр-түсін білдіретін сөздер. Белгілі бір зат немесе жануар, өсімдік т.б. туралы толық және дұрыс сипаттама әңгіме құрастыру үшін түрлі тәсілдерді қолдануға болады. Мысалы, бұл жұмыстың бірінші кезеңінде сызба бойынша сөйлем құрастыру үйретіледі.

а) төрт бұрыштары бар сызбалар;

ә) суреттер бар сызбалар (етістіктерді қолдануға қажет етеді)

Екіншіден, «Сөз тізбегі» деген ойын бір зат туралы бірнеше сөйлем құрастыруды қажет етеді.

Дидактикалық ойын: «Сөз тізбегі»

Мақсаты: сурет немесе ойыншық туралы шартты белгілерді пайдаланып, сипаттама әңгіме құрастыру; заттың түр-түсін, санын, көлемін, дәмін, т.б.с.с. анықтап айтуға жаттықтыру.



Құралдар: шартты белгілермен «түймедақтың» жапырақтары, суреттер, муляждар, көкөністер мен жемістер.

Дидактикалық ойынның сипаттамасы: үстелге түймедақ гүлінің ортасын бейнелейтін қиылған шеңбер қойылады. Шеңберді айнала мынадай шартты белгілер бейнеленген жапырақтар орналастырылады:

1-түстер (ақ, қара, қызыл, сары, көк, қоңыр, жасыл)

2-өлшемдер (үлкен, орташа, кішкентай)

3-пішіндер (сопақ, дөңгелек, тік төртбұрыш, шаршы, үшбұрыш)

4-дәмділік сапасы (қышқыл, тәтті, тұзды, ащы) т.б..

Шеңбердің ортасына сурет немесе зат қойылады. Мысалы, көкөніс-пияз. Балалар оны қазақ тілінде атауы қажет, содан кейін шеңбер бойынша әрбір жапыраққа қарап, берілген көкөністі сипаттайды. Пияз сары. Пияздың пішіні дөңгелек. Пияз орташа. Пияз ащы. Пияз бақшада өседі.

Дидактикалық ойын «Түймедақ»
Тақырыбы: «Киімдер»

Мақсаты: сурет немесе ойыншық туралы шартты белгілерді пайдаланып, сипаттама әңгіме құрастыру; заттың түр-түсін, санын, көлемін, т.б.с.с. анықтап айтуға жаттықтыру.



Құралдар: шартты белгілермен «түймедақтың» жапырақтары, суреттер,

ойыншықтар.

Дидактикалық ойынның сипаттамасы: үстелге түймедақ гүлінің ортасын бейнелейтін қиылған шеңбер қойылады. Шеңберді айнала мынадай шартты белгілер бейнеленген жапырақтар орналастырылады:

1-түстер (ақ, қара, қызыл, сары, көк, қоңыр, жасыл)

2-киімнің түрі (ерлер, әйелдер)

3-бөлшектері (түйме, жаға, жең) т.б.

Шеңбердің ортасына киімнің суреті қойылады. Мысалы, шапан. Балалар оны қазақ тілінде атауы қажет, содан кейін шеңбер бойынша әрбір жапыраққа қарап, берілген киімді сипаттайды. Шапан көк. Ерлер киімі. Матадан тігіледі. т.б.


Ұйымдастырылған іс-әрекетте бір рет таңдап алған құрылыммен шектелмейміз, жаңа қызықты, қалыпсыз әдіс-тәсілдермен

мынадай ойын жаттығуларын қолданамыз: «Сөздер әлемінде», «Жыл мезгілі», «Қызықты микрофон», «Қай кезде болады?», «Қызықты түстер», «Санамақ», т.б. әңгіме және ертегі құрастыруға арналған алгоритм мен сызбалар, «Дүкенде», «Телефон», «Танысу» ойындарына арналған диалогтік алгоритмдерді де қолданамыз. Қазақ тілін оқыту бір сәттік кезең емес, ал өте созылмалы үдеріс.

Ұйымдастырыған іс-әрекет басында орындалатын жұмыстың шартты белгілермен көрсетілген тізбегін біз балалармен бірге ұйымдастырыған іс-әрекет жоспары ретінде аламыз, бұл тәсіл балалардың тілдерін дамыту мен қатар оларды өз жұмыстарын жоспарлай білуге және ұйымдастырыған іс-әрекет соңында нәтижесін көріп, бағалай білуге үйретеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Балабақшадағы ересектер тобында қазақ тілінен модульдік оқыту технологиясына негізделген әдістемелік құрал, Қарағанды-2011ж.;
2. «Бала мен балабақша», № 3-2016ж.;
3. «Мектепке дейінгі білім», №1-2015ж.





Жолбарысова Мөлдір Айткалиевна,
Астана қаласы,
№5 «Ақбота» балабақшасының меңгерушісі

БАЛАБАҚША ҚЫЗМЕТІНДЕГІ БАСЫМ БАҒЫТ - ӘР БАЛАНЫҢ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Аңдатпа. Мақалада мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын оындау және ата-аналармен тығыз байланысты арттыру бала тәрбиесіндегі орны ерекше екені туралы баяндалады.

Түйін сөз: балабақша, педагог, отбасы тәрбиесі, мемлекеттік тіл.

Қазіргі заман талабына сай еліміздің болашағы саналатын жан-жақты дамыған өнегелі, ізденісі мен біліктілігі мол жас ұрпақ тәрбиелеу керек болғандықтан осы мәселеге үлкен мән беріліп отыр. Бұл мемлекетіміздің алға қойған негізгі бағыттарында да көрсетілген. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты халыққа Жолдауында «Келесі маңызды мәселе – білім беру жүйесі туралы. Бұл сала ұлт сапасын жақсарту ісінде аса маңызды рөл атқарады. Қазақта «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген сөз бар. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек» деген болатын. Мемлекет басшысы жас ұрпаққа білім беру мен тәрбие ісін – ел болашағына арналған стратегиялық маңызы зор инвестиция деп бағалады [1].

Педагог қандай салада педагогикалық қызметін атқарса да - мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепте, колледжде, университетте әлеуметтік маңызды адамтану мамандықтарының өкілі болып табылады. Оның қызметі адамды дамыту және қалыптастыруға бағытталған. Тәрбиеленушіні рухани ашу, тұлғаны қалыптастыру - педагогтің қоғамдағы міндеті. Мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби қызметтері туралы Е.А. Паныко, Л.Г. Семушина, В.И. Логинова, Р.С. Буре психологтар мен педагогтердің зерттеулерінде атап көрсетті [1].

Кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде педагог:

- тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

- білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қаралуына және тиісінше мінез-құлық көрсетілуіне;

- шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым

жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

- үш жылда бір рет біліктілігін арттыруға;

- біліктілік санатының мерзімінен көтеруге;

- кәсіптік қызметіндегі табыстары үшін көтермеленуге;

- Қазақстан Республикасының заңнама-сында көзделген өзге де құқықтарды орындауға міндетті.

Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығында педагог өз жұмысында келесі принциптерді сақтау міндеті айқындалады:

- адалдық: педагогтің адалдығы олардың оқыту мен тәрбиелеу нәтижесіне, өз қызметіндегі түзетулерді жүзеге асыра білуіне, сынға және рефлексияға қабілетін дамытуға, тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының, әріптестерінің кез келген пікірі үшін ашықтығына жауапкершілігін, білдіреді;

- әділдік: педагогтің әділдігі оның бағалау қызметінің ашықтығын, олардың құрған білім беру ортасының айқындылығын; әділдік педагогке тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының, әріптестерінің құқығын бұзуға тыйым салады;

- жеке тұлғаның абыройын және қадір-

қасиетін құрметтеу: педагог өзінің кәсіби назарындағы тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу, олармен қарым-қатынас жасауда әдеп нормаларын сақтау; баланың дамуын, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушы мен тәрбиеленушінің жеке басының өсуіне ықпал ету мақсатында білім алушының жетістіктерін бағалауда сыпайылықты қамтамасыз етеді. Білім беру процесінің қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол бермейтінін анықтайды [2].

Ерте және мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелейтін педагог қызметінің ерекшелігі, өмірдің алғашқы жылдарында балалардың дамуына қолайлы жағдайлар жасау олардың жас ерекшеліктеріне назар аударуды талап етеді. Туғаннан бастап мектепке барғанға дейінгі кезең барлық кейінгі өмір кезеңдерінен бұл болашақта кез-келген арнайы білім мен дағдыларды игеру және әртүрлі қызметті меңгеру үшін негіз болып табылатын ортақ дамуды қамтамасыз етуімен ерекшеленеді [3].

Мектепке дейінгі тәрбиеленушілерді «басты тұлға ретінде қабылдап алу» олардың физикалық және психикалық сапалық қасиеттерінің дамуына ықпал ету. Бұл сапалар арқылы, қоршаған ортаны тану, өзіндік көзқарастарының қалыптастыру процесіндегі дамудың мектепке дейінгі кезеңінің негізгі рөлі тәрбиешіге қойылатын тиісті талаптарды анықтайды.

Ең алдымен, ол - баланың бақытты балалық шағы, оның тағдыры үшін ең үлкен жауапкершілікті сезіну; баланың психикалық, физикалық дамуының қоршаған ортаға тәуелділігін ескеру; ересектерсіз өмірінің болмауы; балаларды табысты тәрбиелеу үшін педагогикалық жағдай жасау; балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауды, нығайтуды қамтамасыз ету.

Сонымен бірге педагогтердің келесі функционалдық міндеттері анықталады:

Бірінші өзгермелі, қолжетімді, көпатқарымды дамушы ортаға байланысты. Балалардың денсаулығын нығайту,

физикалық, коммуникативтік қабілетін; танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту; баланың дамуы оның жағдай жасау, көңіл-күйіне, эмоционалдық көріністеріне өте тәуелді.

Педагог балалардың өмірі мен денсаулығына қауіпті болуы мүмкін кез-келген нәрсені алдын-ала болжау қажет, қоршаған ортаға (балабақша ғимаратында, аулада) мұқият болу керек. Осылайша, балабақша алаңындағы ғимараттардың жай-күйін, ойын жабдықтарын, жиһаздың балалардың өсуіне сәйкестігін тексеру қажет; құю үшін дайындалған судың температурасын өлшеу; тәрбиеленушілер үшін, қызығушылық тудыратын танымдық шағын ютуб каналынан сюжеттер көрсету; диафильмдерді көруге қажет етілетін уақытты алдын ала анықтау қажет.

Педагог жұмысындағы абайсыздық, немқұрайдылық, оның кәсіби жарамсыздығының белгілері болып табылады.

Балалармен тәрбие-білім беру жұмысын жүзеге асыру - мектепке дейінгі тәрбие беру педагогінің негізгі функциясы. Ол алдағы жұмысты бағдарламалық-әдістемелік құжаттаманың негізінде, осы жұмысты тікелей жүргізе отырып, оның нәтижелерін талдау кезінде жоспарлауда жүзеге асырады.

Психология - педагогикалық, әлеуметтанулық зерттеулердің деректеріне сүйене отырып, заманауи педагог адам тұлғасының негіздері отбасында қалыптасатынын саналы түрде түсінеді, отбасының баланың дамуына әсер етуіне ешқандай қоғам да, білім беру ұйымдары да, ешбірі де алмастыра алмайды. Тәрбиеленушілер мүддесі үшін педагог ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеруге, баланы тәрбиелеудегі келісімдікті қамтамасыз етуге және осы процесте жеке отбасыларға көмектесуге тиіс.

Сонымен бірге келесі жұмыс бағыттарын анықтайды:

- ата-аналармен ағарту жұмыстарын өткізіу;

- отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның бірлескен жұмыстарын үйлестіру [4].

Осыған байланысты, педагогтің

кәсіби қызметінің тағы бір бағыты өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі тану болып табылады. Өзін-өзі тәрбиелеудің формалары әртүрлі: әдебиеттерді оқу, семинар, конференцияларға, байқауларға қатысу. Өзін-өзі танудың мақсаты - жеке тұлғаның прогрессивті дамуы, кәсіби шеберліктің өсуі болады.

Педагогикалық қызметтің шығармашылық сипаты педагог әріптестерінің озық тәжірибесін зерделеуге және өзіне тиімді тұстарын алуға түрткі болады, оны білім саласындағы инновацияларға жаңа өзгерістерге талап етеді.

Мектепке дейінгі ұйымның педагогтер ұжымы ғалымның жетекшілігімен жүргізетін тәжірибелік жұмыстарға да ат салысады.

Соңғы жылдарда мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру және тәрбиелік жұмысын жаңарту, байыту процесі айқын байқалады. Бұл педагогтің қызметінде тәжірибелі, зерттеу жұмыстарына қатысу сынды тағы бір кәсіби бағыттын дамыту қажеттілігінің арқасы. Осылайша, мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби қызметі өз мазмұны бойынша көпқырлы және шартты түрде бірқатар бағытқа жүйеленеді. Педагогикалық қызмет саласымен балалар, олардың ата-аналары, әріптестері, өз шеберлігін де, өз тұлғасын да саналы жетілдіріп отыратын тәрбиешінің өзі де қамтылады [8].

Педагогикалық қызметтің мазмұны оған кәсіптік маңызды және міндетті түрде белгілі жеке қасиеттерді дамытуды қажет ететін бірқатар нақты талаптарды ұсынады. Педагог тұлғасының жинақтаушы қасиеті кәсіби бағдарлық болып табылады. Бұл балалармен жұмыс істеудің психологиялық нұсқаулар, кәсіби бағдарланған мотивтер мен қабілеттер, кәсіби мүдделер мен жеке қасиеттер кешені, сондай-ақ кәсіби өзін-өзі тануында. Кәсіби бағытталғандық қоғамға, табиғатқа, айналадағы адамдарға, педагогикалық жұмысқа деген белгілі қарым-қатынасты, педагогикалық қарым-қатынастың стилін сипаттайды. Бұл бағытта балаларға деген көзқарас, оларға деген сүйіспеншілік және қызығушылық басымдылығы ерекше орын алады. Ш.А.

Амонашвили сөзі: педагогтерге «Баланы жақсы көріңіз. Егер сіз бойыңызға педагог деген Құдайдың сыйын дарытқыңыз келсе – баланы жақсы көріңіз!» деген кәсіби қызметтің ұстанымын игеру деп атап көрсетті.

Ерте және мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істеуде махаббат пен сезімталдық әсіресе қажет. Өйткені педагог анасының қасында болмаған кезінде оның орнын басады. Сондықтан да назарын, мейірімді сөздерін, сүйіспеншілігін, жылуын, мейірімділігін, көмек көрсетуге дайын болуын, эмоционалдық қолдау көрсетуін, яғни сүйіспеншіліктің тиімді көрінісін аямай, өзін ана сияқты ұстауы тиіс. Қазіргі заманғы педагог үшін жоғары жалпы және кәсіби мәдениет, зияткерлік, моральдық тазалық, азаматтық жауапкершілік белгілі дәрежеде қолдануы өте маңызды.

Педагогтің қызметінде табысқа жету көбінесе педагогикалық рефлексияға деген қабілетімен байланысты. Педагогикалық рефлексия – жасалған қадамдардың өзін-өзі талдауы, алынған нәтижелерді бағалау және олардың қойылған мақсаттармен арақатынасын белгілеу.

Педагог кейінгі іс-әрекеттерге өзгерістер енгізу, жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін балаларды тәрбиелеу мен оқытудағы қателіктер мен қиындықтардың, жетістіктер мен сәтсіздіктердің себептері туралы ойланады. Сонымен қатар, келесі ережеге сүйену керек: сәтсіздіктердің себептерін, ең алдымен, өз бойынан іздеу керек, оларды сыртқы факторлармен ақтау үшін асығыс жасамау қажет [5].

Сондай-ақ, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мектепалды топтары, білім беру ұйымдарының мектепалды сыныптары педагогтерінің міндеттерінің ерекшеліктерін нақтылайық:

- өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді меңгеру;

- оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз ету;

- өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір рет арттыру немесе растау;

- педагогтік әдепті сақтау;

- Қазақстан Республикасының заңнама-сында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өту;

- тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеу;

- балаларды ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеу;

- тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамыт және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру;

- білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне консультация беру [2].

Қорытындылай келе, кәсіби қасиеттерді қалыптастыруда өз-өзінің білімін жетілдіру өте маңызды екенін еске түсіну керек. Егер жас педагог белгілі бір кәсіби сапаның төмендігін сезінсе, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі тәрбиелеуі ғана табысқа жеткізетінін есте ұстау керек. Сонда ғана педагогке қойылған қоғамдық міндеттерді абройлы атқаруда деп толық айтуға болады.

Қолданған әдебиеттер:


1. Ағзам.А.А «Қазіргі кездегі мектепке дейінгі ұйым педагогі»;

2. «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Қазақстан Республикасының Заңы;

3. Туғаннан мектепке дейінгі: «Мектепке дейінгі білім берудің шамамен жалпы білім беру бағдарламасы» авт: Т.С.Комарова, М.А. Васильева. - 2010ж.

4. «Мектепке дейінгі білім беру ұйымының тәрбиелеу-білім беру процесіне ата-аналарды тарту» әдістемелік ұсынымдар -Астана, 2023;

5. Педагогика, С.Әбенбаев, -2 бас. - Астана: Фолиант-2015ж.





Дәулетияр Әлия Серікқызы,
Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор кенті
«Айналайын» бөбекжай-бақшасының
тәрбиешісі

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ АСПАЗШЫЛЫҚҚА БАУЛУ АРҚЫЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК ПЕН ДЕРБЕСТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Аңдатпа. Балаларды еңбекке тәрбиелеу, баулу және кәсіптік бағдар мектеп жасына дейінгі балалардың болашақ қоғамдық пайдалы өнімді еңбекке тікелей қатысуы және оған деген саналы көзқарасты тәрбиелеудің адамзат болып өсуіне, жеке адамды адамгершілік және зиялы көзі болып табылуға дағдыландыру.

Түйін сөздер. Балаларды аспазшылық мамандығына қызықтырып, әрбір баланың қабілетін анықтау, тамақ дайындауға қызығушылықты арттыру және болашақ өмірге бейімдеу.

Мектеп жасына дейінгі балаларда өзіне – өзі қызмет көрсетуі ерте жастан басталады. Сонымен бірге әлеуметтік ортадағы мінез-құлқы мен қарым-қатынастарын қанағаттандыру бойынша өзіне-өзі қызмет ету дағдыларына үйретуге мән берілу қажет. Ерте жастан балалардың өзіне-өзі қызмет көрсетуге – өз киімін жинау, ойыншықтарды орнына орналастыру, кезекшілік қызметін атқару, гүлдерге су құю, шаңын сүрту, орындықтарды орнына қою сынды тұрмыстық еңбек түрімен қатар мәдени-гигиеналық талаптарды орындай білуді атап көрсетуге болады.

Егерде балалар қарапайым еңбектің міндеттерін орындаса, олар өздерін ересектер қатарында екенін сезінеді және сол еңбек түрі арқылы балалар өздеріне деген үлкендердің көзқарасын түсінеді. Балалар күнделікті дене күтімі, киімін ретке келтіріп ұстау, гигиеналық талаптардың міндеттерін білу үшін балабақша мен отбасының үлкен еңбек жұмысын қажет етеді. Өзіне қызмет көрсете отырып бала дене және ақылы жағынан дамығанын байқатады. Баланың ойы жіті дамымағандықтан анасына дастархан жасауға немесе

жинауға көмектесуді көбіне ойын ретінде қабылдайды. Осыған қарамастан баланың денесі еңбекке икемделе бастауы үшін үш жасынан бастап – ақ балабақшада, үйде кішігірім істерді жасауға рұқсат етіледі.

Жалпы балалар ересектердің еңбегіне қызығушылықпен қарайды. Қыз балалар анасының асханадағы жұмысына қызығушылық танытса, ұлдар әкелердің еңбегіне еліктеп өседі. Осы орайда, мен өзімнің балалық шағыма саяхат жасағым келіп отыр. Барлығымыз кішкене кезімізде ас үйде анамыздың нан илеуде, бауырсақ пісіруде, тәтті тоқаштар пісірген кезінде тамсана қарап, бірге көмектескіміз келетін. Мұндай ас үй тағамдарын әзірлеуде аналарының еңбегіне қызықпаған балалар кемде кем шығар. Кейбір отбасыларда бала тәрбиесіне жіті мән беріп, ересектер өзінің еңбегіне балалар бүлдірседе, дұрыс емес орындаса да баланы мадақтап оның еркін қызмет жасауына көмектесіп жатады, ал кейбір отбасыларда өкінішке орай баланың қолынан қағып «жағаласпа», «әрі тұр», «үстіңді бүлдірме», «лас қыласың» деген сияқты тиым сөздермен баланың еркін қызмет жасауына тиым салып тастап

жатамыз.

Осы екі тәрбиенің сіз қайсысын құп көресіз? Менің пікірімше балаларды еңбексүйгіш етіп өсіру үшін ерте жастан-ақ психологиялық жағынан дайындау қажет. Бұл не үшін қажет? Бала үлкейіп мектеп табалдырығын бітіріп, ата - анасынан жырақ басқа қалаға оқуға кетеді, сол кезде өзіне – өзі қызмет көрсетуі үшін қажет. Айналасын жинап, тамағын өзі пісіріп жей алатындай тәрбие алу қажет. Кішкентай кезінде балаға көп тиым салудың салдарынан қазіргі таңда анасының қамқорында қалып, тығылып, тамағын жөндеп іше алмай, ыдысты жуа алмай, үйді жинай алмай жалпы айтқанда өзіне -өзі қызмет ете алмайтын балаларымыз өте көп.

Мақсат балаларды еңбекке тәрбиелеу, баулу және кәсіптік бағдар мектеп жасына дейінгі балалардың болашақ қоғамдық пайдалы өнімді еңбекке тікелей қатысуы және оған деген саналы көзқарасты тәрбиелеудің адамзат болып өсуіне, жеке адамды адамгершілік және зиялы көзі болып табылуға дағдыландыру. Үйірме тек аспаздық шеберлікке, асханада баланың үлкендерге «жағаласпауына» үйрету ғана емес, олардың ұжымда жұмыс жасауына, бірлесіп мәселені шешуге, топтық шеберлікке, танымын кеңейтуге т.б септігін тигізеді.

Үйірмені ұйымдастыруда балаларға қуаныш силап, тамақ дайындаудың алғашқы сатыларын үйренетінімізді түсіндік [2]. Біздің міндетіміз - балаларды қызықтыру, әрбір баланың қабілетін анықтау, тамақ дайындауға қызығушылықты арттыру және болашақ өмірге бейімделу.

Жұмысты ұсынған кезде қауіпсіздік шараларын міндетті түрде алдын алу жұмыстары жүргізіледі, бұл жерде бала бойында жауапкершілік, жасаған жұмысты аяқтау, орнын жинау т.с.с қызметтерге үйренеді.

- тоқ;
- өткір пышақ;

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Учимся по сказка Т.В. Большева;*
2. *«Маленький поваренок» рассказ Татьяна Любарская;*
3. *Бочкова И.А «Кулинария для детей» Кухни народов мира -2011.*

- үшкір, өткір заттар;
- ыстық пеш;
- сулы қолмен тоқ ұстамау
- ыстық су т.б.

Жұмыс барысында қажетті құрал – жабдықтар:

- алжапқыш
- аспазшы киімі
- бас киім
- тақтайша
- оқтау
- түрлі печеньелер дайындауда қажет

ететін құралдар

- тоқ пеш
- сулық
- қолғаптар
- ыдыс – аяқтар
- шырын сыққыш
- миксер

- көрнекі материалдар: картиналар, суреттер, фото – материалдар, видеоматериалдар, қимылдық сергіту жаттығулары жинағы т.б [1].

Қорыта келе, балалардың өз әрекеттерін үйлестіре білуде, еңбек әрекетінде, шығармашылық әрекетінде әр тапсырмаларды орындау барысында олардың жұмысына талдау жасап отырдым.

Талдау нәтижесі бойынша:

- балалар қарапайым пісіруді талап ететін тағамдар мен аспаздық өнімдерді дайындай біледі;

- қамырды, ұнды, сүзгілеу, илеу, ұнтақтау, пішіндей біледі;

- ас дастарханын дайындай біледі;

- бағдарламаны игеру барысында топтық, командада жұмыс істей біледі;

- технологиялық жабдықтарды, ыдыстарды және оларды күтіп-баптау ережелерін, пайдалану мақсатын біледі;

- тазалық сақтау жұмыстары мен өз-өзіне қызмет ете біледі;

- техникалық қауіпсіздік ережелері мен санитарлық-гигиеналық талаптарды түсінеді [3].



Жолтай Ернар Мейранбекұлы,
Атырау қаласы,
№16 «Дюймовочка» бөбекжай-бақшасының
дене шынықтыру нұсқаушысы

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ОЙЫНЫ АРҚЫЛЫ, МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлауларын дамытуда тоғызқұмалақ ойындарын қолдану болып табылады.

Түйін сөздер: Дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекетінде қазақтың ұлттық ойындарын қолдану.

Балабақша балалары болашақ иесі болғандықтан дүниежүзілік мәдениетті танитын, өзінің төл мәдениетін білетін, сыйлайтын, рухани дүниесі бай, саналы ойлайтын деңгейі жоғары білікті болуы міндетті. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесін, мәдениетін балалар бойында саналы сіңіріп, қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, мінез-құлқын, өмірге деген көзқарасын, бағытын дұрыс қалыптастыру тәрбиеге байланысты. Мектепке дейінгі ұйымдарда адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру процесінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады.

Ойын – балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылысын тануда олардың көру, есту, сезу қабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады. «Адам өркениетке бейім болуы үшін балалық шақты бастан кешуі міндетті, егер ойын мен қызыққа толы балалық шақ болмаса, ол

мәңгілік жабайы болып қалған болар еді» деп К.Чуковский бала денесінің дамуы мен ой-дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей тәуелді екендігін атап көрсеткен.

Қазақ халқының жылдар бойы атадан балаға жалғасып, қалыптасқан ұлттық дәстүрі, әдет-ғұрпы, тәрбие мектебі бар. Баршамызға белгілі, ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады. Жалпы ойынның қандай түрі болмасын, атадан балаға, ұрпақтан – ұрпаққа ауысып отырады. Халық ойындары өмірлік қажеттіліктен туады да, психологиялық жағынан денсаулық сақтауға негізделеді. Осы орайда мен шығармашылық жұмысымды «Тоғызқұмалақ ойыны арқылы мектепке дейінгі жастағы балалардың логикалық ойлау қабілетін дамыту» деп алуға негіз болды. Осы жұмыстың негізі келесі оқыту факторларын жүзеге асырудан құралады: балалардың ұлттық ойындарды саналы меңгеруі; ойын және оқу, тәрбие әрекеттері тең қамтамасыз етілген тоғызқұмалақ ойындарын қолдану арқылы баланың жеке мүмкіндіктерін ашу [1,63-б].

Шығармашылық жұмыс нысаны: мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлауларын дамытуда тоғызқұмалақ ойындарын қолдану болып табылады.

Шығармашылық жұмыс мақсаты: тоғызқұмалақтың негізгі шарттарын түсіндіру арқылы логикалық ойлау қабілетін дамыту, математикалық амалдарды тез санау, ұлттық рухты, сананы қалыптастыруға бейімдеуден тұрады.

Шығармашылық жұмысымының өзектілігі: халық жасаған мұралар сан алуан. Аға ұрпақ өз білгенін, өз көкейіне тоқығанын кейінгі буынға мирас етіп, іс-әрекет үстінде көзін қанықтыра беруден бастаған. Ұлттық мұраның бай қазынасының бірі – халықтың ұлттық ойындары көп салалы, көп қырлы құбылыс, ол тек ойындық сала емес, мәні жағынан да балабақша тәрбиеленушілерінің рухани өресі кең өсіп – жетілуіне, эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелейтін негізгі құралдардың бірі. Халқымыз ұлттық ойындарында ұрпақ қамын ойлаған, бір жүйеге келтіріліп өрнектелген ой мен әрекеттің, құпия философияны түсінуге жетелейтін адамгершілік үлгі-өнегенің желісі бар. Кейінгі кезде ұлттық ойындарға дұрыс көңіл бөлмеу нәтижесінде, көбі ұмыт болып, мүлде жоғалуға жуық. Ұлттық ойындарды жанұя тәрбиесінен бастап, балабақшада түрлі тәрбиелік шараларда қосымша материал ретінде пайдалануымыз қажет [1,36-6].

Жұмыстың негізгі кезеңдері:

1-кезең – тәжірибелік-ізденіс жұмыстары: ұлттық ойындарды зерттеу, тоғызқұмалақ ойынының ережелерімен танысу.

2-кезең – теориялық-әдістемелік жұмыстар: мектепке дейінгі мекемеде тоғызқұмалақ ойынының ерекшелігін талдау. Ойындардың теориялық негізін анықтап, жүйеге түсіру.

3-кезең – тәжірибелік жұмыстар: шығармашылық жұмысты талдау және қорыту, үйірме ұйымдастыру, тәжірибе кезіндегі нәтижелерді өңдеп дайындау. Осы жұмыста тоғызқұмалақ ойыны туралы түсінік берілді, ойынды қолданудың тиімділігі дәлелденді.

Қазақ халқының ұлттық ойындарының зерттелуі барысында қай халықтың болмасын, оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсаты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан халық арасында қалыптасқан ойындар туралы сипаттамалық жинақтар, деректер және құжаттар дұрыс зерттеу мен талдауды қажет етеді. Ұлттық дәстүрлі халық ойындарының ел арасындағы беделі, тарихи қоғамдағы алатын орны және болашақ ұрпақты өсірудегі қажеттілігі, оның шығу тарихы туралы ғылыми тұрғыдан бізге дейінгі ғалымдар да көп ізденді. Ә.Диваев алғашқы топтағы ойын түріне рулық-қауымдық құрылыс кезеңінде өмірге келген ойындарды, екінші топтамадағы дәстүрлі ойындарға қозғалыс ойындарын, үшінші топқа – спорттық ойын түрлерін жатқызады. Ізденуші этнографтың дәлелдеуінше, халық ойындары балалардың іс-әрекетін, қимыл-қозғалысын дамытумен қатар денсаулығын шыңдауда тездетуші үрдіс әрекетін атқарады.

Қазақ балаларының ұлттық ойынына тоқталғандардың бірі – орыс ғалымы А.Алекторов. Автор бұл еңбегінде көшпенді қазақ халқының өмір сүру салтындағы баланың дүниеге келген сәтінен бастап өсу динамикасына дейін ұлттық ойын мен қимыл-қозғалыс әрекетінің алатын орны және балғындардың денсаулығы мен дене мүшесінің қалыптасып дамуындағы жеке халық ойындарының қажетті жақтарын ашып көрсетеді. Қазақтың белгілі ғалым ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, өткен ұрпақтың дәстүрі мен алтын құрметтеп, адамдардың ойы мен іс-әрекетін танып түсінуде жастардың эстетикалық, адамгершілік ой талабының өсуіне оның атқаратын қызметін жоғары бағаласа, М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінің бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, дене шынықтыру тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды. Ұлттық ойындар халық тәрбиесінің дәстүрлі табиғатының жалғасы.

Ежелден дәстүрлі ойындарда халықтың өмір сүру әдісі, тұрмыс-тіршілік еңбегі, ұлттық дәстүрлері, батырлық-батылдық туралы түсінігі, адалдыққа, күштілікке ұмтылуы, шыдамдылық, т.б. құндылықтарға мән берілуі – халық данышпандығының белгісі. М.Тәнекеевтің қазақтың ұлттық және дәстүрлі ойындарын зерттеген деректерінің өзі жеке мәселе. Оның негізгі еңбектері Қазақстандағы спорт пен дене тәрбиесі саласына арналған. Ең бастысы, ол дене тәрбиесінің халықтық педагогикасы сияқты көкейтесті мәселесінің негізін қалаған М.Тәнекеевтің авторлығымен шыққан алғашқы туынды «Казахские национальные виды спорта и игры» (Алматы, 1957). Бұл зерттеуінде ізденуші қазақтың «Тоғызқұмалақ» ойынының ереже тәртіптерін таразылап, халық ойынының қажетті жақтарын ашып, сонымен қатар басқа да ұлттық қозғалмалы, спорттық ойын түрлеріне тоқталып, анықтама беріп жіктеп, құнды мұрағат деректеріне сүйене отырып, ғылыми сараланған пікірлер айтады. Аталған автор қаламынан халықтың этнопедагогика мен ұлттық ойындар арасындағы байланыс және ойындардың ертеңгі болашаққа керекті қасиеттілігін зерттеген басқа да қомақты ізденістер дүниеге келеді [3,1-42б].

Тоғызқұмалақтың шығу тарихы соңғы деректерге қарағанда, оның шығу тарихы 4 мың жылдық кезеңді қамтиды. Ал кейбір мамандардың айтуынша, оның пайда болған кезі бұдан да көп уақыт болуы әбден мүмкін. Тоғызқұмалақ өткен ғасырларда қазақ даласындағы ең кең тараған ойын болатын. Қазақи аңыздарға сенетін болсақ, тоғызқұмалақ ойынын қарапайым қойшылар ойлап тапқан. Тоғызқұмалақ тақтасы ретінде олар жерді қазып, арнайы шұңқырлар жасаған. Ал, құмалақтарды дайындау үшін қойлардың құмалағын кептіріп, дәл сондай 162-сін қолданған. Ауызба-ауыз таралып келген аңыздарда тоғызқұмалақ ойыны қойшылар үшін керемет ермек болды. Соңғы деректерге қарағанда, тоғыз-құмалақ сынды ойындар ертеректе арифметикалық есептер үшін пайдаланылып, кейін келе есептеу әдістері ұмытылғанға ұқсайды.

Тоғыз-құмалақ тақтасы тек 18 отаудан емес, 14, 10 отаудан да тұруы мүмкін. Мұнда тек ойынның басында бір ұяшық отауға 9-дан артық құмалақ салуға болмайтыны маңызды.

Бүгінде Қазақстанда осы жұмыстардың ұйытқысы болып отырған танымал бірнеше азаматтар бар. Солардың ішінде тоғызқұмалақ федерациясының президенті Әлихан Байменов, вице-президенті Сардар Шәріпов пен «Таңғажайып тоғызқұмалақ» кітабының авторы, тоғызқұмалақтан мемлекеттік жаттықтырушы Мақсат Шотаев деген азаматтардың есімін атау тұрарлық. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдан бері тоғыз-құмалақ жылдан-жылға дамып келеді. Бұл жерде жаңа құрылған тоғыз-құмалақ федерациясының ықпалы зор болып отыр. Бүгінгітаңда осы қауымдастықтың арқасында елдің түкпір-түкпірінде үйірмелер ашылып, тоғыз-құмалақтан жарыстар жиі өткізіліп келеді. Тоғызқұмалақ ойыны арнайы тақтада екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы – 2 қазан, 18 отау, 162 құмалақтан тұрады. Ойын басында әр ойыншыға бір қазан, тоғыз отауға тоғыз-тоғыздан салынған сексен бір құмалақ тиесілі [4,82-б].

Тоғызқұмалақ адам бойында 9 түрлі әдет-ғұрып қасиеттерін қалыптастырады:

1. Ақыл-ой өрісін дамытып, терең ойлануға;
2. Тәртіптілікке, мәдениеттілікке;
3. Әдептілікке, ізеттілікке;
4. Төзімділікке, сабырлыққа;
5. Еңбекқорлыққа, мақсатқа қол жеткізуге;
6. Саяхат және туған өлкені қастерлеуге;
7. Батырлыққа, тез арада дұрыс шешім қабылдауға;
8. Жігер-намысты шыңдауға;
9. Достық пен отансүйгіштікке тәрбиелейді [5,8-б].

Күтілетін нәтиже:

Оқу жылының аяғына қарай оқушы біледі, үйренеді:

Тоғызқұмалақ ойынының жалпы ережесі туралы;

Интеллектуалды ойлауды;

Ойын барысында жүрістерді санауды;

Комбинация жасауды;

Уақытқа ойнауды.


Қорыта айтқанда: Ұлттық ойындар бала тәрбиесінде негізгі екі жауапты рөл атқарады: біріншіден, жаттығулар жасап, ұлт ойындарын ойнаған кезде дене дамуы жақсарса, екіншіден, ұлт ойындарының мазмұнын, ойлау тәртібін түсіндірген кезде ұлттық әдет – ғұрпымыздан, өткен өмірімізден хабар алады. Егер балабақшада жұмыс стилі ұлттық дәстүр, салт – санаға бағытталған болса, мысалы, барлық топ бөлмелері, залдар қабырғаларындағы тұскиіз, ою, сырмақ, домбыра, қамшы, ер сияқты заттардың өзі күнделікті

баланың көз алдында болғандықтан осы бұйымдарға көздері қанық болып өседі. Дене шынықтыру пәнінде қазақтың ұлттық ойындарын қолдану, тарихынан мағлұмат беру, оқушылар бойында патриоттық сезім қалдырары сөзсіз.

Ойнаған Абай, Мұхтар, Шәкәрім,
Сыпырып тастап, талайдың шапанын
Осындай асқар алыптар барда,
Үзілсін ізі қалайша атаның?
Замандарынан Фарабилердің,
Дәуірлерінен дана билердің
Жалғасқан жақсы өнер деп білсең,
Тоғызқұмалақ санап үйренгін.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сағындықов Е. «Қазақтың ұлттық ойындары» - Алматы;
2. Төтенаев Б. «Қазақтың ұлттық ойындары» - Алматы;
3. Нұрғалиев Р.Н. «Қазақтың ұлттық ойындары» - Алматы;
4. Әбдіқадіров Д.Р., Чныбаев М.М. «Тоғызқұмалақ ұлттық ойыны», Алматы-2011;
5. «Дене тәрбие жүйесінің мазмұны мен негіздері», «Ұлт тағылымы», Алматы-2005.





Мамбеткулова Индира Айтбаевна,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
Президент Іс басқармасы Медициналық
орталығының «Қарлығаш» балабақшасының
тәрбиешісі

МОДЕЛЬДЕУ ӘДІСІНІҢ БІРІ - ЭЙЛЕР ШЕҢБЕРЛЕРІ КӨМЕГІМЕН БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУ

Аңдатпа. Бұл жұмыстың өзектілігі оның білім берудің дамушы функциясын жүзеге асыруға бағытталуымен анықталады, бұл жалпы және мектепке дейінгі білім берудегі қазіргі білім беру жағдайының негізгі міндеті болып табылады. Баяндама мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлауын дамыту үшін графикалық модельдеу әдісінің мазмұны, қолдану салалары және білім беру әсерлері туралы идеяларды кеңейтуге арналған.

Түйін сөздер: Эйлер шеңберлері, модельдеу әдісі, визуалды модельдеу әдісі, графикалық модельдер.

Модельдеу әдістері әсіресе мектеп жасына дейінгі балалар үшін тиімді, өйткені оларда визуалды-тиімді ойлау дамыған, есте сақтау еріксіз, ал ойлау міндеттері сыртқы құралдардың басым рөлімен шешіледі, көрнекі материал ауызша материалға қарағанда жақсы сіңеді. Көрнекі модельдеу әдісі балаға дерексіз ұғымдарды көрнекі түрде ұсынуға, олармен жұмыс істеуді үйренуге көмектеседі. Жұмыста визуалды модельдеу тез шаршаудың алдын алуға, сабаққа қызығушылық тудыруға, балаларды ең бастысы көруге, алған білімдерін жүйелеуге үйретуге мүмкіндік береді. Балалар әртүрлі схемалық кескіндерді өте оңай және тез түсінеді және оларды сәтті пайдаланады. Логикалық есептерді шешудің бір практикалық және ыңғайлы моделін көрнекті ғалым Леонард Эйлер ұсынады.

Эйлер шеңберлері - бұл ұғымдар немесе объектілер жиынтығы арасындағы қатынастарды көрнекі түрде көрсетуге болатын графикалық модель. Ал халық даналығы: «жүз рет естігеннен гөрі бір рет көрген жақсы» дейді. Эйлер шеңбер моделінің қарапайымдылығы мен көрнекілігін ескере отырып, ол балабақшаларда сәтті

қолданылады. Эйлер шеңберлерін қолдана отырып, бала логикалық әрекеттердің келесі элементтерін игереді:

- белгілерді анықтау мақсатында объектілерді талдау;
- синтез - бөлшектердің тұтастығын құрастыру;
- объектілерді салыстыру, жіктеу критерийлерін таңдау;
- салдарларды жою;
- себеп-салдарлық байланыстарды орнату;
- пайымдаудың логикалық тізбегін құру [1].

Эйлер шеңберлерінің көмегімен визуалды модельдеу әдісі көбінесе мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дамуы үшін қолданылады.

4-5 жастан бастап балаларға қарапайым мәселелерді Эйлер шеңберлерімен, алдымен ересектердің түсіндірмелерімен, содан кейін өз бетінше шешуге болады. Осы жастағы балалармен қарапайым ойындар мен жаттығулар орынды, олардың мақсаты заттар мен геометриялық фигуралардың қасиеттері туралы идеяларды бекіту, заттарды түсі, пішіні, өлшемі бойынша

салыстыруға үйрету.

Қарапайым математикалық көріністерді қалыптастыру үшін Эйлер шеңберлерінің көмегімен визуалды модельдеу әрекетін игеруді бір жалпы белгісі бар заттарды (мысалы, пішіні, түсі, өлшемі, қалыңдығы) салыстырудан бастаған дұрыс, кейінірек баланың жеке ерекшеліктеріне байланысты екі немесе одан да көп белгілерді алуға болады.

Бастау үшін Сіз балаларға «шеңбер ішінде» және «шеңберден тыс» кеңістіктік ұғымдарды түсіндіресіз. Баланы шеңберден тыс заттардың белгісін білдіру үшін емес, бөлшекті қолдануға үйрету маңызды.

Тәрбиеші құрсауды еденге қояды, құрсаудың ішіндегі орынды белгілейді және еденнің қалған бөлігі құрсаудың сыртында екенін айтады. Бір шеңбермен жұмыс істеудің мақсаты-заттарды бір белгі бойынша жіктеуге үйрету, логикалық теріске шығару операциясын оны атамай-ақ түсінуге және қолдануға үйрету. Әр баланың қолында бір зат бар. Балалар кезек-кезек тәрбиешінің тапсырмасына сәйкес заттарды орналастырады. Құрсаудың ішіне барлық ойыншықтарды, ал құрсаудың сыртына барлық басқа заттарды орналастырыңыз. Содан кейін келесі мәселелер бойынша әңгіме жүргізіледі:

- Құрсаудың ішінде қандай заттар жатыр? (ойыншықтар)

- Құрсаудан қандай заттар шықты?

Егер балалар құрсаудан тыс барлық заттарды тізімдей бастаса, бұл дұрыс емес. Шеңберден тыс жатқан барлық фигуралардың қасиетін бір сөзбен білдіріңіз. (Ойыншықтар емес)

Ең бастысы, құрсаудың ішінде ойыншықтар бар және басқа заттар жоқ.

Содан кейін біз заттарды екі шеңберге бөлуді бастаймыз. Біз «шеңбер ішінде» және «шеңберден тыс» ұғымдарын екі белгіні қолдана отырып түсіндіреміз.

Балалар осы қарапайым тапсырмаларды орындайды:

- Қызыл шеңбердің ішіне үшбұрышты пішіндер салыңыз.

- Көк шеңбердің ішіне қызыл фигуралар-

ды салыңыз.

Барлық фигуралар орналастырылғаннан кейін тәрбиеші екі жаңа сұрақ қояды:

- Қызыл шеңбердің ішінде қандай геометриялық фигуралар жатыр? (Шеңбердің ішінде үшбұрышты фигуралар бар).

- Көк шеңбердің ішінде қандай геометриялық фигуралар жатыр? (Шеңбердің ішінде қызыл фигуралар жатыр).

Бұл жауап жаңа ғана шешілген тапсырманың шартында қамтылған және әдетте көп қиындықсыз тұжырымдалған. Екінші сұрақтың дұрыс жауабын ұзағырақ күту керек. Шеңберден тыс қандай геометриялық фигуралар жатыр? Шеңберден тыс жатқан барлық фигуралардың қасиетін бір сөзбен білдіріңіз. (Шеңбердің сыртында үшбұрышты емес, қызыл фигуралар емес).

Бұл жағдайда біздің мақсатымыз-шеңбердің ішіндегі фигуралардың қасиеті арқылы шеңберден тыс жатқан фигуралардың қасиетін сипаттау.

Мектеп жасына дейінгі балалармен бірнеше шеңбер модельдерін қолдануға болады:

а) қиылыспайтын шеңберлер;

б) қиылысатын шеңберлер;

в) бір шеңбер екіншісіне салынған.

Екі шеңбермен жұмыс істеудің мақсаты-заттарды екі қасиетке қарай жіктеу, конъюнкцияның логикалық жұмысын түсіну және қолдану қабілетін дамыту. Енді балалар қиылысатын аймақтары бар екі шеңбермен немесе түрлі түсті (көк, қызыл) шеңберлермен жұмыс істейді. Тапсырмаларды шешпес бұрын бірқатар жаттығуларды орындау керек. Мұндай жаттығуларды құрсауларды қолдана отырып, топтық сабақтарда жасаған дұрыс.

- Көк шеңбердің ішіндегі, бірақ қызыл шеңбердің сыртындағы аймақтың шекарасын сызыңыз.

- Аймақтың шекарасын қызыл, бірақ көк шеңберден тыс сызыңыз.

- Көк және қызыл шеңберлердің ішіндегі аймақтың шекарасын сызыңыз.

- Көк және қызыл шеңберлерден тыс аймақтың шекарасын сызыңыз.

Дайындық жаттығуларын сәтті

орындағаннан кейін сіз тапсырмаларды шешуге кірісе аласыз. Фигуралардың орналасуымен тапсырмадан кейін балалар төрт сұраққа жауап береді:

Қандай фигуралар жатыр:

- екі шеңбердің ішінде;
- көктүстің ішінде, бірақ қызыл шеңберден

тыс;

- қызыл, бірақ көк шеңберден тыс;
- екі шеңберден тыс?

Фигураларды екі қасиетке - түс пен пішінге сүйене отырып атау керек. Логикалық есептермен қатар фигураларды санау міндеттерін де қоюға болады.

Қанша фигура жатыр:

- екі шеңбердің ішінде;
- көктүстің ішінде, бірақ қызыл шеңберден

тыс;

- қызыл, бірақ көк шеңберден тыс;
- екі шеңберден тыс?

Фигураларды санауға олардың белгісін қосу арқылы мәселені қиындатуға болады:

- Екі шеңбердің сыртында қанша жасыл фигура жатыр?

Балалар екі шеңбермен немесе түрлі түсті шеңберлермен жұмыс істейді (көк, қызыл), және өлшемі (үлкен, кішкентай) кішкентай шеңберді үлкен шеңберге қоюға болатын кезде екі шеңберді кесіп өтудің орнына. Шеңберлердің біріне балалар тірі емес заттармен суреттер салады, шеңберлердің қиылысында көлігі бар карталар бар. Балалардың назарын көлік тірі бола алмайтындығына аударамын, ол әрқашан жансыз заттармен шеңберде болады. Сондықтан екі шеңберді кесіп өтудің орнына үлкен шеңберге кішкене шеңбер қоюға болады. Жаттығуды орындау кезінде балалар ойланады: егер бірінші жиынның барлық объектілері екінші жиынға енсе, онда модель кірістірілген шеңберлер болады.

Эйлер шеңберлерінің көмегімен визуалды модельдеу әдісін мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу дамуында да қолдануға болады.

Мектеп жасына дейінгі балаларда синонимдерге, толықтыруларға және сипаттамаларға бай бейнелі сөйлеу өте сирек кездесетін құбылыс. Балалардың сөйлеуінде

көптеген проблемалар бар. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытудағы педагогикалық әсер өте күрделі мәселе. Балаларды өз ойларын дәйекті, грамматикалық тұрғыдан дұрыс айтуға, қоршаған өмірдегі әртүрлі оқиғалар туралы айтуға үйрету керек.

Әр түрлі сөйлеу қабілеті бұзылған мектеп жасына дейінгі балалар мектепке дейінгі білім беру бағдарламасын да, одан әрі жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасын да игеруде айтарлықтай қиындықтарға тап болады. Балалармен жұмыс жасай отырып, тәрбиеші балалардың жаңа материалды игеру процесін жеңілдететін, жүйелейтін және бағыттайтын көмекші құралдарды іздеуі керек.

Мұндай құралдар - Эйлер шеңберлерін қолданатын графикалық модельдер. Сипаттамалық әңгіменің элементтері объектінің сапалық сипаттамалары болып табылады: жалпы ұғымға жату; шамасы; түс; пішін; құрамдас бөліктер; бетінің сапасы; объект жасалған материал (тірі емес заттар үшін); ол қалай қолданылады (қандай пайда әкеледі), не үшін ұнайды (ұнамайды).

Біріншіден, бала жоспар бойынша заттарды сипаттау моделін жасайды. Бұл жағдайда сипаттаманың (пиктограмманың) таңбалары құрсауларға салынады. Содан кейін шеңберлердің қиылысында заттардың бірдей белгілері ерекшеленеді. Енді сіз алдымен объектілердің ұқсастықтарын, содан кейін айырмашылықтарын анықтай аласыз.

Мысалы, ит пен мысықтың салыстырмалы сипаттамасы. Бастау үшін біз бірдей белгілерді бөліп көрсетеміз: «мысық пен ит – үй жануарлары. Оларға адам қамқорлық жасайды. Ол оларды тамақтандырады, күтеді. Мысық пен иттің денесі шашпен жабылған. Бұл жануарлардың басы, денесі, құлағы, құйрығы, табандары бар». Содан кейін біз айырмашылықтарды бөліп көрсетеміз: «Мысық ақ-қара, ал ит қызыл. Мысық мияулайды, ал ит үреді. Мысық сүт ішкенді, балық жегенді және ит сүйектерін тістегенді ұнатады. Мысық пен ит адамға пайдалы. Ит үйді күзетеді, ал мысық тышқандарды

ұстайды» [2].

Эйлер шеңберлерінің көмегімен визуалды модельдеу әдісін мектеп жасына дейінгі балаларды қоршаған әлеммен таныстыру кезінде қолдануға болады. Балаларға мәселелерді шешуге арналған карталар жиынтығы ұсынылады. Мысалы:

1. Карточкаларды бір шеңберде жеуге болатын барлық нәрсе, ал екіншісінде жемістер болатындай етіп орналастырыңыз (бір шеңбер екіншісіне салынған). Балалар шеңберлердің сипаттамаларына сәйкес келетін заттарды анықтайды. Баланың назарын әрқашан объектіге тән қасиеттерге аудару маңызды.

2. Карточкаларды бір шеңберде жемістер, ал екіншісінде көкөністер (қиылыспайтын шеңберлер) болатындай етіп орналастырыңыз. Балалар шеңберлердің сипаттамаларына сәйкес келетін заттарды анықтайды.


3. Карточкаларды бір шеңберде барлық жемістер, ал екіншісінде барлық қызыл заттар болатындай етіп орналастырыңыз (қиылысатын шеңберлер, қиылыста алма бар карта). Алдымен балалар шеңберлердің сипаттамаларына сәйкес келетін затты анықтайды. Қиылысатын шеңберлердің әрқайсысына қандай да бір сапа беріледі. Содан кейін ортақ қиылысы бар шеңберлердің сипаттамасына сәйкес келетін нысанды табу керек.

Балалармен жұмыс жасауда осы технологияны қолдана отырып, біз олардың ерекшеліктерін анықтау, талдау және синтездеу мақсатында объектілерді талдау қабілеттерін дамытуға ықпал етеміз, яғни көптеген жетіспейтін компоненттерді өз бетінше аяқтай отырып, бөлшектердің тұтастығын құрамыз, салыстыру және жіктеу, жалпылау, қорытынды жасау және қорытынды жасау, логикалық тізбектер құру, пайымдау.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. *Historian Круги Эйлера и примеры задач на логику. Как решать круги эйлера / Historian [Электронный ресурс] // Uhistoru.ru : [сайт]. – URL: <https://uhistory.ru/education/matematika/krugi-ejlera-i-primery-zadach-na-logiku-kak-reshat-krugi-ejlera.html>*

2. *Косова О. Н. Использование приема графического моделирования с помощью кругов Эйлера в различных видах деятельности с дошкольниками / Косова О.Н. [Электронный ресурс] // Педагогическое сообщество Урок.РФ: [сайт]. – URL: https://xn--j1ahfl.xn--p1ai/library/ispolzovanie_priema_graficheskogo_modelirovaniya_s_192735.html?ysclid=lpf2mjtesg263056193*





Сайдалинова Данагуль Айткалиевна,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
Президент іс Басқармасы Медицина орталығының
«Қарлығаш» балабақшасының
қазақ тілі мұғалімі

МНЕМОТЕХНИКА – БАЛАЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕГІ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУ DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ

Аңдатпа. Мақалада мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ тілін меңгерудің маңызды шарттарының бірі ол - байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, мнемотехнологияны қолдану арқылы, қазақ тілін оқытудың әдістері ұсынылған.

Түйін сөздер: тілді үйрету, мнемотехнология, мнемотехника, байланыстырып сөйлеу, коммуникативтік дағдылар, мектеп жасына дейінгі балалар, дамыту, қалыптастыру.

Мектеп жасына дейінгі балаларға мемлекеттік тілді үйрету өте күрделі процесс болып табылады. Ерте жастан тілге үйрету баланың коммуникативтік дағдыларын дамытуға, сонымен қатар мемлекеттік тілге және өз елінің мәдениетіне баулуға мүмкіндік береді. Балаларды қазақ тіліне үйретудің негізгі міндеттерінің бірі – байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

Психологияда мектепке дейінгі кезең тіл үйренуге ең қолайлы шақ деп есептеледі. Дәл осы жаста балаларға табиғи қызығушылық, бейімділік және дыбыстарды қабылдауға қажетті сезімталдық тән. Тілді меңгеру баланың жалпы дамуының тиімді әдісі болып табылады.

Балалардың тілді игеру- сөйлеу әрекеті, сөйлеуді қабылдау және ауызекі сөйлеу арқылы жүзеге асады. Сондықтан, балалардың байланыстырып сөйлеу әрекетіне, қарым-қатынас жасауларына, өз ойларын білдіре білу қабілетінің дамуына жағдай жасау өте маңызды.

Алайда, тәжірибе көрсеткендей, мәселеге деген қызығушылықтың артуына қарамастан, мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу дамуының деңгейі жеткіліксіз.

Коммуникативті дағдыларды дамыту, қалыптастыру проблемасы тек үйретілетін тілде ғана емес, өз ана тілінде де туындайды. Балалардың көпшілігінде байланыстырып сөйлеу дағдылары жеткіліксіз дамыған. Оларға тақпақтарды, ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұнын есте сақтау, мазмұнын өз бетінше қайталап айту қиындыққа соғады.

Негізінен мектеп жасына дейінгі балаларда визуалды есте сақтау қабілеті көбірек дамығаны белгілі. Сондықтан, жалпы балалардың есте сақтау қабілетінің дамуына ықпал ететін әдістерді, көрнекіліктерді кеңінен қолданған жөн. Соңғы кезде мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту мақсатымен мнемотехника әдістері педагогикалық тәжірибеде кеңінен қолданылады.

Мнемотехника грек тілінен аударғанда – «есте сақтау өнері» - бұл тиімді есте сақтауды қамтамасыз ететін әдістер мен тәсілдер жүйесі. Мнемотехника балалардың табиғат объектілерінің ерекшеліктері туралы, қоршаған әлем туралы білімдерді игеруге, айтылған шағын әңгіменің, ертегінің мазмұнын еске сақтап әңгімелей білуге,

тақпақты жаттауға, тіл дамытуға, жалпы тіл үйрену процесін жеңілдетуге үлкен септігін тигізеді. Сондай-ақ, тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай бағдарламалық мазмұнды меңгеруді қамтамасыз етуге көмектеседі [1].

Жасыратыны жоқ, қазіргі уақытта балалардың сөздік қорының аздығы, сөйлемдегі сөздерді дұрыс байланыстыра алмауы, дыбыстық айтылымның бұзылуы, логикалық ойлау қабілетінің жеткіліксіздігі сияқты кемшіліктер көп кездеседі. Сондықтан да, тәрбиеленушілерге қазақ тілін үйренуде бағдарламалық мазмұнды игеру қиындыққа соғады. Бұл баланың танымдық қабілетінің жеткіліксіздігіне де байланысты болады, кейіннен бұл кемшілік оның мектептегі үлгеріміне үлкен әсерін тигізуі мүмкін.

Сөйтіп, жоғарыда аталған коммуника- тивтік дағдыларын дамыту мәселесін шешу үшін балалардың визуалды есте сақтау қабілетін қолдана отырып, тілді меңгеру процесін қызықты әрі тиімді ету үшін, тәжірибелерімізде әртүрлі әдістер мен технологияларды қолданамыз, солардың ішінде тиімді әдістерінің бірі-мнемотехника.

Мнемотехниканы балаларға сипаттама- лық әңгіме құратуда, ертегі немесе шағын әңгіме мазмұнын айтқызу барысында және тақпақ жаттату кезінде қолданылады [2].

Мнемокесте балалардың өз бетінше, заттың негізгі қасиеттері мен ерекшеліктерін анықтауға, белгілі бір ақпаратты есте сақтауға көмектеседі, сөздік қорын кеңейтеді, ассоциацияларды елестету арқылы еске сақтау көлемін арттырады.

Мнемокесте бойынша жұмысты бірнеше кезеңге бөленеді.

1-кезең: мнемокестені қарастыру және әр ұяшықта не бейнеленгенін анықтап, айту;

2-кезең: «ақпаратты қайта кодтау» яғни белгіні (символды) бір бейнемен сәйкестендіру;

3-кезең: белгілерге (символдарға) сүйене отырып балалар берілген тақырыпқа әңгіме құрастырады немесе ертегі мазмұнын айтады. Ортанғы топта мұндай тапсырманы ересек адамның көмегімен орындаса, ал

ересек тобының балалары оқу жылдың екінші жарты жылдығында өздігінен оңай орындайды [3].

